

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

---

ӘДІСТЕМЕЛІК  
НҰСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып  
мұғалімдеріне арналған күрал

Өндөлген үшінші басылымы

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2013

УДК 373.(072)  
ББК 74.266.3  
Қ18

*Авторлары:*

Т. Тұрлығұл, Қ. Адамбосынов, Қ. Жүкешев,  
О. Қарабалина, С. Құрманбек, Р. Сәуенова

Қ18      **Қазақстан тарихы: Әдістемелік иұқсау.** Жалпы білім беретін мектептің 9-сынып мұғалімдеріне арналған құрал / Т. Тұрлығұл, Қ. Адамбосынов, Қ. Жүкешев, т.б. — Өнд. З-бас. — Алматы: Мектеп, 2013. — 136 б.

ISBN 978—601—293—902—6

Қ **4306010600—085** 21(2)—13  
404(05)—13

УДК 373.(072)  
ББК 74.266.3

© Тұрлығұл Т., Адамбосынов Қ.,  
Жүкешев Қ., Қарабалина О.,  
Құрманбек С., Сәуенова Р., 2005  
© “Мектеп” баспасы, көркем  
безендірілуі, 2013  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мұліктік құқық-  
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—902—6

## АЛҒЫ СӨЗ

“Қазақстан тарихы” пәнін оқытатын мұғалімдерге арналған бұл әдістемелік қурал екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде пәнді оқытудың жалпы мәселелері қарастырылады, ал екінші бөлімде жекелеген тақырыптарды оқыту жоспары ұсынылған. Сабак жоспары өр автордың өзіндік әдістемелік тәжірибесі ретінде көрініс береді. Олардың арасында соңғы жылдары көп колданылып жүрген оқушылардың өзара белсенділігін арттыруға бағытталған әдістер де бар.

Құралдың мақсаты — жаңа буын оқулығында берілген, бағдарламада көрсетілген ғылым негіздерін оқушылардың терең менгеруіне және сол жұмыстың барысында олардың ойлау, таным қызметін дамыту үшін мұғалімге әдістемелік көмек көрсету. Осыған сәйкес әдістемелік қуралда окулықтағы бірқатар тақырыптар (параграфтар) бойынша сабак жоспары беріліп отыр. Кей тақырыптар бойынша сабактың мақсаты ғана анықталып, басқа міндеттері соған қоса берілген, ал бірқатар көлемді тақырыптарға арналған сабак жоспарында сабак өткізуін үш міндеті — білім беру, тәрбиелеу, дамыту накты көрсетілген.

Тарих пәнін оқыту теориясы мен әдістемесінде сабактың мақсаты мен міндеттін анықтау жөнінде бекітілген қафіда жоқ, яғни бұлардың бәріне ұстаздар шығармашылықпен қараганы дұрыс. Мұндай әрқильтілік сабактың түрпатын, құрылымын анықтауда да, әдіс-тәсілдерді таңдауда да кездеседі. Бір сөзben айтқанда, ұсынылып отырган сабак жоспарының бәрін бірдей мұғалімнің мұлтіксіз орындауы талап етілмейді.

## **9-СЫНЫПТА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазіргі уақытта мектепте тарих пәнін оқытуға күрделі міндеттер жүктеліп отыр. Оның себебі де түсінікті. Еліміздің қоғамдық-саиси, әлеуметтік-экономикалық жағдайында болып жатқан өзгерістерді былай қойғанда, білім беру саласындағы елеулі жаңалықтар, тарих пәнінің білім мазмұны мен оқыту әдістемесіндегі өзгерістер де жеткілікті. Осыны ескере келе, біз алдымен 9-сыныпта “Қазақстан тарихын” оқытудың кейбір әдіснамалық және әдістемелік мәселелеріне тоқталуды жөн көрдік. Алдымен әдіснамадан бастайық. Мектепте тарих пен басқа да қоғамдық-гуманитарлық пәндерді әдіснамалық түрғыда дұрыс оқыту — өзекті мәселелердің бірі.

1990 жылдарға дейін мектепте тарихты оқытуда өрекшел қателіктер мен кемшіліктер орын алды. Өсіреле ғылымдағы еуроорталық пен коммунистік идеологияның партиялық, таптық түрғысы Қазақстан тарихында бүрмаланбаған бірде-бір маңызды мәселе қалдырмады. Оның үстінен тарихты бүрмалаушылар кейінгі жылдары да азайған жоқ.

Біз жастарымызды, алдымен мектеп оқушыларын сырттан үздіксіз болып жатқан рухани экспансиядан қорғауымыз және оларды саяси күреске тәрбиелуеіміз, машиқтандыруымыз керек. Мектеп оқушыларын тарихты түрліше бүрмалаушылардан сактандыруымыз қажет. Қазақ халқын шетелдік рухани экспансиядан корғайтын күш, тірек — мектеп, сонда оқып жатқан жастарымыз. Бұл айтылғандар мектепте қоғамдық-гуманитарлық пәндерді, алдымен тарих пәнін әдіснамалық түрғыда дұрыс оқытуды, осы ғылымның мектеп көлеміндегі әдіснамалық мәселелерін теренірек ашып, жанжақты түсіндіруді қажет етеді.

Жоғарыда айтылған өткеніміздей, тарих ғылымының, оның мектепте оқытылатын бөлімі — тарих пәнінің әдіснамалық мәселеі, оны шешу күрделі ғылыми ізденісті талап етеді. Оны тарихшы-әдіскер де, тарихшы-ғалым да түбебейлі шеше алмайды. Алайда бұл бағытта мектеп мұғалімдері, алдымен тарих пәнінің мұғалімдері нақты көмекке зәру.

Соңғы уақытта ұлттық тарихымыз туралы мәліметтердің халыққа жеткізуде біраз жұмыстар атқарылды. Кейінгі

жылдары “Қазақстан тарихы: зерттеулер, құжаттар”, “Қазақстан тарихы: әдеби хроника”, “Қазақстан этностары” атты сериялы кітаптар, көптөмдүк “Қазақстан” үлттүрк энциклопедиясы жарық көрді. Мұның сыртында Алашорда, Бекей хандығы, жер аудару саясатының зардалтары, қазақ даласындағы көтерілістер сынды тыйым салынып келген тақырыптардағы тарихи деректер жинақтары баспадан шықты. Бұларда қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, тарихи шежірелер мазмұны, әр замандағы қазақтан шыққан қайраткерлердің қызметі, жазба мәдениет қалыптастар кезеңдегі құрескөр ақындар мен ғалымдардың еңбектері баяндалады. “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша жарық-қа шығып жатқан мол материал тарих пәні үшін аса құнды.

Төменде 9-сыныптағы *Қазақстан тарихында кездесетін кейір әдіснамалық мәселелердің қай тұрғыда баяндаган тиімдірек дегенге тоқталайық*.

Бұл курс мазмұны XX ғасырдың бас кезіндегі тарихты да қамтитын болғандықтан, Қазақстанның Ресей қол астында болуы мәселесіне соқпай кету мүмкін емес.

Академик М. Қозыбаевтың қорытындысы бойынша: “Кеңес дәуірінде қазақ халқының Ресейдің құрамына еніү дәріптелді. Оның отаршылдық сипатын дәлелдеген С. Асфендияров, П. Галузо, Е. Бекмаханов, Т. Шонанов сияқты тарихшы-ғалымдар қудаланды. Ал қазақ сахараасындағы егін егу, теміржол салу, кәсіпорындардың өркендеуі, жұмысшы табының пайда болуы, капитализм ықпалының артуы, тап тартысының шиеленісі, марксизм идеясының таралуы, қазақ-орыс мәдени байланысы сияқты мәселелер жанжақты ашылып көрсетілді. Осы талаптарды басшылыққа алғып тарихшылар Қазақстанның Ресейге қосылуының прогрессіл маңызын ғана көрсетуі керек еді. Сөз жоқ, бұл процестер тарихтан орын алды. Бірақ ол тарихи шындықтың бір жағы ғана еді. Ал қазақ сахараасының өлеуметтік мәселелері — ұлтаралық қатынас, елдің рухани ахуалы өз деңгейінде қаралмады. Қазақ халқының құштеп шоқындырылуы; азаматтық құқығының шектелуі; ұлттың рухани басып-жаншуы; қазақ жерін бөлшектеп, ұлт аумағын орыс әкімшілік жүйесіне қосып ыдыратуы; мұсылмандар қозғалысы; ұлт-азаттық қурестің үзілмей келген арқауы — бостандық, тәуелсіздік, ұлт болмысын сактау; өркениетті елдер деңгейінде даму жолында ұлттық кемсітушіліктен,

геноцид саясатынан құтылу сияқты мәселелер отан тарихынан тыс қалды не көмескі айтылды”.

Патша өкіметінің қазақ жерін қалай талауға салғанын, қарапайым қазактардың шұрайлы жерін қалай зорлықпен тартып алғанын Т. Шонанов өзінің “Жер тағдыры — ел тағдыры” еңбегінде жеріне жеткізе жазды. Бұл еңбек 1995 жылы қайта басылды.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс туралы оқытқанда мұғалім төмендегі мәселелерді назарда ұстағаны дұрыс. Бұл қозғалыс — XX ғасыр басындағы қазақ халқының саяси төуелсіздік пен ұлттық мемлекеттігі үшін болған күрес. Ол большевизм ықпалында болған жоқ. Қөп жерде қотеріліске дәулетті, елге сыйлы, беделді, халық сенген адамдар басшылық етті. Қотерілістің қозғаушы күші халық еді. Жетісу, Шу-Талас ошағында патша өкіметі өдейі ұлт араздығын қоздырып, жергілікті халық (қазақ, қыргыз, дүнген, үйғыр) пен көшіп келген орыс шаруалары, казактар арасында қанды шайқастар үйымдастырыды, қазақ жерін от-жалынға орап, қозғалысты аяусыз басып-жанышыды, геноцид саясатын жургізді, қазактардың саны 446 мың адамға кеміді. Алаш зияллылары қолға қару алғып патша өкіметіне қарсы шығуды қолдамады. Олай еткенде халық босқа қырғынға ұшырайды деп білді.

Кейіннен Алаш партиясын құрып, оның бағдарламасын жасаған Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынұлы сияқты қайраткерлердің үстанған бағытының дұрыстығын өмір көрсетті. Олар сонау аумалы-төкпелі заманда дұрыс жолды таңдай білді, олардың жасаған бағдарламасының қоپтеген баптары қазіргі төуелсіз Қазақстан Конституациясының бірқатар баптарына сәйкес келеді.

1920—1930 жылдары Қазақстанның саяси-әлеуметтік дамуында сорақы қателіктерге жол берілді. Оның негізгі себебі 1925—1933 жылдар аралығында республиканың басшылығында болған Ф. Голошекинің И. Сталиннің қолдауына сүйеніп жургізген “Кіші қазан” саясаты болды. Бұл сойқанды саясаттың дұрыстығына күмән келтірген қазақ зияллылары барынша құдаланды. Ресейдің орталығында болған Қазан төңкерісінен қазақ даласы шет қалды деген шовинистік пифылдағы коммунистік партия мен Кеңес мемлекеттің басшыллары қазақ халқының қалыптасқан шаруашылық-әлеуметтік жүйесіне, салт-дәстүріне, яғни түпкі діліне, қан тамырына балта шапты, ұлтты қансыратты.

ХХ ғасыр тарихындағы маңызды мәселенің бірі — *Кеңес өкіметі халықта, соның ішінде Қазақстан халықна не берді?* деген сұраққа тарихи шындық түрғыдан жауап беру. Кеңес мемлекетінің ұлт саясатын қалай бұрмалағанын, осының салдарынан ұлттардың, өсіреле одактас республикалардағы халықтар құқығының қалай бұзылғанын, оның өзі бірқатар республикалардың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөнінен артта қалуға соқтырғанын, басқа да нәубеттер мен қияннатаудың болғанын тарихшы-мұғалімдер біледі. Сонымен қатар В. Ленин құрған коммунистік партия Ресейде кооперативтік социализмнің мүмкіндігін ашты, қауіпті, қатерлі жағдайда мемлекетті басқарудың жетілдірілген түрін тапты (мәселен, Ұлы Отан соғысы, т.б. киын уақытта), экономиканы белгілі мақсатқа жұмылдыра білді, дүниежүзіне қауіп төндірген фашизмді талқандауды ұйымдастырыды, аса маңызды құрылыштарды салуға жұмыс күші мен материалдық-техникалық күшті шоғырландырудың стратегиясы мен тактикасын жасады. Сондай-ақ ұлттарға ішінара саяси бостандық әперді, қазақтың бөлшектеніп кеткен жерін қайтадан біртұтас етіп топтастырыды, оның мемлекеттілігін ішінара болса да қалыптастырыды, бірнеше үрпақты мемлекеттік жүйе мектебінен өткізді, әйелдер тендердің іс жүзіне асырды, гарышты игерудің бастаушысы болды, еңбекшілердің әлеуметтік қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын шешудің тиімді жолдарын тапты. Дүниежүзілік капиталистік жүйе социализм тәжірибесінен көп нәрсе үйреніп, оларды өз мұддесіне лайықтап өмірде қолданды. Мәселен, жұмысшы табының революциялық жігерін эволюциялық даму жолына түсіру үшін әлеуметтік мәселелерді шешудің социалистік әдіс-тәсілдері қазір де қолданылып отыр.

Демек, бұдан шығатын қорытынды, Кеңес мемлекетінің тарихын, оның тұсындағы Қазақстан тарихын оқытқанда болған істердің бәріне тарихи шындық түрғысынан баға беру керек.

Мектептік тарих курсындағы дұрыс әдіснамалық бағаны талап ететін мәселенің бірі — *Кеңес елінің, соның ішінде Қазақстанның 1970—1980 жылдардағы экономикалық даму тарихы*. Егер де статистикалық мәліметтерге жүгінсек, осы кезеңде негізгі өндірістік қорлар 3,1 есе артты, оның ішінде химия және мұнай химиясында 6,5 есе, машина жасауда 4

есе дерлік, отын өнеркәсібінде 3,8 есе өсті. Осы жылдары Қазақ газ өндеу зауыты, Павлодар, Шымкент мұнай өндеу зауыттары, Қарғанды резина-техника зауыты, Екібастұз, Ермак ГРЭС-тері, Қапшагай су электрстансысы, Шымкент, Жамбыл фосфор зауыттары, Жәйрем кен байыту комбинаты сияқты басқа да ірі құрылыштар іске қосылды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жағынан Қазақстан КСРО-да үшінші орын алды. Аса зор аймақтық-өндірістік кешендер қалыптасты. Негізгі ауыл шаруашылығы өндірістік қоры жұмыс істейтін әр адамға шаққанда үш еседен астам өсіп, жер жырту, туқым себу, дәнді дақылдарды жинау толық, ал мал шаруашылығы жұмыстары 75—90% көлемінде техникаландырылды.

Экономика саласындағы осы жетістіктер Қазақстан халқының тұрмысын, өлеуметтік жағдайын едөүр жақсартты. Мәселен, 1971—1989 жылдары өнеркәсіп жұмысшыларының жалақысы екі есеге жуық, ал кеншар (совхоз) қызметкерлерінің, ұжымшаршылардың (колхоз) кепілді еңбекақысы екі еседен артық көбейді. Жиырма жыл ішінде 13 млн-дай адам пәтер алды, үй салды немесе тұрғын үй жағдайын жақсартты.

Экономикадағы мұндай жетістіктердің себебі жаңарған әлемдік технологияны игергендіктен (ол тек өскери өндірістеған қолданылды) немесе ішкі мүмкіндіктерді пайдаланып еңбек өнімділігін арттырудан емес (Кенес үкіметі еңбекші халықтың экономикалық ынталылығын тудыра алмады), керісінше Кенес мемлекетінің әккі отаршылдық саясатының нәтижесі болды.

Кенес үкіметі бұл жылдары Сібірдің, Қазақстанның, Орта Азия республикаларының, Қыыр Шығыстың, дәлірек айтсак, ұлт аймақтарының жер бетіне жақын жатқан табигат байлықтарын өндіруге ерекше көңіл бөлді. Сөйтіп, әлемдік отын-энергетикалық мұқтаждықты дер кезінде тиімді пайдаланды. Орталық аудандар жұмысшыларын ұлттық республикалардағы құрылыштарға вахтальық әдіспен пайдаланғандықтан, олар оте жоғары еңбекақы алды.

Кенес Одағының соңғы жиырма жылында ұлт мәселесі бұрынғыдан да шиеленісе түсті. Өйткені елді милитарландыру, табигат байлығын тағызық әдіспен пайдалану, ұлт аймақтарының байлығын метрополия мүддесіне бағындыру ашық жүргізілді. Қазақтар өз елінде ұлттық азшылыққа

айналды, ана тілі, Отан тарихы тағдыры тығырыққа тірелді, ұлыодержавалық шовинизм оты өрши бастады. Жеріміз экологиялық апатқа үшінрады. Экономикадағы қолдан жасалған шарықтау мен саяси-рухани өмірдегі тоқырау қайшылықтары Кенес Одағының құлауына жеткізген себептердің бірі болды.

1990 жылдардың басынан бергі Қазақстан тарихы мұғалімдерге жақсы таныс. Жаңалықтар да, өзгерістер де, қындықтар да жеткілікті. Оларға әдіснамалық түрғыда баға беріп, қорытынды жасауға ертерек болар.

Қазақстан тарихының мәселелері осы бөлімде біз тоқтаптып өткендермен бітпейді және де біразына қысқаша шолу ретінде тоқталған біздің пікіріміз сол мәселелерді түбегейлі шешіп те тастамайды. Біздің мақсатымыз — 9-сыныпта жирик кездесетін осы мәселелерге үстаздардың назарын аудару, оларды ашып көрсетуге шығармашылықпен қарауға бағыттау.

Бұдан шығатын қорытынды, тарихшы-мұғалім тарих және басқа да қоғамдық пәндерді оқытудың әдіснамалық мәселесін үнемі басты назарда ұстауы тиіс. Осы мәселе бойынша баспасөз бетінде жарық көрген, келешекте де жарияланатын маңызды құжаттарды, тұжырымдамаларды, ғылыми, ғылыми-әдістемелік мақалаларды, т.б. дер кезінде оқып зерттеп, өз білімін үнемі жетілдіріп отырғаны дұрыс. Бір тарихшы-мұғалімнің өзі бір оқу жылында орта есептен 200—300 окушыға дәріс береді. Мұның өзі тарихты оқытуда әдіснамалық қате жіберуге мүлде болмайды деген сөз.

Енді 9-сыныпта “Қазақстан тарихы” жаңа оқулықпен оқытудың кейір әдістемелік мәселелеріне тоқталайық.

1. Мұғалім мектеп окушыларына білім беруде, олардың ойлау қызметін дамытуда, саналы да сапалы тәрбиелеуде басты рөл атқарады. Қазіргі уақыт тарих пәнінен сабак беретін мұғалімдерге өзінің негізгі қызметінен сын көзімен қарап, оны жаңа педагогтік құндылықтарға қарай бағыттау міндеттін қойып отыр. Олар үнемі шығармашылықпен ойлауға дағыланған, қоғамға, халыққа деген жауапкершілік сезімі қалыптасқан, үздіксіз дамитын, өзін-өзі дамытатын, уақыт талабына сай білімі, құзырлы біліктілігі (компетенциялары) жеткілікті, елімізге аса қажет жаңа тұлғаларды мектеп қабыргасында-ақ дайындал шығаруы тиіс.

9-сыныпта “Қазақстан тарихын” қазіргі бағдарламамен оқытатын мұғалімге жүктелетін міндет аз емес. Оқушылар осы курстан негізгі білім алады. Оқушылардың одан әрі жалғасатын бағдарлы мектептің қай бағытын таңдауы да осы салынғышта тарихты қандай дәрежеде оқығанына байланысты.

Курстың мазмұны күрделі. Бір ғасырға жуық үақытта Қазақстан патшалы Ресейдің отары, Кеңестік мемлекеттің тоталитарлық жүйесінің құрбаны болып келіп, 1991 жылдан бері өз билігі өзіндегі тәуелсіз мемлекетке айналды. Осы керекар тарихи үрдістерге байланысты курс мазмұны да шым-шытырық оқығаларға толы. Осының бәрі мұғалімнің өзінің ғылыми да, әдістемелік те білімін үнемі жетілдіріп, толықтырып отыруын қажет етеді. “Қазақстан тарихы” оқулығына қосымша оқу-әдістемелік қуралдар, баспадан шыққан қосымша әдебиеттер бар. Бұл мұғалім үшін үлкен ғылыми көмек. Оларды тиімді пайдалана отырып, күнде-лікті сабакты ғылыми жағынан да, тәрбиелік жағынан да жоғары дәрежеде әрі қызықты, тартымды етіп өткізуге болады. Қосымша әдебиеттерді пайдалану барысында оқушылар үстазына өздері түсіне алмаған сұрақтарын қоюы заңды. Мұғалім бұл жағдайды да ескеруи тиіс.

2. Тарих пәнінің, оның әрбір тақырыбының, сабағының алдына қойылатын басты үш міндет — білімділік, тәрбиелік, дамытушылық қазірде де өзінің маңызын қүштейтпесе әлсіреткен жок. Сабактың дамытушылық міндеті басқа-лармен салыстырғанда қатарға кейінрек қосылғанмен, тәжірибеде оған айрықша көніл бөлінеді. Түптеп келгенде, тұлғаны дамытуда бұл міндет екінші, яғни білімділік міндеттен кейінгі орынды иеленді. Бірақ бұл міндетті сабак сайын жүзеге асыру оте қын екенін тәжірибе көрсетті.

9-сыныпқа арналған “Қазақстан тарихы” жаңа буын оқулығын барынша тиімді пайдаланудың әдістемелік жолдарын ұсынуға арналғандықтан, біздін осы жазып отырған бөлімізде де, одан арғы сабак жоспарында да бұл міндеттерді жүзеге асыруға айрықша көніл бөлінеді. Мәселен, әрбір сабак жоспарының білімділік міндеттінде ә дегенде-ақ бағдарлама мен оқулықтағы сол сабак бойынша берілген ғылым негізі атап көрсетіледі де, бүкіл сабак барысында сол ғылыми мәселені оқушыларға менгертудің әдістемелік

жолдары баяндалады. Сол сабак материалындағы қандай мәселелер тәрбиелік мақсатқа пайдалануға тиімді екені анықталып, одан әрі пайдаланудың әдістемелік жолы айтылады. Ал бұл сыйнаптағы тарихи материалдар тәрбиенің қандай салаларын үйретуге қолайлы екендігіне кейінрек арнағы тоқталамыз. Сол сияқты оқушылардың ойлау қызметін дамытуға осы сабактың қай кезеңдері қолайлы, онда қойылған міндет қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен жүзеге асырылатыны әңгіме болады.

3. Оқушылардың бүтін оқып менгеретін, соның барысында олардың тәрбиелілігі мен ойлау қызметін жетілдіретін міндеттерді ойдағыдай, талапка сай орындауы үшін осы сабакқа лайық оқытудың үйымдастыру формасын дұрыс таңдай білу керек. Тарихты оқытудың дәстүрлі үйымдастыру формалары: сабак, семинар, дәріс, біліктерді қалыптастыру және қолдана білуге үйрету; конференция, кенес беру, экскурсия, т.б. Әрине, мұғалімнің семинар мен дәрісті үйымдастыруына оқушылардың алдын ала дайындығы қажет.

4. Кейінгі уақытта жоғары оку орындарына студенттер қабылдауда тест әдісі қолданыла бастады. Осыған сәйкес кейір мектептердің тарихшы-мұғалімдері оқушылар білімін тексергенде, сондай-ақ оқушылардың тарих пәнінен үйимдастырылған аудандық, қалалық байқау жарыстары мен олимпиадаларында да білім тестілік тәсілмен тексерілуде. Соңдықтан мектеп оқушыларын тестілік жолмен білімін тексеруге дайындау — өмір талабы. Бірақ та тарихшы-мұғалімдер тестіні қолдану үшін оның пайдалы да, қын да жақтарын, сондай-ақ оқушылардың тарихи білімдерін, біліктерін, таным қызметінің даму дәрежесін, тәрбиелілігін анықтауда негізгі емес, қосымша ғана әдіс болатынын ескеруі тиіс.

Тест сұрақтарын дайындаудың, оны өткізуудің ғылыми-әдістемелік жолдарын білмесе, оның қорытындысы бойынша шынайы мәлімет алу қын. Мектептегі тарих пәнінен оқушылар білімін тестілік сұрақтар арқылы тексеру туралы ғылыми-әдістемелік енбектер тапшы. Бірақ та білімді тестілік жолмен тексерудің барлық пәндерге ортақ мәселелерін баяндайтын, сонымен қатар жеке пәндер бойынша тест жүргізу туралы жазылған енбектер барлық. Тарих пәнінен тест бойынша білім тексеру үшін

мұғалімдер алдымен оны өткізу өдістемесінен жақсы хабардар болғаны дұрыс.

Білімді тест сұрақтары бойынша тексерудің артықшылығы: аз уақытта көп оқушының білімі тексеріледі, бүкіл курс бойынша оқушылардың білім деңгейін шамалауға болады, барлық оқушылар баға алады, оқушылар тестілік сұрақтарға жауап беруге жаттығады. Бірақ оның қыын, тіпті келенсіз жақтары да бар. Мәселен, тарих пәнін оқытуға қойылатын басты үш міндеттің: білімділік, тәрбиелік және дамытушылықтың орындалу деңгейін шамалауға болады, дәл анықтап бере алмайды, жүргізу өдістесілін жақсы білмесе, сұрақтарды дәл, дұрыс іріктемесе қателікке ұрындырады, яғни білім тексерудің негізгі шешуші формасы бола алмайды.

Білім қандай формада тексерілсе де: күнделікті, қайталау, корытып қайталау сабактары болсын, ауызаша, жазбаша болсын баға қойылуы керек. Бағаның барынша әділетті болғаны дұрыс.

5. Мектептердегі оқу үдерісін жетілдіру, жанарту бағыттында үлкен өзгерістер жасалуда. Олардың ең бастылары — инновациялық оқыту, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды білім беру барысында кеңінен қолдану. Бұл жаңалықтарды жүзеге асыруда тарихшы-мұғалімдер арасында да жақсы нәтижеге жетушілер бар. Бірақ олардың саны көп емес, оның үстіне бәрі бірдей оқытуудың жаңа педагогикалық технологияларын толькі менгермеген, жаңа педагогикалық технологиялар дегендегі көбіне дәстүрлі оқыту өдістерін жетілдіруден әрі аса алмайды.

Келешекте барлық тарихшы-мұғалімдер жаңа технологияларды кеңінен пайдалануы, өздерінің үстаздық шеберліктерін оқытуудың жоспарланған нәтижесіне жетуuge бағыттауы тиіс. Онсыз оқушыларға тиянақты білім беру де, жастарды қазіргі заман талabyна сай тәрбиелеу де қыын. Бұл жаңалықтарды менгеру үшін мұғалімге біраз енбектенуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге тұра келеді. Алдымен инновациялық оқыту, жаңа педагогикалық технологиялар, ақпараттық-педагогикалық технологиялар, компетенцияларды қалыптастыру деген тақырыптарда жарияланған педагогикалық кітап пен кітапшаларды, журнал мақалаларын оқып зерделегені, өз тәжірибесінде

біртіндеп қолданып көруі, осы жаңалықтар бойынша жұмыс істеп жатқан үстаздар тәжірибесімен танысқаны дұрыс.

Тарихты оқытуда назар аударатын басты ұстанымның бірі — білім мазмұнының ұлттық сипат алуы. Өйткені ұлттық тарих үрпактар сабактастығын да, дәстүр сабактастығын да, қоғамдық ой мен тәуелсіздікке талпыныстағы сабактастықты да қамтиды. Соның бәрі қазақтың бай ауыз әдебиетінде, тарихи шежірелерінде, әр замандағы қайраткерлердің қызметінде, ал жазба мәдениеті қалыптастқан кезеңден бастап ақын, жазушы, ғалымдар енбектерінде кестеленіп өрілген. Осы мол қазына жаңа бағдарламалар мен оқулықтарда лайықты орнын алған.

Тарих пәнінің жаңадан жасалған оқу-әдістемелік кешенінде әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік өзгерістері айрықша. Онда Қазақстан Республикасының “Білім туралы” заңы мен “Жалпы білім беретін мектептердің мемлекеттік білім стандарты” сияқты маңызды құжаттардағы оқыту тұжырымдамасының негізгі идеялары басшылыққа алынған.

Қазіргі жаңа буын оқулықтарын жасауға дайындық жұмысы сол оқулықтарды жазуға негіз болған жаңа бағдарламалардан басталды. Мәселен, тарих пәнінен тәжірибеде сынап көру үшін ұсынылып отырған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер тарихшы-муғалімдер мен білім беру саласы қызметкерлерінің талқысына ұсынылды. Бұл бағдарламаның мектептерде бұрыннан пайдаланылып келген тарих оқулығынан елеулі айырмашылықтары бар.

Ең үлкен өзгеріс мектептің негізгі тоғызжылдық және де бағдарлы орта (10-, 11-сыныптар) мектеп болып бөлінуінен басталды. 9-сыныпты бітірген оқушы барлық пәннен негізгі білім алады. Ал бағдарлы мектептерде олар қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық бағыттағы және басқа да ғылым саласынан терендегілген білім алады. Мектеп құрылымындағы осы өзгеріс пәндердің білім мазмұны, оның көлемі мен құрылымын да едәуір жаңартуға әкелді.

Жаңа бағдарлама бойынша 9-сыныпта “Қазіргі дүниежүзі тарихы” және “Қазақстан тарихы” курстары қатар оқытылады.

Бұл бағдарламалардың қазіргі бағдарламалардан басқа да артықшылықтары мен өзгешеліктері бар. Кейбірін атап айтсақ, түсініктемесінде тарихты оқытуудың мақсат-мін-

деттері, осы бағдарламадағы басқа да тұжырымдамалық өзгерістер, олардың себептері көрсетілген. Бағдарламаның негізгі мазмұндық болімінен кейін дидактикалық-әдістемелік бөлімі бар. Мұнда Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сай оқушылардың білімі мен біліктілік дәрежесіне қойылатын талаптар, сол деңгейлерге лайық білім тексерудің және сұрақтар мен тапсырмалардың үлгілері, сондай-ақ тарихшы-мұғалімдер үшін басқа да бірқатар әдістемелік кеңес берілген.

Пәннің бағдарламадан кейінгі аса маңызды буыны — оқулық. Оның білім беретін ең басты да, негізгі деректер көзі екенін былай қойғанда, өзінен кейінгі бүкіл оқу-әдістемелік кешенінде сандық-сапалық құрамы да, олардың құрылымы да оқулыққа тәуелді.

Әр сабак-параграфтың соңында сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Олардың басым көпшілігінің дамытушылық сипаты бар. Мүмкін болғанынша оларды толық пайдаланған тиімді. Бірақ мұнан тек оқулықтағы сұрақтар мен тапсырмаларды пайдалану керек деген ұғым тумайды. Мұғалім өзі дайындаған сұрақтарын да қажетіне қарай пайдалана алады.

## **САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРИ**

**§ 1-2. XX ГАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.  
ҮЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨРЛЕУІ**

### ***Сабақтың мақсаты.***

Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, демографиялық ахуалдың өзгеруі және жалпытүріктік, мұсылман қозғалыстары, олардың қайраткерлері туралы толық мәліметтер беру арқылы түсіндеру.

**Білімділік:** XX ғасыр басындағы Қазақстанның қоғамдық-сақси ахуалы, патша өкіметінің қоныс аудару саясатының үлт-азаттық қозғалыстың шығуы мен өршүіне тигізген әсері және Қазақстан халықтарының үлттық құрамы түбебейлі өзгеріске үшширауы туралы толық мәліметтер беру арқылы оқушылардың білімділігін арттыру.

**Тәрбиелік:** оқушы санаасындағы Отаншылдық қасиеттерді оята отырып, Қазақстанның XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-сақси дамуының кезеңдерімен, тарихи өзгерістермен және демографиялық ахуалдың мәні қалай өзгергені туралы баса назар аудару.

**Көрнекі құралдар:** Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы карта, демографиялық өзгерістер туралы кесте-сызба және үлт зиялыштары мен алғашқы мұсылман үйымдары мүшшелерінің портреттерін слайд арқылы көрсету.

**Сабақтың өдісі:** баяндау — лекция түрінде; интерактивті тақтаны пайдаланып, слайд арқылы кестелерді түсіндеріп жазғызу және пәнаралық байланыс өдісін қолдану.

**Жаңа сабақты мына жоспарлар арқылы баяндаап түсіндеру:**

- а) XX ғасырдың басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
- ә) демографиялық ахуал;
- б) Бірінші орыс революциясы;
- в) Мемлекеттік Думаның депутаттары және олардың қызметі;
- г) алғашқы мұсылман үйымдары және оның Қазақстанның бөлімшелері;
- д) Бірінші дүниежүзілік соғыстың тауқыметі.

**Сабақтың барысы.** Мұғалім сабақты 2 бөлікке бөліп жүргізеді.

1-бөліктеге интерактивті тақтаны пайдалана отырып, слайдтарды көрсете жаңа материалдарды ауызша толық дәлелдеп түсіндереді.

2-бөлігінде оқушылардың жаңа материалдарды игергені туралы өзіндік жұмыстар жүргізіледі.

**Жаңа сабакты түсіндіруде мұғалімнің ұстанатын басты қағидалары:** оқушының логикалық ойлау қабілетін үнемі дамыта отырып, олардың білімділік-дамытушылық, біліктілік ерекшеліктері мен тәрбиелік қасиеттерін жүйелі түрде қалыптастыру. Жаңа материалды түсіндіру барысында төмендегі кесте-сызбаларды пайдалану және оқушыларға жазғызу.

1-кесте

Орыс шаруаларының далалы облыстарға коныс аударуы →	1895—1905 жж.	294296 адам
	1906—1910 жж.	77000 адам
Санақ бойынша орыстар санының осуі →	1897 ж. 20%-га есken	1917 ж. 42%-га есken

2-кесте

Мемлекеттік Дума мүшелеріне сайланғандар: →	1905 жылы, 6 тамыз Манифест	Ә.Бекіханов А.Қалменов А.Бірімжанов
Мемлекеттік Думага катысушылар: →	1907 жылы, акпан	Б.Қаратаев, М.Тынышбаев, Б.Құлманов, Т.Нүрекенов

3-кесте

Алғашқы мұсылмандар: →	1905 ж. “Иттифак-әл-Мусслимин қоғамы”, яғни “Мұсылмандардың қоғамы”. 1905—1906 жж. “Мұсылмандардың қоғамы”
------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------

#### IV. Үйге тапсырма: § 1-2.

- а) Мұстафа Шоқай туралы шығарма дайындау;
- ә) Бірінші дүниежүзілік соғыс туралы мәлімет.

#### § 3-4. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

##### *Сабактың маңызы.*

**Білімділік:** оқушылардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарихи мәнін түсінуіне көмектесу. Әбден

титығына жеткен, елдігінен айырылуға аз-ақ қалған, баар жер, басар тауы жоқ күн туған соң амалсыздан алысуга бел байлаған халық тарихта жиі кездесе бермейді. Сондықтан бұл оқиға бірегей ерліктің ерекшелеудің көрінісі екендігін оқушыларға жете түсіндіру керек. Көтерілістің халықтық мәнін ашу.

**Тәрбиелік:** оқушыларды ерлікке, елін, жерін, туған Отанын суюге тәрбиелеу.

**Дағдылар.** *Көрнекі құралдар және пайдаланылатын қосымша құралдар*: сызба, кесте, қосымша газет материалы, карта. “Амангелді сарбаздары” деген диафильмнен көрініс. Қосымша әдебиеттер: С. Асфендияровтың “1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс”; Жамбыл Жабаевтың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа арналған “Зілді бүйрек” өлеңі; Иса Дәүкебаевтың “Бекболат батыр” поэмасы; Мұхтар Өуезовтың “Қылыш заман” хикаяты; Сәбит Мұқановтың “Өмір мектебі” өмірбаяндық романы; Н. Байғаниннің “Амангелді туралы жыры”. Суреттер: К. Титановтың “Амангелді сарбаздары”; Ә. Қастеевтің “Амангелді” полотнолары. Буклеттер, естеліктер, саяхат карталары, синхронды кесте; оқушылардың рефераттары.

**Сабактың типі:** аралас сабак.

**Сабактың әдістері:** а) мазмұндау, талдау, жазба жұмыстары, оқушылар реферат жазып әкеліп қоргайды; ә) көптеген тарихи фактілер дәптерге түседі; б) қойылым қою; в) қорытындылау, бекіту.

**Базалық білім:** Сырым Датұлы бастаған Кіші жуз қазактарының патшашыларына қарсы қүресі; Жанқожа батыр бастаған көтеріліс, Исадай, Махамбет бастаған 1836—1838 жылдардағы көтеріліс; Есет батыр, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі осы сабакты түсін-діруге қажетті базалық білім болып табылады.

**Сабактың барысы.** 1) Оқушылармен сұрақ-жауап формасында әңгімелесу. 2) Сахналық қойылым қою.

### **Cұрақтар**

1. “Қазақ” газетінде Әлихан Бекейхановтың қандай мақаласы жарыққа шықты, онда не айтылды?
2. Түркістан генерал-губернаторы көтеріліс кезінде өлкө қазактарына қандай қысым жасады?

3. 1907—1912 жылдарда Қазақстанға қоныс аударып келген қоныстанушылар көтеріліске қандай көзқараста болды?
4. Жетісуга, Торғайда көтеріліспілер қандай күшке айналды?
5. Көтерілістің женілу себептері қандай?

Толық жауап алғаннан кейін мұғалім бір оқушыдан Жамбылдың “Зілді бүйрық” өлеңі қандай тақырыпқа арналып жазылғанын сұрайды.

#### 1-оқушы:

“Пристав келіп қалды бала сұрап,  
Ел жатыр бермейміз деп койдай шулап.  
...“Қырса да, баламызды бермейміз”, — деп  
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап”.

Осыдан кейін шағын қойылым көрсетіледі.

Сахнаға бірнеше ақсақал шығады. Құрманғазының “Сарыарқа” күйі баяу естіліп тұрады. Жүргізуши Иса Дәүкебаевтың “Бекболат” поэмасынан үзінді оқиды:

“16-шы жылында,  
26-шы маусымда,  
Даланы қара түн басты,  
Найзагай ойнап, от шашты.  
Жарлығы шығып патшаның  
Ел сандалды, ер састы.  
Ежелгі кек оянып,  
Көтеріліп жүрт дуласты”.

2-оқушы: “Әуелі жеке-жеке ауылдардан басталып, бұл көтеріліс көп үзамай Қазақстанды түгелге жуық қамтыды. Оған ауыл кедейлері, шаруалар да, қолөнершілер де, өндіріс орнындағылар да қатысты”.

Жүргізуши: “Ақсақал, сізді осы көтеріліске қатысты, соны өз көзімен көрді дейді. Сол туралы қысқаша айтып берсөніз”.

Сол оқиғаға қатыскандардың бірінің туысы рөліндегі оқушы:

— Жарайды, қарағым, айтсам айттайын.

...Бұл 1916 жыл. 13 болыстың азаматтары Торғайға жиналды. Мен де келдім. Күн көтерілді. Сәске болды.

3-оқушы: (Патшаның генерал-губернаторы, қасында бір топ жазалаушы отряды бар. Жиналған топтың алдына шығып):

— Ақ патшаның әмірін естіген боларсындар. Бүйрықты еki етпендер. Жаразулы аттарынды, арбаларынды, адамдарынды даярландар! — деп зілденеді.

*Жүргізуши:* “Көпке дейін ешкім тіс жарып ештеңе де-  
мейді”.

*Амангелді Иманов рөліндегі оқушы:* “Патша жарлығын  
орындаマイмыз! — деді. — Халық шешімі — осы, майдандағы  
қара жұмысқа адам бермейміз (көтерінкі дауыспен)!”

*Жүргізуши:* “Осы жыыннан кейін-ақ ел жігіттері патша  
өкіметіне қарсы күресуге бел байлады. Бірнеше мың сар-  
баздар “Құмкешу” деген жерге жиналды. Олар бірауыздан  
Амангелдіні қолбасшымыз деп таныды. Топ-топқа бөлініп,  
патша әскерімен болатын алдағы айқасқа әзірленді”.

*4-оқушы:* “Алдымен ұсталар іріктелді. Көрік басып, болат  
темірді балқытушылардың қатары қебейді. Құні-тұні  
айбалта, қылыш пен мылтық соғып жатырмыз. Ішімізде  
зауыттан келіп қосылған жігіттер де бар. Олар ұсталық  
іске шебер.

Амангелді біздін арамызға жиі келеді. Қазандағы суға  
салынған қылыштарды алып, жүзін көреді.

Бір күні Қостанайдан жазалаушы отряд шықты. Сарбаз-  
дар үш топқа бөлініп, жазалаушыларды жасырын қарсы  
алды. Айқас басталды. Айбалтамен қаруланған бір топ қыр  
қазактары алды-артына қарамай тұра шапты, талайы оққа  
ұшты. Сол-ақ екен сарбаздардың сағы сынып, бойларын  
үрей биледі”.

Осы сәтте арғымағын ойнектатып Амангелді шықты.

*Амангелді рөліндегі оқушы:* “Жігіттер, жолбарыстай  
жүректерің, арыстандай айбаттарың қайда? Қойындар атты  
тұс-тұстан!”

Қарулы жау мұндай ерлікті күтпеген екен, қорқып, сас-  
қандарынан қаруларын тастан тұра қашты.

*5-оқушы:* “Көтеріліс барысында Амангелді Иманов тама-  
ша қолбасшы, аса қабілетті үйімдастырушы екенін көрсет-  
ті. Зенбірек, пулеметпен қаруланған патша әскеріне қарсы  
қылышпен, сойылмен қаруланған сарбаздар ерлікпен шай-  
қасты. Амангелді ұрысты түрлі тәсілдермен үйімдастыры-  
ды. Патша әскері жүретін жолдың тұс-тұсынан мергендер  
ат қойып, жазалаушы отрядтың офишері мен жолбасшыла-  
рын атып түсіріп, оларды басшысыз қалдырды. Енді бірде  
жазалаушы отрядтың үстінен жан-жақтан жылқыларды  
қуып әкеліп, дүшпанның астан-кестенін шығарды. Оларды  
шанға тұншықтырып, сарбаздар бірнеше рет женіске жетті”.

*Жүргізуіші:* “Патшаның жазалаушы отряды көтеріліске қатысқандарды, өсірсе көтерілістің басшыларын қатаң жазалады. Оларды қолға түскен жерде атып кетті, дарға асты, бірақ көтеріліс басшылары дүшпанға бас имеді. Өздерін нағыз ерлерше ұстады”.

Жетісү облысындағы көтеріліс басшыларының бірі Бекболат Өшекеев қолға түседі.

### *Бекболат рөліндегі оқушы:*

“Үшінші сөзге салдың осыменен,  
Олтіргелі жатырың шошып менен.  
Сен итке қысқа жауап қылмадым ба,  
Қайта-қайта сұрайсың несін менен?  
Мен бұрынғы сөзімнен қайта алмаймын,  
Жаннан қорқып, басымды тарта алмаймын...”

*Жүргізуіші:* “Жазалаушы әскер көтеріліс болған барлық жерде де бейбіт халықты қырғынға ұшыратты. Жазалаудан қорыққан мындаған отбасы туып-өскен жерін тастап, шетелдерге көшіп кетуге мәжбүр болды”.

Қойылым аяқталған соң оқушыларға картамен жұмыс тапсырылады. Енді мәтінмен жұмыс жүргізіліп, “Көп нүктенің орнын толтыр!” деген тапсырма беріледі.

Мысалы, 1916 жылғы шілдедегі жағдай туралы мәліметтер мынадай: 8 шілде: Орал ... ; 12 шілде: Қостанай уезінің ... өлтірілді. Отбасылар бойынша жасаған тізіммен қолға түсірілген кеңесспі ..., 14 шілде: Зайсан уезі қазақтарының Қытайға жаппай көшпүй көбейіп, ... мұнша адам өлтірілді.

Көтерілісті басу үшін патша өкіметінің генерал-губернаторлары Куропаткин мен Фольбаум қандай шаралар қолданды?

### **Төмендегі мәліметтер бойынша сызба сызындар.**

1. *Көтеріліс ең күшті болған аймақтарды қоңырмен бояңдар.*

2. *Қобалжу болған жерді басқа тұспен бояп көрсетіңдер.*

3. *Қозғалыс басшылары кімдер болды?*

Сардар Амангелдінің серігі, атақты мерген Кейкі батыр жасағының ержүрек жігіттерінің шабуылдары жазалаушылардың зәресін ұшырды. Амангелді сарбаздарының Татыр, Шошқалы қопа, Догал-Үрпек, Қуйікқопа түбіндегі ерлік істері жөнінде реферат жазуды тапсыруға болады.

Патша өкіметі көтерілісшілерден аяусыз кек алды. Патша отрядының халықты жазалауда қандай тәсілдер пайдаланғанын оқып шығып, жоспар жасап, мәтінге тақырып қою жұмысы тапсырылады.

Мұғалім бұрын тарихта айтылмай келген “Албандар көтерілісі” туралы не білесің? Осы көтеріліс туралы М.Әуезов қандай шығарма жазды? деген сұраққа оқушылардан толық жауап алады.

Бекіту кезінде оқушылар сценарийін Ф.Мұсірепов пен Б.Майлин жазған “Амангелді” кинофильмінен алған әсерлерін сөз етеді.

#### 6-оқушы:

“Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек,  
Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп.  
Ер өлсе де ерлігін ел өлтірмес,  
Неше мың жыл өтсе де тарих білмек”, —

деп ержүрек батырлардың есімдері ұмытылмайтындығын айтЫП, сабакты қорытындылайды.

**Қорытынды:** 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы женіліске ұшыраса да, оның аса зор тарихи маңызы болды. Халықтың мұнын мұнданап, жоғын жоқтаған, елін, жерін сүйген Амангелді, Бекболат тәрізді қаһарман, ержүрек батырларды шығарды. Қазақ халқының кім екенін дүниежүзіне таныта білді. Халқын сүйген қас батырлардан үлгі алған Бауыржан, Төлеген, Рақымжан, қазақтың қос жүлдізы Мәншүк, Өлия, т.б. батырлар шықты.

1986 жылғы желтоқсанда Қайраттың:

Қазақ деген затым бар,  
Қайрат деген атым бар.  
Жиырма бірде жасым бар,  
Күндан таза басым бар.  
Бозторғайдай жаным бар,  
Қасқалдақтай қаным бар.  
“Ерек токты құрбандық”,  
Атам десең атындар! —

деп өлімді қасқая қарап қарсы алуы осыған дәлел емес пе?

**Үйге:** § 3-4. Көтеріліс басшылары туралы шығарма жазу.

## § 5. БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

### ***Сабактың мақсаты:***

— XX ғасырдың басында қоғамдық-саяси қатынастардың дамуында үлкен өзгерістер туғызған саяси оқиғалар ахудалын түсіндіру;

— оқушы санаасындағы отаншылдық қасиеттерді оята отырып, Қазақстанның XX ғасыр басындағы қоғамдық өмірдегі орнын көрсету;

— оқушыларды қоғамдық-саяси өмір дамуының кезеңдерімен, тарихи өзгерістердің қоғамдық қатынастардың дамуына тигізер өсерімен таныстыру.

*Tіrek ұғымдар:* Ресейдегі буржуазиялық Ақпан революциясының женісі және оның Қазақстанға өсері. Үлт зиялышарының саяси белсенділігінің артуы және Уақытша үкімет.

*Көрнекі құралдар:* Уақытша үкімет тұсындағы Қазақстан картасы, үлт зиялышарының портреттері, Уақытша үкімет тұсындағы партиялар мен олардың бағдарламасы, ана-граммалар.

*Сабактың типі:* “ойтартқі” сабак.

*Сабактың өдісі:* баяндау — лекция түрінде.

Интерактивті тақта арқылы № 1, 2, 3-кесте-сызбаларды слайд арқылы түсіндіріп жазғызу.

*Сабактың барысы.* Мұғалім сабакты үш бөлікке бөліп жүргізеді. 1-бөліктे оқушыны сабакқа жұмылдыру үшін жалпыбазалық ұғымға тоқталып, түрлі сұрақтар қоя отырып, оқушы белсенділігін арттырады. Сабактың 2-бөлігінде негізгі тақырыпты түрлі сызбалар мен көрнекі құралдар арқылы игере отырып, оқушы қабілетінің үнемі дамуын, жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сабактың 3-бөлігінде оқушылардың өзіндік жұмыс істеуіне мүмкіндік жасау керек (сызба, анаграмма). Сабак қорытындысы мұғалім мен оқушының жаңа сабакқа талдау жасауымен аяқталады.

1-бөлік (10 мин). Оқушының логикалық ойлау қабілетін ояту, олардың жаңа сабакқа бейімделуін мұғалім базалық ұғым негізінде қалыптастырып, негізгі тақырыпқа дейін жүйелі дамытып отырады. Базалық ұғым негізінде 1916

жылғы ұлт-азаттық қозғалыс қамтылады. Бұл кезең де екі бөлікке бөлінеді: 4-кестені толтыру және сұрапқа жауап беру. Екі өдіс қатар жүргізілуі арқылы бірнеше оқушы бірін-бірі толықтыра отырып, белсенді жұмыс істейді.

*4-кесте*

#### **1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс**

Ұлт-азаттық қозғалыстың ошактары	Революциялық үйымдардың белсенділігі	Ұлт зиялышарының көзкаратары	Ұлт-азаттық қозғалыстың маңызы

#### *Сұрапқтар*

1. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың басталу себептері мен барысы туралы не білесіндер?
2. 1916 жылы қазақ халқының саяси белсенділігінің күрт артуының себептері қандай?
3. Үкіметтің Қазақстанда жүргізген жазалау шаралары қандай болды?
4. Ұлт зиялышарының азаттық қозғалыс тұсында ұстанған бағыты қандай болды?
5. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихи маңызы неде?

**2-бөлік (20 мин).** Жаңа сабакты игеруде мұғалім оқушылардың қабілетін дамыта отырып, олардың білімділігі мен біліктілік ерекшеліктерінің жүйелі түрде қалыптасуын басты назарда ұстасу қажет.

Жаңа тақырыпты түсіндіруде мұғалімнің ұстанатын басты қағидалары оқушының логикалық ойлау қабілетін үнемі дамыта отырып, олардың білімділік, дамытушылық, тәрбиелік қасиеттерін қалыптастыруын қамтамасыз етуі керек.

1. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бекейханов, М.Дулатұлының қазақ халқына жолдауы. Ұлт зиялышарының ұлт-азаттық қозғалыс тұсындағы іс-әрекеті.

2. Ресейдегі буржуазиялық Ақпан революциясы. Қоғамдық-саяси өмірдегі ауқымды өзгерістер.

3. Ақпан революциясы түсіндағы Қазақстан. Уақытша үкімет органдарының орнауы. Қазақ халқының Ақпан революциясына көзқарасы.

4. Үлт зиялышлары белсенділігінің артуы. Үлттық автоно мия идеясы. Қазақ облыстық және жалпықазақ съездері қараған мәселелер мен оның шешімдері.

5. Қазақстандағы көппартиялыш жүйе. Олардың саяси белсенділігі.

Мұғалім осы мәселелерді жүйелі қарастыра отырып, оқушылардың тақырыпты менгерудегі жалпы міндеттерін түсіндіреді. Осы тұста 5 мәселені оқушылардың тікелей араласуымен 5-кестені толтыру арқылы қайта қарап, бүкіл тақырыпқа тиянақты шолу жасайды.

5-кесте

#### Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар

Саяси партиялар мен үйімдар	Ақпан революциясы түсінде ұстанған бағыттары мен идеялары	Бағдарламалары мен жиылдық съездері	Төрағалары мен мүшелері
Алашорда			
Большевиктер			
Эсерлер			
Кадеттер			
Мұсылман фракциялары			

Сабактың 2-бөлігінде оқушылардың жаңа тақырыпты менгеру барысында жинақтаған білімін есте сақтап, тиянақтауы үшін өзіндік жұмыс істеуіне жағдай туғызу керек. Бұл әдіс оқушының тапқырлық, тиянақтылық, шешім-қабылдаушылық қасиеттерінің дамуына ықпал етеді. Оқушының өзіндік жұмыс істеуі оның белсенділігі мен дамытушылық қабілетін үштай түседі. Бұл жерде мұғалім тек бақылаушы ретінде қатысады. Оқушылар кестені түсіндіру арқылы тарихи кезеңді дамытады және анаграмманы шешу арқылы белгілі оқиға кезеңдері мен қайраткерлер есімін есте сақтап қалады.



**Көректи сөздер:** Ресейдегі; артуы; қазак; Уақытша; Қазақстанда; Ақпан; облыстық; қазак; Қазақстандағы.

## АНАГРАММА

	1.	K				
	2.	A				
3.			3			
	4.	A				
	5.		K			
6.			C			
	7.		T			
	8.	A				
	9.		H			

1. Үлкен өзгерістер әкелген ай.
2. Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшісі.

3. С. Сейфуллин жетекшілік еткен үйым.
4. Ә. Бекейханов мұше болған партия.
5. “Қазақ жастарының революцияшыл одағы” үйымының жетекшісі.
6. Уақытша үкіметтің төрағасы.
7. Қазақ зиялдысы, 1916 жылғы Жолдаудың авторларының бірі.
8. Ұлттық-демократиялық партия.
9. Жалпықазақ съезі болған қала.

**Кілт:** Ақпан; Иманов; Жас қазак; Кадет; Рыскұлов; Керенский; Байтұрсынұлы; Алаш; Орынбор.

Оқушылардың өзіндік жұмыс істеу кезеңімен сабактың негізгі бөлімі аяқталады. Дұрыс басталып, жүйелі дамыған сабактың сөтті қорытындылануы мұғалімнің оқушылардың білімділік сапасы мен біліктілігін сыйнап ішінде қалыптасырып, дұрыс нәтиже алудың байланысты. Оқушының сыйнаптан тыс эмоциялық көңіл күйін ескере отырып, мұғалім оқушылармен бірлесіп жаңа тақырыпты сыйнап ішінде қорытындылауы керек.

#### ***Қорытынды сұрақтар***

1. Ресейдегі саяси қозғалыстар өрлеуінің себебін қалай түсіндіресіндер?
2. Ақпан революциясы түсындағы қазақ зиялдыларының саяси белсенділігі артуының түпкі себептерін неден көреміз?
3. Жалпықазақ съезінің қараптары мен шешімдерінің тарихи маңызы неде?

**Үйге: § 5.**

### **§ 6. ҚАЗАҚСТАН 1917 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІ ҚАРСАҢЫНДА**

#### ***Сабактың мақсаты:***

— Қазан төңкерісі қарсаңындағы Қазақстандағы қоғамдық ахуал, Уақытша үкімет беделінің төмендеуі және ұлттық мемлекет құру идеясының жандануы туралы ту-сіндіру;

— саяси шиеленістер кезеңіндегі Қазақстанның жағдайы, ұлт зиялдыларының іс-әрекеттері мен оның нәтижелерін көрсету;

— ұлттық бірлік, ұлттық тұтастық хақындағы оқушының отаншылдық сезімін ояту.

**Базалық білім:** Ақпан революциясы түсындағы Қазақстандағы саяси жағдай, саяси партиялар мен ағымдардың іс-әрекеті және ұлт зиялдыларының белсенді іс-әрекеттері туралы мәліметтер.

*Tірек ұғымдар:* Қазан төңкөрісі түсындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, саяси қозғалыстардың өрши түсіі және Алашорда үкіметінің құрылуды мен маңызы.

*Көрнекі және дидактикалық құралдар:* 1916—1918 жылдардағы Қазақстан картасы; ұлт зиялышарының портреттері; “Алаш” партиясының Жарғысы мен бағдарламасы; сыйзбалар мен кестелер; тест сұрақтары.

*Сабактың типі:* аралас сабак.

*Сабактың әдісі:* баяндау, дидактикалық материалдармен жұмыс істеу, өзіндік жұмыс істеу, рөлдік ойын әдісі.

*Сабактың нәтижесі:* сабак барысында оқушы отандық тарих беттерінің бірі — Қазан төңкөрісі түсындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайымен танысады, саяси-қоғамдық өмірдегі ұлт зиялышарының іс-әрекеттерін біледі; “Алаш” партиясының саяси қызметін біліп, ұлт қайраткерлерінің ұлттық тұтастық идеяларымен танысып, оның маңызы мен қөкейкесті мәселелерін үғынады.

Сабакты оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің қалыптасуына негіз боларлықтай етіп бастаған дұрыс. Бұл үшін мұғалім өткен сабакқа жүйелі сұлба арқылы шолу жасап өтеді. Сызбаны оқушылар мұғалімнің көмегімен түсіндіреді.

Мұғалім өткен сабакты қыскаша шолып, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыратын “Қазақстан халқының Ұақытша үкіметке көзкарасы қандай болды?” деген сұрақ қояды. Оқушының ойына осы түсінікті жеткізу арқылы оның дамытушылық қабілетін қалыптастырады. Мұғалімнің оқушылыға ұсынатын негізгі міндеттері мынадай:

— Ұақытша үкімет түсындағы Қазақстан халқының экономикалық жағдайы;

— әлеуметтік тартыстардың күшесі;

— жұмысшы және солдат Кенестері беделінің өсуі.

Мұғалім осы міндеттерді түсіндіру арқылы оқушылардың аталған кезең жөніндегі түрлі ой қорытындыларын жинақтап айтудына жағдай туғызады. Мұғалім жаңа тақырыпты менгеру барысында оқушының ынтасын тексеру үшін олардың ойына түрткі болар төмендегідей сұрақтар қойып, оқушының білімін пысықтаудына болады:

1. Елдің экономикалық ахуалы неліктен нашарлап кетті?

2. Әлеуметтік қатынастар неліктен шиеленісіп кетті?

3. Уакытша үкімет неліктен халық сенімінен айырылып қалды?
4. Большевиктер халық алдындағы өзінің беделін қалай көтерді және олардың идеясы қандай болды?

Қоғамдық-саяси күрестің өрлеуімен танысып отырған оқушы ойлау қабілетінің даму барысында осы кезеңді толықтыратын жаңа мәліметтер туралы түсінік іздеуін қамтамасыз ету керек. Жаңа түсінік оқушы санасына сол кезеңдегі қазақ халқының екі жақты саяси бағытының нәтижелері арқылы жетуі керек.

- Түркістан халқының саяси белсенділігінің артуы;
- Тұтас Түркістан идеясы және Түркістан автономиясының құрылуы.

Мұғалім оқушылардың логикалық ойлау қабілетін да-мыта отырып, Түркістан халқының саяси белсенділігінің артуына себеп болған үлттық дербестік идеяларымен жақын таныса отырып, М. Шоқай, М. Тынышбаев, Т. Рысқұлов және т.б. үлт қайраткерлерінің қызметімен таныстырады.

- М. Шоқайдың Тұтас Түркістан идеясы;
- Т. Рысқұловтың Түркістан Республикасы идеясы.

Оқушының сабак барысындағы алған білімінің жинақталуы Қазақстандағы үлттық дербестік идеясының шынайы көрінісі — Алашорда үкіметінің құрылуы. Осы тұста мұғалім қосымша материалды, атап айтқанда, “Алаш” партиясының Жарғысы мен бағдарламасын сөтті пайдалана отырып, Алашорда үкіметінің жүргізген саясатымен, үлт автономиясы идеясымен таныстырады.

Осы түрғыдағы мұғалім түсіндіретін міндеттер:

- Алашорда үкіметінің құрылуы және оның маңызы;
- Алаш қайраткерлерінің саяси белсенділігі;
- Үлттық мемлекет идеясы;
- Алаш және Кеңес үкіметінің тайталасы;
- Алаш қайраткерлері мен Кеңес үкіметі арасындағы келіссөздер;
- Алашорда үкіметінің таратылуы және оның (Алашорданың) тарихи маңызы.

Сабак барысында оқушылардың алған білімін тексеру мақсатында олардың ой қорытындысы мен тұжырымдарын, біліктіліктерін байқататын әдіс — сұрақ-жауап кестесімен жұмыс істейді.

Оқушының ойын дамытуға негіз ретінде олардың өзіндік жұмыс істеуі мен өз білімдеріне бақылау жасауына мүм-

кіндік туғызу керек. Бұл үшін оқушыларға тестілік тапсырма мен рөлдік ойын ұсынылады.

Рөлдік ойын оқушылардың жылдам ойлау және тапқырлық қасиеттерін жетілдіреді. Ойын кесте түрінде ұсынылады.

*Kесте-сыйза*

	Не? Неге?	Қайда? Қалай?	Қашан?	Кімдер?
Уақытша үкімет беделінің төмендеуі				
Қоқан автономиясының құрылуы				
Алашорда үкіметінің саясаты				
Алаш және кенестер тайталастығы				

Оқушыға өз білімінің сапасын өзі тексеруі үшін тестілік тапсырма ұсынылады.

1. Ресейдегі Уақытша үкімет төрағасы:
  - Ленин;
  - Сталин;
  - Керенский;
  - II Николай.
2. М. Шоқай қай мемлекеттің премьер-министрі болды?
  - Алашорда үкіметінің;
  - Хиуа мемлекетінің;
  - Қоқан Республикасының;
  - Түркістан автономиясының.
3. Қазак автономиясы идеясын қай партия ұсынды?
  - “Алаш” ұлттық-демократиялық партиясы;
  - социал-демократтар;
  - большевиктер партиясы;
  - кадеттер.
4. Алашорда үкіметі қай съезде жарияланды?
  - I Жалпықазақ съезі;
  - II Жалпықазақ съезі;
  - Бұқілтуркістандық IV Төтенше съезі;
  - Бұқілресейлік мұсылмандар құрылтайы.

**Үйге:** § 6. Алашорда үкіметінің саясаты туралы хабарлама жасау.

## **§ 7-8. РЕВОЛЮЦИЯ КЕЗІНДЕ ЖӘНЕ КЕҢЕС БИЛГІНІЦ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР**

### ***Сабақтың мақсаты:***

— “Алаш” партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуды және оның саяси қайраткерлерінің қызметі, Қазақстанның саяси тарихынан ерекше орын алуы туралы түсіндіру;

— оқушыларды ұлттын, халқын, Отанын суюге, еліне, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

### ***Сабақтың типі:* аралас сабак.**

***Сабақтың өдісі:*** баяндау — лекциялар арқылы; қосымша дидактикалық, әдеби материалдармен жұмыс жасату, жүргізу.

### ***Жаңа сабақтың жоспары:***

а) “Алаш” партиясының құрылуды және оның саяси қызметі;

ә) “Үш жұз” партиясы және оның саяси қызметі;

б) “Айқап” журналы мен “Қазақ” газеті;

в) Алашорда үкіметінің құрылуды, оның тарихи маңызы.

***Мұғалім сөздері:*** “Алаш” партиясы 1905 жылы желтоқсанда Оралда бес облыстың өкілдері бас қосқан съезде құрылды.

Ол алғаш “Қазақ Конституциялық-демократиялық партиясы”, кейіннен “Алаш” партиясы деп аталды.

Алашордашылар мыналарды басшылыққа алды:

а) заңды түрде Қазақстанның жерін қазақтікі деп жариялау; ә) демографиялық ахуалды ретке келтіру; б) қазақ балалары үшін мектеп, медресе, университеттер ашу; в) Ресейден қазақ өлкесіне қоныс аударуды шектеу.

“Алаш” саяси партия ретінде толыққанды 1917 ж. шілде айында үйімдесті. Оның I съезі Орынборда өтті. Партияның бағдарламасы “Қазақ” газетінде жарияланды. 1917 жылдың қараша-желтоқсан айында II съезде Ө.Бекейханов басқарған “Алашорда” үкіметі құрылды. “Алаш” партиясы Қазақстанның автономиялық мемлекетін жариялады”.

***Оқушыларға сөз беріледі.*** Олар қазақ зиялыштарының өмірі мен қызметі туралы баяндайды. Осыдан соң “Алаш” партиясы және оның жетекшілері Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысында прогрессіл рөл атқарды, бұқара халықтың санасына шындықтың, ұлт егемендігі үшін

күрестің перспективаларын ұялатып, артына өшпес тарихи із қалдырды деп қорытындылайды.

#### *Мұғалімнің сөзі:*

“Үш жұз” партиясы 1917 ж. Омбыда съезде бекітілді.

1) “Үш жұз” партиясы қазақ социалистік партиясы еди. Партияның Орталық Комитеті бекітілді, оның төрағасы болып М. Айтгенов, құрамында К. Тоғысов, І. Кабенов, т.б. сайланды. 1917 ж. желтоқсан айынан “Үш жұз” газеті Петропавлда шыға бастады.

2) “Үш жұз” партиясының бағдарлама талаптары төмендегідей: қазақ шаруаларына жер беру, отырықшылыққа көшу, білім беру, мектептер ашу, құран-шариғат заңдарын басшылыққа алу, соғысты дереу тоқтату, т.б. Сонымен қатар “Үш жұз” партиясы “Алаш” партиясына қарсы шықты. Қазақстанның автономиялық мемлекет құруын қатты сынға алғып, оның орнына Түркістан Федерациялық мемлекетін құрып, Ресейдің құрамында болуды ұсынды. Осылайша “Үш жұз” партиясы солға бүрылыш жасады. Осы 2 партия арасында ақпараттық соғыс басталды. Бірақ кейіннен “Үш жұз” партиясының жетекшілері — К. Тоғысов, т.б. тұтқынға алынды, жойылды, айдалды. Ол партияның таралуына әкеліп соқтырды.

Оқушыларға бекіту сұрақтары қойылады.

1917 жылы желтоқсанда Орынборда Жалпықазақ съезі болды. Съезде Түркістан автономиясының басшысы М.Шоқайдың баяндамасы тыңдалып, қазақ халқының автономиясын құру туралы мәселе қаралды да, қаулы қабылданады.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: “Сонымен, балалар, бұл қаулы 10 бөлімнен тұратын маңызды құжат болды.

Бұл құжатта партия мемлекеттік, саяси және экономикалық-әлеуметтік бағытта қазақ халқының дамуының балама жолын ұсынды. Бұл келешекке бағыт берген аса маңызды құжат еді”.

**Үйге:** § 7-8. Оқулықтағы сұрақтарды ауызша талдау. Алаш арыстары туралы қосымша баяндамалар жасау. Тест сұрақтарын құрастыру.

## § 9. ҚАЗАҚСТАНДА КЕҢЕС БИЛІГІНІҢ ОРНАУЫ

### *Сабактың мақсаты:*

- қазақ халқының тарихына үлкен өзгерістер алғып келген Кеңес үкіметімен, оның саясатымен және қыншылықтарымен оқушыларды таныстыру;
- оқушылар санасындағы ұлттық тәуелсіздік, тәуелсіз мемлекет идеяларын жандандыру;

— қоғамдық қатынастардың даму сатысының бұзылу себептері, оның зардалтары мен залалдарының Қазақстан тарихындағы орнын айқындау.

*Базалық білім:* 1917—1918 жылдардағы Қазақстандағы саяси жағдай, елдегі саяси құрестің өрлеуі, Алашорда және Кеңес үкіметінің тайталастығы.

*Tірек ұғымдар:* Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы, оның жүргізген саясаты мен қыншылықтары.

*Дидактикалық және көрнекі құралдар:* Кеңестік Қазақстанның картасы (экономикалық аудандарды көрсету); Азамат соғысының картасы; кеңестік ұлт қайраткерлерінің портреттері; сыйбалар, кестелер, анаграмма.

*Сабактың типи:* аралас сабак (баяндама, өзіндік жұмыс).

*Сабактың әдісі:* көрнекі құралдарды пайдалана отырып баяндау және ойтартқы болатын сұрақтармен өздік жұмыс жүргізу.


Оқушылардың ынтасын сабакқа бейімдей отырып қалыптастыру мақсатында мұғалім XX ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлттық идеяның өрлеуі туралы әңгімелейді:

- ұлттық зиялды қауымның белсенділігі;
- ұлттық мемлекет идеясы;
- ұлт-азаттық қозғалыс.

Осы үш қағиданы дамыта отырып, мұғалім оқушының белсенділігінің артуына қозғау салады. Оқушының белсенділік қабілеті сабактың базалық бөлімін қамтып, базалық білімді тексерсе отырып, біліктілік сапаны және дамытушылық қабілетті жандандырады. Базалық білімді жандандыру сұрақтары:

1. Қазақ халқының Уақытша үкіметке көзқарасының өзгеру себептерін түсіндіріндер.
2. Туркістан халықтарының тұтастық идеясы іске асты ма, асса нeden көреміз?
3. Алашорда үкіметінің негізгі мақсаты қандай еді?
4. Алаш қайраткерлері мен Лениннің арасындағы келісімдер іске асты ма?
5. Алашорда мемлекетінің тарихи маңызын ашып көрсетіндер.

Мұғалім бастапқы кезеңде базалық білім негізінде оқушының логикалық қабылдауын қалыптастырады. Ендігі міндет — оқушы ойының дамуына қозгау салу. Ол үшін мұғалім оқушы қабілетінің дамуына тұрткі болып, оқушы санасына әсер етеді. Оқушының біліктілігі артып, оның білімділігінің сабактастырын сақтайдын, ой қорытындылар туғызатын, ізденіс қабілетін арттыратын сұрақ дөл, маңызды және сапалы қойылуы керек.



**Ойтұрткі:** Кенес үкіметінің үстемдік алу себептері оқушының жаңа ізденістеріне негіз болады. Мұғалім картаны пайдалана отырып, Қазақстанда Кенес үкіметінің үстемдік алу себептерін, кенестік билік орнауының әрқиылдығының себептерін түсіндіреді. Мұғалім түсіндіретін негізгі қағидалар:

- жер-жерде Кенес үкіметінің орнауы;
- контрреволюциялық күштер мен Алашорда үкіметінің бірігу себептері;
- Кенес үкіметінің саясатын қазақ халқының қабылдауды.

Қазақстанда Кенес өкіметінің орнауы оқушы санасына ойтұрткі болып, оның ойын одан әрі жетелейді. Мұғалім ойды дамытуда мына қағидаларды ұстанады, түсіндіреді:

- Кенес үкіметінің жүргізген саясатының алғашқы шаралары;
- Қазақстандағы ұлт мәселесі, осы жөніндегі ұлт қайраткерлері мен орталықтағы басшылардың көзқарасы;
- Кенес үкіметінің алғашқы жылдарында Қазақстандағы экономикалық жағдай, өнеркәсіптің дамуы, саудаға тежеу;
- елдегі өлеуметтік жағдай, жастар және әйелдер қозғалысының өрлеуі және сол қозғалыстың көрнекті қайраткерлері.

Кенес үкіметінің алғашқы жылдары жүргізген саясатының нәтижелері оқушылардың дамытушылық және логикалық ойлау қабілетін одан әрі дамытады. Бұл тұста мұғалім Кенестік саясаттың нақты нәтижелерін айқындалап, оның маңызын ашып көрсетеді:

- Кенес қызметіндегі ұлт қайраткерлерінің саяси қызметі;

- ашаршылық зардалтарын жою;
- жер-су реформасы;
- жана экономикалық саясат.

Осы тұста мұғалімнің басты міндеті — оқушының патриоттық сезімін ояту. Ол үшін үлт қайраткерлерінің туған халқының мұддесін қызығыштай қорғаған ерекше белсенділіктерін оқушылардың санасына сіндіру керек.

Оқушының жинақтаған білімін тексеру олардың өзіндік жұмысы арқылы іске асырылады. Өзіндік жұмыс істеу кезеңі оқушының қалыптасқан білімінің нәтижесін көрсетеді. Бұл кезенде оқушы 6-кестені толтырады.

*6-кесте*  
**Кеңестік жүйедегі Қазақстан**

Экономикалық жағдайларда оқушылардың оқынушылығын анықтаудың маңыздылығы	Үлт мәселесін жөнне үлт қайраткерлерінің қызметі	Өлеуметтік қозғалыстар	Ішкі реформалар	ЖЭС, оның киыншылықтары мен табыстары

Оқушылар өз жұмыстары арқылы өздерінің білімдерін тексеріп, еске сақтауға және логикалық тұжырым жасауға мүмкіндік алады. Ендігі кезенде мұғалім мен оқушы арасындағы өзара сабактастық берілген білім мен оның нәтижелерін жинақтауға арналады.

Оқушының біліктілік сапасын жүйелеп, білімді жинақтау үшін өзара байланысты, бірін-бірі дамытатын мынадай кең мағыналы сұрақтар мен тапсырмалар берген тиімді болмақ.

1. Кеңес өкіметі неге Қазақстанда әртүрлі жолдармен орнады?
2. Түркістандағы үлт саясатының бұрмалануын неден көреміз?
3. Алашорда үкіметі неге таратылды?
4. Кеңес үкіметінің алғашқы іс-әрекеттерін неден көреміз?
5. Қазақстандағы Азамат соғысының қимылдарын айтындар.
6. Қазақ КСР-інің құрылудына дайындық қалай жүрді?
7. Қазревкомның атқарған басты жұмыстарын айтындар.
8. Алаш зияльылары Кеңес қызметіне тартылды ма, тартылса қандай жұмыстар атқарды?
9. Өлеуметтік-экономикалық мәселелер қалай шешілді?

10. Жастар қозғалысы туралы айтып беріндер.
11. Жер-су реформасы қалай жүзеге асырылды?
12. Әйелдер қозғалысының өрлеуін түсіндіріндер.
13. Ашаршылыққа қарсы қурес қалай ұйымдастырылды?
14. Жана экономикалық саясатын табыстарын қалай түсіндіресіндер?

Оқушылардың жинақтау немесе бекіту сұрақтарына накты, қысқаша тұжырымды жауап беруін қадағалай отырып, олардың ой қорытындысының қаншалықты дәрежеде екенін байқауға болады.

Оқушының ой қорытындысы үнемі дамыған сабактың барысында ғана оқушының логикалық ойлау қабілеті мен білім сапасының қалыптасқан формасын құрамақ. Ал тақырыптың қорытындылануы мұғалімнің тәрбиелік бағыттагы қағидаларымен аяқталады. Қенес үкіметінің саясаты мен оның зардаптары, ұлт қайраткерлері қызметінің, іс-әрекетінің нәтижелері және ұлттық дербестік идеясының Қенестік жүйедегіден басқаша сипат алуды оқушының отаншыл-патриоттық сезімдерінің жаңа бағыттарын ашып көрсетпек.

Үйге: § 9.

#### **§ 10-11. ҚАЗАҚСТАН ШЕТЕЛДІК ИНТЕРВЕНЦИЯ ЖӘНЕ АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА (1918—1920 ж.)**

##### ***Сабактың мақсаты.***

**Білімділік:** Азамат соғысы жылдарындағы Қазақстан туралы оқушылардың өз бетімен іздену-зерттеу жұмыстарын талдау арқылы және қосымша құжаттарға сүйене отырып түсіндіру.

**Дамытушылық:** оқушылардың ізденушілік, танымдық қабілеттерін арттыруға шындау.

**Тәрбиелік:** оқушыларды елін, жерін сүюгे, білімділік пен еңбексүйгіштікке, шығармашылықпен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

***Сабактың түрі:*** интерактивті аралас сабак.

***Сабактың әдісі:*** шағын топтармен жұмыс.

**Көрнекі құралдар:** Дүниежүзінің картасы. Қазақстанның саяси картасы. Н.Ә.Назарбаевтың “Тарих толқынында” атты еңбегі. Тірексызба кестесі.

**Сабактың барысы.** а) ұйымдастыру кезеңі — оқушылар 4 топқа бөлінеді; ә) әрбір топ өзіндік ізденушілік, шығармашылық жұмыстарын слайдтар арқылы дәлелдейді.

I топ. Қазақстандағы Азамат соғысы және шетелдік интервенция туралы мәліметтер беру.

1. Азамат соғысы және шетелдік интервенция соғысы деп неліктен аталады?

2. Қызыл Армия қашан, қалай құрылды?

3. Ақ гвардияшылар кімдер? Олар қандай топтарға бөлінді және қандай мақсаттар көзделді?

II топ. 1. Қазақстанда өскери бөлімдер қалай құрылды?

2. Дала өлкесінің төтенше комиссары Ә.Жангелдиннің және Торғай уезінің өскери комиссары А.Имановтың өскери құрамалар жасақтаудың енбектері.

3. Өскери бөлімшелердің командирлері мен комиссарлары — М. Масанчи, А. Розыбакиев, т.б. соғыс барысындағы іс-әрекеттері. Алтай мен Тарбағатайда құрылған “Тау қырандары” атты партизан жасағы.

III топ. 1. Соғыс жылдарындағы экономикалық саясат дегеніміз не, ол қалай дамыды?

2. Соғыс коммунизмі саясаты дегеніміз не, оның маңызы неде?

3. Жаңа экономикалық саясаттың маңызы неде?

IV топ. 1. XX ғасырдың басындағы тарихи тұлғалар туралы: аты-жөні, атқарған қызметі, ерліктері, тағдыры, т.б. — Т. Рысқұлов, А. Иманов, Т. Бокин, М. Масанчи, А. Розыбакиев, Б. Әшкеев, т.б.

2. Аталған тұлғаларды интерактивті тақтаны пайдаланып, слайд арқылы сипаттап беру.

3. Президент Н.Ә.Назарбаевтың “Тарих толқынында” атты еңбегінің 263-бетіндегі үзіндіге талдау жасау.

*Қорытынды:*

Азамат соғысы туралы қорытындылай келе төмендегі кестені толтырып, дәптерге жазу.

*Кесте-сyzba*

Азамат соғысы не өкелді?	Экономика саласында қандай төтенше шаралар жүргізілді?
1. Қайғы-қасірет. 2. Зорлық-зомбылық. 3. Қатыгездік. 4. Малдарын тартып алу. 5. Туган жерінен кету, күйлуы.	1. Азық-тұлік салғыртын жою. 2. Азық-тұлік салығын енгізу. 3. Материалдық көмектер үйимдастыру. 4. Малдың реквизициялануы.

**Үйге тапсырма:** § 10-11. Тест құрастыру. А.Байтұрсын-ұлының “Төңкеріс және қазақтар” деген мақаласына ауызша талдау жасау.

## § 12. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУІ

### *Сабақтың мақсаты.*

**Білімділік:** 1920 жылы 26 тамызда қабылданған Декрет және “Қазақ АҚСР еңбекшілері құқықтарының Декларациясының” маңызы мен мәні туралы және 1920—1929 жылдар аралығында АҚСР-інде аумақтық өзгерістердің кеңеюі, өзгеруі туралы мәліметтер беріп, дәлелдеп түсінідіру.

**Көрнекі құралдар:** “Қазақ жерінің Қазақ АҚСР-інің құрамына бірігуі картасы. Қазақ ревкомының басшысы болып қызмет атқарған мемлекет қайраткерлерінің портреттерін ілу.

### *Жаңа сабақтың жоспары:*

1. Қазақ автономиясының құрылуды және оның тарихи маңызы.

2. Қазақ жерінің АҚСР-інің қарамағына бірігуі.

3. Қазақ АҚСР-і құрылудының тарихи маңызы.

*Сабақ откізу:* түсіндіру, жазғызу, талдау.

*Негізгі түсініктерді жаздыру, олар мыналар:*

1. XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс өзінің даму барысында қазақтың ұлттық Алашорда үкіметін құрды.

2. 1919 жылы 10 шілде күні В. Ленин Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құру туралы Декретке қол қойды.

3. Қазақ ревкомының тұңғыш басшысы — С. Пестковский. Мүшелері: Ә. Жангелдин, А. Байтұрсынұлы, С. Мендешев, Б. Қаратаев, Ә. Әйтіев, С. Сейфуллин, В. Радус-Зенькович.

4. 1920 ж. 9 наурызда “Қазақ елінің үкіметі” деп аталған Алашорданы тарату жөнінде шешім қабылданды.

5. 1920 ж. 26 тамызда Қенес үкіметі РКФСР құрамында Қырғыз (Қазақ) автономиялы Қенестік Социалистік Республикасын құру туралы Декрет шығарды. Ол қысқаша ҚазАҚСР деп аталды.

6. 1920 ж. 4 қазанда Орынбор қаласында ҚазАКСР-інің Кенестерінің Құрылтай съезі болды. Съезде РКФСР құрамындағы Қыргыз (Қазақ) Автономиялы Кенестік Социалистік Республикасы (ҚазАКСР) жарияланып, қазақ халқының ұлттық мемлекеті қайта қалпына келтірілді. Бұл ұлы оқиға болды.

*Портреттер сөйлейді:*

7. Съезд жоғарғы өкімет органдарын сайлады.

а) Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитетінің тәрағасы — С. Менденшев;

ә) Халық Комиссарлар Кенесінің тәрағасы — В. Радус-Зенькович.

8. Съезде “Қазақ АКСР еңбекшілері құқықтарының Декларациясы” қабылданды.

1920—1924 жж. ҚазАКСР-інің астанасы Орынбор қаласы болды.

Қазақ АКСР құрамына Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары, олардың құрамындағы уездерін қоса, сондай-ақ Маңғыстау уезі, Закаспий облысы, Астрахан губерниясы және Бөкей ордасындағы жерлер кірді.

1924—1929 жылдар аралығында қазақ жерінде біртұтас Қазақ АКСР-і құрылуы аяқталды.

Республикаға Қазалы, Ақмешіт, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташикент, Мырзашөл, Жетісу, Алматы, Лепсі, Жаркент, Қапал, Пішпек уездері кейіннен қарады.

*Цифрлар сөйлейді:* (слайд арқылы көрсету).

а) республика аумағы  $\frac{1}{3}$ -ге кеңейіп, 2,7 млн шақырымға жетті;

ә) халқы 1 млн 468 мың адамға көбейді, жалпы саны 5 млн 230 мың адам болды;

б) республикада қазақ халқы 61,3%-ды құрады (1926 ж. санақ бойынша);

в) республиканың астанасы 1924 жылы Қызылордаға көшті, ал 1929 жылдан астана Алматы қаласы болды.

1925 ж. Кенестердің Бұқілқазақстандық V съезінде “Қыргыз халқының тарихи дүрүс атауын қалпына келтіру үшін қыргыздар атауы алдағы уақыттарда қазақтар деп аталсын” деген қаулы қабылданды. 1925 жылғы 15 маусымда Бұқілодактық Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен Қыргыз АКСР-і Қазақ АКСР-і деп жарияланды.

Үйге: § 12. “Портреттер сөйлейді” — шығармалар жазу.

### § 13. ЖАҢА ӨМІРДІң ҚИЫНДЫҚТАРЫ

#### *Сабақтың маңсаты.*

*Білімділік:* республиканың ауыл шаруашылығын қайта құру негізінде 1929—1931 жж. жүргізілген ұжымдастыру саясатының зардалтараты мен нәтижелерін түсіндіру.

*Дамытушылық:* ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық шаруашылық дамуының кенеттен тоқтауы, оның үлкен дағдарысқа ұшырау себептерін айқындау.

*Тәрбиелік:* ұлт қайраткерлері мен үкіметтің солақай саясатына қарсы шыққан адамдардың іс-әрекеті негізінде оқушыларды ұлттық-патриоттық тәрбиеге баулу.

*Дидактикалық және көрнекі құралдар:*

а) Қазақ КСР-інін картасы;

ә) ұжымдастыруға байланысты кесте-сызбалар және анаграммалар.

*Сабақтың типі:* пікірсайыс, сахналық қойылым сабағы.

*Сабақтың өдісі:* өзара белсенділікті арттыру өдісі; сабакты баяндау және ізденіс.

Сабак 2 бөлімнен тұрады.

1-бөлім — баяндау және ізденіс.

2-бөлім — пікірсайыс және театрландырылған көріністер.

*Сабақтың нәтижесі:* оқушы қазақ халқының тарихында нәубет жылдары деп аталатын геноцидтің негізгі себептері мен салдарынан толық мағлұмат алады.

*Тірекұғымдар:*

1. Ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың басталуы.
2. Халық шаруашылығының күйизеліске ұшырауы.
3. Халықтық қозғалыстар, қазақтардың шетел асуы.
4. Ашаршылық және оның зардалтараты.
5. Голощекиннің “Кіші қазан” идеясы және геноцид саясаты, оның зардалтараты.

*Сабақтың барысы.* Сабакта интерактивті тақта мен слайд арқылы сыйба-кестелерді көрсету.

Мұғалім мен оқушы арасындағы қатынасты қалыптастыруда базалық білім басты рөл атқарады. Өткен сабактағы қорытынды триаданы оқушылардың қысқаша талқылауы

(10 мин) дамытушылық белсенділігін қалыптастырады. Базалық білім жаңа тақырыпты игеруге жол салады.

Мұғалімнің міндеті — оқушының логикалық ойлау жүйесін дамыту. Ол мынадай сауал төнірегінде іске асады:

1. Ауыл шаруашылығын қайта құру саясаты қалай жүзеге асты?

Осы бір сұрақ пен жауап оқушының логикалық ойлау қабілетіне түрткі бола отырып, олардың алдында “күту сөтін” тудырады. Осы тұста мұғалім ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ ауылшының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасай кетеді.

Ендігі міндет — оқушының ойын одан әрі дамыту. Ұжымдастыру саясатының мақсатын Голощекиннің “Кіші қазан” идеясы мен ұлт қайраткерлерінің оған қарсы идеялық көзқарасының да осы кезеңді қамтитындығын терең түсіндіру.

Оқушының дамытушылық қабілеті ендігі жерде үнемі жоғарыладап отыруды, терең түсінікті қажет етеді. Қазақстанға зорлықпен таңылған ұжымдастыру саясаты, оған қарсы халық қозғалыстарының өрлеуі оқушының логикалық-дамытушылық қабілетін дамыта түспек.

Мұғалімнің ендігі бір міндеті — шаруалардың Кенес үкіметіне жаппай қарсылық қорсету себебін түсіндіру. Не себепті шаруалар өздеріне бостандық альп берген үкіметке қарсы шықты? Қотерілісті кезінде Кенес үкіметін орнатуға атсалысқан қайраткерлер не үшін басқарды? Міне, мұндай сұрақтар оқушының ұлттық санасы мен тәрбиесін жетілдіре түседі. Осы кезде сол тәрбиені жетілдіру үшін оқушыларға 7-кестені толтыруды ұсынған орынды.

Келесі кезең — ой нәтижесі. Яғни, мұғалім мен оқушының бірлесе шығармашылықпен жұмыс істеуі.

Ұжымдастыру саясаты негіз болған оқушының дамытушылық-логикалық қабілетінің даму нәтижесі ой нәтижесін, яғни күштеп ұжымдастыру саясатының нәтижелерін көрсетеді. Мұғалім күштеп ұжымдастыру саясатының түпкі нәтижесі 1931—1933 жылдардағы ұлы нәубет — ашаршылық кезеңін оқушыларға түсіндіреді. Ол үшін келесі 8-кестені пайдаланады.

7-кесте

**1929—1931 жылдардағы көтерілістерге  
жалпы сипаттама**

№	Көтеріліс ошактары	Қарсы - лық көрсету турлері	Көтеріліс- шілердің негізгі құ- рамы	Көтеріліс- шілердің талабы	1929—1931 жж. қозғалыстардың сипаты мен маңызы
1					
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					

8-кесте

**Ұлы нәубет зардалтары**

1929 ж. халық саны	1933 ж. халық саны	Аштықтан қырылған- дар	Шетелге қашқандар	Атылған не соттал- ғандар	Басқа ха- лықтар, ұлттар

Оқушының ой нәтижесін көргеннен кейін олардың алған білімдерін жинақтап, менгеру кезеңі өтеді. Бұл кезеңде ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың сталиндік үлгісінің зардалтарын жоюға қарсы күрес шаралары туралы материалдар қамтылады.

Сабактың ендігі кезеңі оқушылардың шығармашылық білімдерін дамыту, олардың шығармашылық қабілеті мен

тапқырлық, шешпендік, ізденімпаздық, тәрбиелік қасиеттерін жетілдіру бағытына арналады.

Сынып екі топқа болінеді. Пікірсайыс турі:

а) Голощекин тобы;

ә) ұлт қайраткерлерінің тобы.

Сабактың бұл кезеңі Қазақстандағы ашаршылықтың себептері мен салдарлары туралы Т. Рысқұловтың Сталинге жазған хаты мен Қазақстандағы мал шаруашылығы туралы Голощекиннің Сталинге жазған хаттарын талқылаудан басталады. Оқушылар хат мазмұнын толық түсініп, саяси мәнін ашып көрсетуі керек.

Екі топтың арасындағы айтыс-тартыс басталар алдында мынадай жағдайлардың болғанын ескерту қажет. Алдымен Голощекин Қазақстанға келе салысымен (1925 ж.) ұлттық басшы кадрлар тарапынан қарсылыққа ұшырады. Голощекиннің қазақ халқына жасаған бірінші зиянкестігі — Орынбор қаласын Ресейге өткізіп жіберуі; екінші әрекеті — Ақтөбе облысының Елек ауданын қоса беру туралы қарап шығаруы.

Бұл көпе-көрінеу зорлыққа ұлт қайраткерлері қарсы шығып, өлкелік бююода Голощекинмен өздерінің алғашқы айтыс-тартыстарын бастады...

**Н. Нұрмақов:** “Егер Орталық бұлай өзім білдімге сала берсе, болашақ Қазақстан Республикасы сакталып қала алмайды”.

**Ж. Мынбаев:** “Сөз біз өзірге толық ұғына қоймаған, бірақ болашақта алдымыздан шығатын мәселе жөнінде болып отыр... Мен өзім орталық мекемелердің орыс шаруаларының мүддесіне қамқорлығын өлденеше рет байқадым. Неге сіздер қазақ шаруалары Қазақстан әкіметіне талаптар қоя алмайды деп ойлайсыздар? Егер білгілерің келсе, қазактардың жағдайы нашарлай түсуде. Олар: “Біздің жерімізді неге алыш жатыр?” — деп сұрайды. Біз болсақ ол жердің тұрғындарының басым бөлігі орыстар дейміз. Оған олар: “Патшалық Ресейден біздің жерімізді тартып алыш, өз отаршылдарын қоныстандыруды кім сұрапты?” — дейді.

**С. Кожанов:** “Мәселенің ұлттық қырынан қаймығып, ең шұрайлы экономикалық аудандардан айырылып отыра бергіміз келмейді”.

**Голощекин:** “Біріккен Пленум былай деп есептейді: Кожанов, Сәдуақасов және Мынбаев бастаған топ өзінің

мәні мен құрес әдістері жөнінен Қазақстанға тән болған есکі жікшілдіктің қалдықтарын сақтай отырып, сонымен бірге ауылдағы дәүлетті топтардың партия мен Кеңес өкіметіне жасамақ ықпалын білдіретін идеялық ауытқушылықты көрсетеді”.

**Ж. Мыңбаев:** “Қазір егер кімде-кім Қазақстан еңбекшілерінің жағдайын жөндеуге көп күш салса, ол өкімет басында көп тұра алмайды деген мақал таратуда. Бұл қазак қызметкерлері жөнінде. Мейлі, солай-ақ болсын, бірақ қазақ еңбекшілері алдында масқара болар жайымыз жоқ. Осында Боярский жолдас менен: “Сіздің басыңыз ауыра ма?” — деп сұрайды. Мен: “Жоқ, басым емес, жаным ауырады”, — деймін. Шынымен де, ауыратында себеп жеткілікті”.

**О. Исаев:** “Мен Сәдуақасовшылдықпен принциптік неғізде келісу мүмкін емес кейбір мәселелерге тоқталып өтейін. Біріншіден, жергіліктендіру хакында. Олар оны іс жүзінде неге саяды? Олар жергіліктендіруді басшылықты тартып алудың әдісі мен құралына айналдырмак. Сөйтіп, Мәскеудің пролетарлық партиялық жетекшілігінен құтылмақ”.

**Голощекин:** “Сәдуақасовшылдық дегеніміз — партия ықпалынан шығып, ұсақ буржуазия идеологтерінің ыңғайына ұмтылған кеңестік аппарат. Сәдуақасовшылдық — демократия ауқымында оқшаулану, КСРО-дан Қазақстанды бөліп алуға тырысушылық”.

**Ж. Мыңбаев:** “Біз қазақ елі алдында, тарих алдында масқара болғымыз келмейді. Бірақ мақсатымыз — түрлі деректер мен нұсқауларға қол қоюышыларға болу емес, іс бітіріп, болашақ үрпак “иә, олар шынымен де тырысып еді” дейтіндей дәрежеге жету”.

**Голощекин:** “Аппаратты қазақ бұқарасына жақыннату мен сол бұқараны Кеңес құрылышына тарту туралы жергіліктендіру міндеттерін түсіне алмаған С. Сәдуақасов пен Ж. Мыңбаев Кеңес аппаратын халықтың ұлттық құрамының үйлесімділігіне қарай қазақтандыруға дейін барды, басты назарды партияның жоғары буынның басшыларын қазақтандыруға аударды...”

...Мыңбаев жолдастың жұмыс бөлмесі үйымдық орналастыру бөліміне айналып, бірқатар жолдастар өлкелік комитетке жазуды қойып, Мыңбаев жолдасқа жазатын болды.

Сөйтіп, ол өзін өлкелік комитетке қарсы қоятынды шығарды.

**Ж. Мыңбаев:** “Соңғы уақытта Мыңбаев Қазақ Өлкелік Атқару комитетінде отырып алып көп жұмыс тындырып жатыр деген пікір бар. Мүмкін, солай да шығар... Бірақ біз Голощекин жолдастың келісімін алмай ешқандай да мәселе-ні шешкен емеспіз. Егер ол сыртта болса, біз телеграф арқылы рұқсатын сұрадық, ал жауап келмесе, онда оның қайтып келуін күттік... Сонда қалай, бізден еңбекші бұқараға көрсетіл қою үшін қажет қуыршақ жасағыныз келе ме?”

Міне, осындай идеялық пікірлер мен айтыстар үлгісі мұғалім назарына ұсынылып отыр. Өздерінің көмекші қосымша әдебиеттерін пайдаланып, осы пікірсайыс формасын толықтырып немесе мұлдем басқаша құрып өткізулерінізге болады. Т.Рысқұловтың, С.Сәдуақасовтың, Б.Қаратаевтың, С.Сейфуллиннің Голощекинмен саяси айтыстарын қолданса, сабактың мазмұны байып, жетіле түсері даусыз.

Сабактың осы кезеңіне мына 9-кестені қолдануға болады.

9-кесте

**Голощекин мен ұлт қайраткерлері арасындағы айтыстар**

	Индустрияландыру саясаты төніретіндегі тартыстар	Ұжымдастыру төнірегіндегі тартыстар	Ұлт мәселесі мен ұлт кадрлары туралы тартыстар
Голощекин тобы			
Ұлт қайраткерлері тобы			

Сонымен қатар оқушының есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында анаграмма шешудің тиімділігі де зор.

**АНАГРАММА**

1. Ұлт қайраткерлерінің оппозициялық тобына тағылған айып.
2. Торғай көтерілісі басшыларының бірі.
3. Голощекин идеясын синауушы ұлт қайраткері.
4. Ұжымдастыру саясаты негізінде құрылған мемлекеттік шарашылық бірлестік атауы.
5. 1928 жылғы ірі байларды төркілеу науқаны.



6. “Бесеудің хаты” авторларының бірі.
7. Голощекин идеясына қарсы қазақ қайраткерлері тобының жетекшісі.

**Кілт:** августык; Кейкі; Кожанов; колхоз; конфискация; Фабдуллин; Сөдуақасов.

Оқушының шығармашылық жұмысынан кейін олардың жинақтаған білімі мен біліктілік сапасын жүйелеп, қорытындылау кезені туады. Оқушының ой қорытындысы сапалы білім дәрежесін көрсетуі үшін мұғалім жана тақырыптың маңыздылығын түсіндіре отырып, ұжымдастыру саясаты мен қазіргі Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық, саяси және демографиялық жағдайдың байланыстылығын көрсетуі керек.

**Үйге:** § 13. Кестелерді толтыру.

#### § 14. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУҒА БАҒЫТ АЛУ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАРЫСЫ

##### ***Сабактың мақсаты:***

— 1920—1930 жылдары Қазақстанда жүргізілген индустрияландыру саясатының жетістіктері мен зардалтарын түсіндіру;

— республикадағы экономикалық саясатты халық мүдделесіне сай жүргізу төңірегіндегі ұлт қайраткерлерінің көзқарасы мен оқушының патриоттық сезімін үштастыру;

— 1920—1930 жылдардағы индустрияландыру саясатының экономиканы дамытудағы біржақтылығы және оның қазіргі экономикалық дамумен байланысын айқындау.

***Сабактың типі:*** ойтұрткі және жарыс сабакы.

***Сабактың әдісі:*** өзара белсенділікті арттыру (интерактивті).

Сынып екі топқа бөлініп, сабак жарыс түрінде өтеді.

*Базалық білім:* 1920 жылдың басындағы Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат, оның іске асырылуы мен жетістіктері, елдің өлеуметтік-экономикалық тұрмысының түрақталуы туралы мәліметтер.

*Тірек ұғымдар:* Қазақстандағы индустримальдыру саясаты, оның ерекшеліктері, басталуы, барысы, жетістіктері мен зардалтары.

*Сабактың барысы.* Мұғалім сабак әдісіне байланысты сыныпты екі топқа бөліп, сабак барысында ережені қысқаша түсіндіріп, міндеттерін белгілейді. Сабак устінде топтарға ұпай беру арқылы оқушының қызығушылық қабілетін тудыра отырып, сабакты белсенді түрде өткізуге болады.

Қалыптасу кезеңі (5-6 мин), негізінен, базалық білімге мұғалімнің қысқаша шолу жасаудынан және оқушылардың мазмұнды жауап беруінен тұрады. Оқушыны сабактың мазмұнына үңілдіру үшін базалық білім сұрақтары логикалық қисынды ойды дамытатын, сабактастыратын сұрақтар болуы керек.

1. Кеңес үкіметінің индустримальдыру бағытындағы алғашқы шараларын білесің бе?
2. Елдегі ауыр экономикалық жағдайды жою үшін қандай реформалар жүргізілді?
3. Жаңа экономикалық саясаттың жетістіктерін қалай түсіндіреңдер?

Сұрақтар екі топтың да қөзқарасы мен жауабын қамтуы керек.

Қалыптасу кезеңі оқушы ынтасының сабак барысына бейімделуін қамтамасыз өтеді. Ендігі жерде жетекші орынға мұғалім шығады. Жаңа тақырыпты менгеру кезеңінде бастапқы кезеңі оқушының интуитивті, шапшаң жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Мұғалім оқушы ойын жетілдіруді өдettегідей төмennен емес, жоғарыдан бастайды. Бұл тәсіл оқушының жаңа тақырыптың мазмұнына алдын ала қөз жібере отырып, қазіргі экономикалық жағдайдың дамуына кедергі болып тұрган жайттардан нақты түсінік алады.

*Мұғалім сөзі:* “1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздік алушымен қатар мемлекетіміздің алдында қоپтеген күрделі де, өзекті мәселелер туды. Өсіреле үлттық өнеркәсібіміздің өте әлсіздігі бірден байқалды”. 4-, 5-, 6-кестедегі мәліметтерді слайд арқылы көрсету.

## Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп мәселелері (1-нұсқа)

A.	Ауыл шаруашылығының экономикадағы басымдылығы	Өндірістік дамудың төмен деңгейі	Республиканың жер койнаулары зерттелмеді	Көлік және байланыс салаларының баяудамуы	Экономикалық арттақалушылыққа байланысты халық пен өнеркәсіп арасындағы алсіз байланыс
Ә.	Техникалық-экономикалық арттақалуды жену	Ауыр өнеркәсіптің, өсіреле машина жасау өнеркәсібінің дамуы	Жергілікті ресурстарға негізделген өнеркәсіп салаларының дамуы	Теміржол мен техникалық байланыс жүйесінің салынуы	Өнеркәсіп салалары үшін жергілікті үлт өкілдерінен кадрлар дағындау
	?	?	?	?	?

Мұғалім оқушының логикалық ойын баурап алатын үш қағиданы көрсетеді:

- машина жасау өнеркәсібінің баяу дамуы;
- өнеркәсіптегі халық тұтынатын тауарлардың жеткіліксіз болуы;
- өндіріске керекті өнеркәсіп өнімдерінің тапшылығы.

Мұғалімнің ендігі міндеті логикалық ойды дамыту болып табылады. Оқушы ойын дамыту индустрияландыру төніре-гінде өрбиді.

*Мұғалім сөзі.* “Жоғарыда айтылған мәселелер Қазақстанда 1920—1930 жылдары КСРО-ның барлық жерінде жүргізілген индустрияландыру саясатына қарамастан туып отыр”.

Мұғалім кіріспе триаданы осы жерде нақты көрсетеді. А — индустрияландыру қарсанындағы халық шаруашылығының жағдайы; Ә — индустрияландыру кезеңіндегі Қазақстан алдындағы міндеттер. Триаданың осы екі міндеті оқушының логикалық ойлау қабілетінің алдында “күту режімін” тудырады. Яғни, оқушының алдында тақырыптың түсініксіз кезеңі тұрады. Триаданың үшінші бөлігі олардың

тынымсыз ізденісін тудыруы керек. Оқушы алдындағы түсініксіз екі сұрақ:

1. 1930 жылдардағы Қазақстан өнеркәсібіндегі келенсіз жағдай қалай қалыптасты?
2. Бұл қалыптақсан жағдайдың кедергілері мен мүмкін себептері кандай?

Осы екі сұрақ сабактың келесі кезеңін менгеруге бастайды. Мұғалім оқушыларға не себепті Қазақстан экономикасы осындағы ауыр жағдайға душар болды деген сұрақ қояды. Оқушылар турлі болжаулар ұсынады. Бұл сәт тақырыпты менгерудегі шешуші кезең болыш табылады. Олардың осы тақырып жөнінде нақты мәліметтері болмаса да, тарих, география пәндерінен алған білімдері негіз бола алады және 4-кесте олардың шығармашылық деңгейіне көмек көрсете алады. Оқушылар ұсынған болжаулар өртүрлі болуы заңды құбылышы. Содан соң ең жақын деген болжауларды анықтау керек. Ол — Қазақстан өнеркәсібіндегі қолайсыз жағдайдың қалыптасуы индустримальдыру үрдісі кезінде міндетті түрде жүзеге асырылуға тиісті міндеттердің орындалмауына байланысты деген болжау. Мұғалім оқушыдан осы жауапты алуға тиісті.

Оқушының бұл болжауы ойды дамытады, яғни индустрияландыру саясатын нақты менгеруге жол ашады.

Мұғалім түсіндіретін міндеттер:

1. Бұқілодактық индустримальдыру саясаты.
2. Индустримальдыру қарсаңдағы Қазақстан.
3. Қазақстандағы индустримальдырудың ерекшеліктері және барысы.

*Сабакты менгерудегі негізгі қагидалар:*

- халық шаруашылығын қалпына келтіру толық аяқталған жок;
- өнеркәсіп дамуының деңгейі төмен болды;
- республиканың жер қойнаулары зерттелмәді, көлік пен байланыс жүйесі дұрыс дамымады;
- экономиканың басым бөлігін ауыл шаруашылығы құрады.

*ЖЭС-тің жеке табыстары:*

- иесіз шахталар мен өндіріс орындарының қалпына келтірілуі;
- кооперативтік өндірістердің белсененділігі;
- сауданың жандануы.

### *Индустрияландырудың Қазақстандағы міндеттері:*

- техникалық-экономикалық арттақалушылықты жою;
- жетекші өнеркәсіп орындарын дамыту және жаңадан салу;
- жергілікті ресурстарға сүйенетін ауыр өнеркәсіптің барлық салаларын дамыту;
- теміржол мен байланыс жүйесін дамыту;
- жұмысшы табын және өнеркәсіптік-техникалық зиянды қауымды қалыптастыру, ондағы жергілікті ұлт өкілдерінің үлесін арттыру;
- индустрияландыру жөніндегі Голощекин идеясы.

Сабактың ендігі кезеңі — оқушының ойын одан әрі дамыту. Оқушының белсенділігі ендігі жерде жеңе шығармашылық бағытта дамиды. Бұл жерде тірек — аналитикалық триада ұсынылады. Оқушылар триаданың үшінші “Б” бөлімін түсіндіре отырып, кестені толықтыруы керек.

Оқушы триаданың үшінші бөлімін тақырыпты толық менгеріп, өз білімін дұрыс жүйелеген соң барып толтырады. Оқушының шығармашылық жұмысын мұғалім пікірсайысы арқылы жандандырады. Осы тұсқа дейін индустрияландырудың экономикалық-әлеуметтік жақтарын қарастырсақ, ендігі жерде индустрияландыру төнірегіндегі саяси-идеялық тартыстардың мазмұнын анықтау міндеті шығады. Ендігі жерде сабак барысында Голощекиннің “Кіші қазан” саясатын көнінен қарастырып, толық өшкереleуге мүмкіндік туады.

Голощекиннің саясатына қарсы ұлт қайраткерлері көзқарасының оқушыға берер тәрбиелік мәні бар. Мұғалім көркем-тарихи әдебиеттерді пайдалана отырып, Голошекинге қарсы ұлт қайраткерлерінің саяси әрекеттері мен айтыстарын пікірсайыс не театрландырылған қойылым ретінде көрсетулері керек. С. Сәдуақасовтың, Т. Рысқұловтың, С. Қожановтың, С. Сейфуллиннің, Н. Нұрмақовтың, Ұ. Құлымбетовтың, Ж. Мыңбаевтың айтқан нақты ойлары мен идеяларын шығару керек.

- Қазақстандағы индустрияландыру саясаты республика өнеркәсібіне қажетті ресурстарды зерттеуден басталды.
- 1927 жылы Түркссіб теміржолы салына бастады.
- Индустрияландыру барлық ұлттардың шаруашылық және мәдени жоспарларын іске асыру, өнеркәсіп құралжабдықтарын дайындау базасы арқасында жүзеге асты.

- Индустрияландыру орталыққа бағынған әміршіл-екімшіл басқару жүйесі арқылы жүрді.
- Негізінен, химиялық өнеркәсіп дамыды.
- Негізінен, шикізат көзі игерілді, ал бірақ соңғы өнім Қазақстанда өндірілмеді.
- Индустрияландыру саясаты кезінде ұлт саясаты өрескел бұзылды.

Енді мұғалім төмендегі 11-кестені пайдалана отырып, қорытынды триаданы ұсынады.

*11-кесте*

**Голощекин тобы мен ұлт қайраткерлері арасындағы  
тартыс нысаналары**

	Казақстан ауыр өнеркәсібі да-мыған елге айнала ма?	Казақстан КСРО-ның өнеркәсіптегі қандай ауданы болып қалды?	Индустрия-ландыру кезінде ұлт саясаты қалай жүргізілді?	Индустрия-ландыру саясаты елдің өлеуметтік-экономикалық өміріне зиян тигізді ме?
Ұлт қайраткерлерінің тобы				
Голощекин тобы				

Үйге: § 14. Индустрія объектілері туралы кесте жасау.

**§ 15-16. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ  
КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ЖУМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ  
ҚАЛЫПТАСУЫ, ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР  
(1928—1933 ж.)**

***Сабактың маңыздылығы.***

**Білімділік:** 1920 жылдардың аяғына қарай қазақ жерінде индустріяландыруды жүзеге асыру, оның тарихи маңызы, қыншылықтары мен табыстары туралы түсіндіру.

**Дамытушылық:** әр аумақты зерттеуші ғалымдардың өмірбаяндары мен қызметті туралы қосымша деректермен таныстыру арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту.

**Тәрбиелік:** елін, жерін сүюге, білімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

*Сабақтың түрі:* модульдік сабак және оның құрылымы.  
Бұл сабак бес бөлімнен құралады:

1. Кіріспе сабағы.
2. Сөйлесу сабағы.
3. Сынақхат сабағы.
4. Не? Қайда? Қашан?
5. Қорытынды сабак.

Сабакты 2 бөлім бойынша өткізу.

Сөйлесу сабағы және оның жоспары: бұл сабакты өткізу үшін оқушылар екі топқа бөлінеді:

- а) мұғалімнің кіріспе сөзі;
- ә) екі топ арасында қарама-қарсы сұрақтар қою арқылы білімдерін тексеру;
- б) оқушылардың шығармашылық жұмыстарын тыңдау және оқыту арқылы ойлау дағдыларын дамыту;
- в) тақтаға жазылған сұрақтарға жауап жазғызу және картамен жұмыс жасау;
- г) тест сұрақтары бойынша жазбаша-ауызша сұрау;
- д) қорытындылау — мұғалім, сыншы, бағалаушылар сөйлейді.

*Көрнекі құралдар:* интерактивті тақта, слайд және Қазақстан картасы, тірексызба-кестелер, тірек сұрақтар, сабактың тақырыбы, сызба-кесте “Урбандалу көрсеткіші” тақтаға ілінеді.

Әр топқа 10 окушы кіреді, оның жетекшісі болады.

*Мұғалімнің алғашқы сөзі.* Индустрияландыру ісі Қазақстанда КСРО Халық шаруашылығын дамытудың бірінші бесжылдығымен (1928—1933 жж.) тұстас келді.

Индустрияландыру жағдайы республика еңбекшілерінен қыын міндеттерді шешуді, машина жасау, шахта мен кеніштер, жергілікті ресурстарды пайдалану, кәсіпорындардың ескілерін қалпына келтіру, теміржолдар мен техникалық байланыс құралдарын орнықтыруды талап етті.

Қазақстанда индустрияландыру ісі табиғи ресурстарды зерттеуден басталды. Орал-Ембі мұнайлы ауданын И. Губкин, Жезқазған ауданы мыс кенішін К. Сәтпаев, Орталық Қазақстан минерал-шикізат ресурстарын П. Курнаков зерттеді. Қазақстан Республикасы “Кенес Одағының тұтас металлогенді аймағы” деп аталды.

1927—1930 жж. салынған Түркістан — Сібір теміржол магистралі құрылышы еліміздің тарихына еңбек ерлігінің үздік үлгісі ретінде енді. Құрылышта 100000 адам еңбек етті. РКФСР үкіметі жаңында РКФСР ХК Кеңесі төрағасының орынбасары Т.Рысқұлов басқарған Түрксіб құрылышына жәрдемдесетін арнаулы комитет жұмыс істеді.

Ембінің мұнай кәсіпшіліктері, Шымкент қорғасын зауыты, Балқаш, Жезқазған кен-металлургия комбинаттары, Кенді Алтай Ашысадағы полиметалл кәсіпорындары, Ақтөбе комбинаты, жылу, су электрстансылары, құрылыш материалдары өнеркәсібі кәсіпорындары салынды.

Мұғалімнің кіріспе сезінен кейін “Сөйлесу сабагы” жалғасады.

**I тур. Оқушылар тобы біріне-бірі қарама-қарсы сұрақтар қояды.**

*1-топтың сұрақтары:*

- 1) Индустріяландыру неден басталды?
- 2) Қазақстанда индустріяландыру жылдары қандай кәсіпорындар салынды?
- 3) Индустріяландыру барысында қандай қыншылықтар болды, оның себебі неде?

*4) Елді индустріяландырудың мәні неде?*

*2-топтың сұрақтары:*

- 1) Елді индустріяландырудың өзіндік ерекшеліктері қандай болды?
- 2) Индустріяландырудың кезінде халықтар достығы қалай дамыды?
- 3) Түркістан құрылышының экономикалық маңызы қандай?
- 4) Қазақстанда стахановшылар қозғалысын кімдер жандандырды?

**II тур. Шығармашылық жұмыстарын тыңдау, талдау.**

Тест сұрақтарымен жазбаша жұмыс.

Сұрақтарды әр топқа үлестіру және тексеріп бағалау.

- 1) “Кіші қазан” идеясының авторы кім?
- 2) Қазақстандағы индустріяландырудың алғашқы құрылышын ата.
- 3) Түркістан — Сібір теміржолы қашан салынды?
- 4) Индустріяландыру дегеніміз не?
- 5) “Түркістан жұмысының бес жылы” мақаласының авторы кім?

6) Қазақстандағы индустрияландырудың ерекшелігі қандай болды?

7) Бірінші бесжылдық жоспары қай жылдарды қамтыды?

8. Қазақстанда индустрияландыру неден басталды?

9. Стахановшылар қозғалысы дегеніміз не?

10. Урбандалу қалай күшейді?

**III тур. Тактадағы кестені окушы жазбаша толтырады.**

а) Түрксіб теміржолы құрылышының бастығы —

ә) Түркібеке жәрдемдесу комиссиясының төрағасы —

б) РКФСР ХҚҚ төрағасының орынбасары —

в) Донбастың жаңашыл забойшысы —

г) Қарағандының шахтері —

**IV тур. Картамен жұмыс жасау.**

Балқаш мұс зауыты

Орал-Ембі мұнай комбинаты

Шымкент қорғасын зауыты

Жезқазған мұс зауыты

Ақтөбе комбинаты

Қарағанды көмір шахтасы

Донбас шахтасы

Мәскеу, Ленинград, Киев

Мұғалімнің қорытынды сөзі “Урбандалу көрсеткіші” арқылы жасалады.

Қала халқы Мәскеу, Ленинград, Киев және т.б. Ресейдің, Украинаның, Өзірбайжанның қалаларынан келген инженер, техниктер есебінен көбейді.

5. Урбандалу күшейді



Ең жаңа техниканы менгерген өндіріс озаттары шыға бастады. Донбастың жаңашыл забойшысы А. Стаханов рекорды мәлім болды. Қарағандының шахтері Т. Құзембаев

Стахановтың ізбасары болды. Ә. Мұрынбаев, М. Сағымбаев, С. Өтебаев, З. Табылдинова, т.б. ардагерлердің даңқы шықты. Қөпүлттү ұжымдар пайда болды, Қазақстанның басқа индустримальы аймақтармен экономикалық байланыстары орнықты.

Оқушыларға қосымша сөздер беріліп, қорытынды жасалады. Сыншы және бағалаушы топ оқушылардың кемшіліктеріне тоқталып, бағалайды.

### Үйге тапсырма: § 15-16.

#### § 17-18. ҚАЗАҚСТАНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ

##### *Сабактың мақсаты.*

*Білімділік:* ауыл шаруашылығын ұжымдастыру туралы алған білімдерін пысықтау;

*Дамытушилық:* оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылық ізденис, дағдыларын сынни түрфыда қалыптастыру;

*Тәрбиелік:* сол кезеңдердегі қазақ халқының басына төнген ауыр қасіреттен шығудың жолын іздеңген ел азаматтарының істерін үлгі ете отырып, патриоттық тәрбие беру.

*Сабактың әдісі:* тест, сұрақ-жауап, рөлдік ойын, “Маятник” ойындарының элементтерінен құралған деректер, бейнедиск.


*Сабактың түрі:* аралас сабак.

*Пәнаралық байланыс:* әдебиет, бейнелеу.

*Көрнекі құралдар:* сабакқа эпиграф, суреттер, бейнесуреттер, тірек схемасы, архивтен алғынған деректер, бейнедиск.

*Сабактың барысы.*

1. Тест жұмыстары (топқа бөліп беру).
2. Сұрақ-жауап әдісі арқылы тестінің дұрыс жауабын тексеру.
3. Сабактың екінші бөлігінде интерактивті тақта арқылы төмендегі слайд-кестені пайдалану.



“Маятник” ойыны (I, II топтар кезекпен ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың оң және теріс жақтарын айтып береді).

Эксперттік топ (ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қорытындыларына жалпы сараптама жасайды).

#### **Мисалы:**

а) оң жақтағы топ:

— жері жоқ кедейлер жерде жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болды;

— феодал-байларға кіріптарлықтан құтылды;

— МТС (машина-техникалық станция) құрылды.

Ә) теріс жақтағы топ:

— ауылдың ғасырлар бойы қалыптасқан өмір салтын түпнегізіне дейін құйретті;

— орта шаруаларды орынсыз сottап, меншік құқынан айырды;

— аштық жайлады;

— халықтың саны күрт төмендеді.

#### **Сараптау:**

*Оралман:* “Иә, барлығы “Бай-шаруашылықтарын тәркілеу” туралы қаулыдан басталды. “Байды тап ретінде жою” дегенді сыйлау етіп, шолақ белсендерілер орташа шаруалардың да мал-мұлкін тәркіледі. Тартып алынған малға есеп жүргізілмей, талан-таражға түсті. Астық салығы да қоса енгізілді. Елде айдалап кету, қамап қою өдетке айналды.

Бұл зобаланнан құтылу жолын ізден жан-жаққа ұрланып көштік..."

*Тарихиы галым:* "Қазақ АКСР-і Орталық Атқару комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы "Бай шаруашылықтарын көмпескелеу" туралы қаулысын басшылыққа ала отырып, республика бойынша 700-ге жуық ірі бай шаруашылықтары тәркілеуге ұшырап, олардың иелері қанаушы топ ретінде сottалды.

Голошекин "Кіші қазан" дауылды жоспарында көшпелі мал шаруашылықтарын отырықшыландыруға да баса назар аударған еді. Осы солақай науқаның кесірінен баймен бірге тәркіленген орта шаруалардың, азғана мал-мүлкінен ажыраған кедейлердің шаруашылығы да құйзелді, ейткені отырықшыландырудың өзі табиғи жолмен емес, күштеу арқылы өкімшіл-әміршіл тәсілмен жүзеге асты. Республикаға Мәскеу, Харьков, Ленинградтан арнайы келген өкілдер Ресей конысының жобасын айналаспай қайталаитын қоныстандыру үлгісін орнықтырды. Солақай саясат соны 1930—1933 жж. Ұлы жүтқа әкеп соқты. Сталин мен оның төнірегіндегілер Қазақстанда болған аштық жайында біліп отырды. Оған дәлел:

— 1932 ж. 1 ақпан саяси жер аударылғандардың бір тобының Павлодар қаласынан КСРО Орталық Атқару комитетінің Төрағасына елдегі ауыр көрініс жайында хат жазуы;

— 1932 ж. шілде айында республика қайраткерлерінің бір тобының — Ф. Мұсірепов, М. Фатауллин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышевтың Голошекинге жолдаған "Бесеудің хаты"; Т.Рысқұловтың етек алған қасірет туралы шындықты ашып көрсете отырып, аш адамдардың өмірін құтқарып қалуды өтініп Сталиннің атына жазған хаттары...

Жалпы, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың стадиндік үлгісін жүзеге асыру іс жүзінде жонғар шапқыншылығы кезеңіндегі асқан зор апаттың кеңестік нұсқасы болып шықты".

*Демограф:* "1931—1932 жж. 2 млн адам немесе жергілікті тұрғындардың 49%-ы құрбан болды. 1931—1933 жж. ауру-сырқаудан 250 мындаі адам (7%) өлген. Жалпы, ашаршылықтан өлген қазақтар саны 1 млн 750 мың немесе республикадағы қазақтардың 42%-ы. 1 млн-нан астам қазақ республикадан тыс жерге көшіп кетті, оның 616 мыны

қайтып оралған жок, ал 414 мыңы кейін Қазақстанға оралды...”. *Мұғалімнің қорытынды сөзі*:

“Халқымыз әріп танып, сауат ашты,  
Ел ішінде колхоз құрып үжымдасты.  
Шаруалардың мал-мұлкі тәркіленіп,  
Асырасілтеушілік жүріп жатты.  
Ашаршылық, қайыршылық елді жайлап,  
Үміті өшіп, шетелге халқым қашты.  
Халық басына қара бұлт төндіріп,  
Жұт халықты шетінен жұтып жатты.  
Қара жер құшағына ала беріп?

Әр жерде төмпешіктер қалып жатты” деген өлең жолдарынан-ақ ауыл шаруашылығын дамытудың сталиндік үлгісі халқымыздың басына жақсы жағынан горі орасан зор қасірет әкелгендігін сезінуге болады. “Жалпы елді басқару туралы мәселелер жергілікті халықпен келісілмей, сонау Мәскеуден-ақ шешіліп жататын”, — деп, осы ауыл шаруашылығын дамытудың күшпен үжымдастыру бағытын таңдаған Сталинді, осы даулы мәселені қабылдаған Мәскеуді көрсетіп, саяхат жасайды.

“Қайта оралды қазағым өз еліне,  
Ата-баба қонысы, өз жеріне.  
Бүгін, міне, қазағым егеменді  
Көк байрағы желбірейді күн көзінде”, —  
деп сабакты қорытындылайды.

Топтарға тапсырма (тактада ілінген сурет, фотосурет бойынша және тақырыпқа байланысты оқыған көркем әдебиет шығармаларын пайдалана отырып, бүгінгі сабактан алған білімдерін сараптау)



Үйге тапсырма. § 17-18.

## § 19-20. 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІР

### *Сабактың маңызы.*

**Білімділік:** сталинизмің орнығуы, жазалау шаралары. Халық қасіреті. Қазақстан — лагерьлер өлкесі. Кеңес Одағы кезінде Қазақстанда салынған еңбекпен түзеу лагерьлерінің тарихына шолу жасау.

**Дамытушылық:** оқушылардың шығармашылықпен іздену арқылы олардың философиялық ойлау қабілетін жетілдіру, өз ойларын жеткізу деге сойлеу мәдениетін қалыптастыру;

**Тәрбиелік:** оқушылардың отаншылдық сезімін арттыра отырып, қындыққа төзө біліп, болашаққа деген сенімдерін жоғалтпауга тәрбиелеу.

**Сабактың типі:** конференция сабак, топпен жұмыс.

**Конференциялық сабактың өдісі:** ауызша баяндау, сұрақ-жауап, пәнаралық байланыстар.

**Көрнекі құралдар:** Қазақстанның картасы, ҚарЛАГ картасы; кітаптар көрмесі; буклеттер: Т.Рысқұлов, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1) Омарбеков Т. 1920—1930 жж. Қазақстан қасіреті, Алматы, 1997 ж.

2) Тасымбеков А. Жан даусы. “Алжир” архипелаг. Алматы, 1997 ж.

3) Қазақ Үлттық энциклопедиясы, 1—10-томдар.

**Конференциялық сабактың жүргүй барысы, жоспары:**

- а) Қазақстанның 30-жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі;
- ә) әкімшіл-өміршіл басқару жүйесінің қалыптасуы;
- б) сталиндік жазалау шаралары және оның салдары;
- в) Қазақстан — лагерьлер өлкесі;
- г) жаппай сталиндік террордың құрбаны болған үлт зиялдары;

д) еңбекпен түзеу лагеріндегі тұтқындардың тыныс-тіршіліктері туралы естеліктер.

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:**

1930 жылға қарай елдің барлық жерінде социалистік қатынастар орнады. Жер, фабрика, заводтар, ұжымшарлар мен кеңешарлар мемлекет меншігіне өтті. Өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік орнықты. Елде 1936 ж. 5 желтоқсанда Кенестердің Жалпыодақтың VI төтенше

сьезінде жаңа сталиндік Конституция қабылдады. Ол бойынша КСРО-да бюрократиялық орталықтандыру орныбы. Социализм тоталитарлық қазармалық сипат алды. Елде сталиндік саясат жүзеге асты. Жазалау органдарының қызметі күштейтілді.

Осылайша, жеке адам құқығы аяққа басылып, пікір айтқан, ұсыныс жасаған адам “халық жауы” қатарына жатқызылып жазаланды. Сталиндік құғын-сүргін — “геноцид саясаты” осылай басталды. Оның кезендерін былай топтастыруға болады:

I кезең — 1929—1933 жж.

II кезең — 1937—1938 жж.

III кезең — 1947—1953 жж.

*Келесі сөз оқушылар топтарына беріледі:*

**I топ: Әкімшил-әміршіл басқару жүйесіндегі жаппай құғындау саясатын жүргізген саяси тұлғалар кімдер?**

Ф. И. Голощекин 1925—1933 жж. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің I хатшысы болды. Ол билік жүргізген кезендерде:

1) Қөрнекті қазақ қайраткерлерін “ұлтшыл уклонистер” қатарына жатқызып, 1926 жылы елден кетірді.

2) 1927 жылы “Кіші қазан” идеясын ойладап тауып, ауылдарда ашық түрде Азамат соғысын жүргізді.

3) 1928 жылы қазақтардың мал-мұліктерін төркілеп, жер аудару туралы қаулы қабылдатты, оны жүзеге асыра бастады.

4) Қазақстанда 1929 жылдан бастап алаш қайраткерліріне саяси құғын-сүргін басталды.

**II топ. Сталинизмнің идеологиялық аппараты халықтардың тарихын жоюға бағытталуы және сталиндік қанды террордың орынды.**

1930—1938 жылдардағы сталиндік қанды террорды жүргізгендер: орталықтан И.Сталин, Л.Берия, Л. Каганович, В.Молотов, т.б. болса, ал Қазақстанда Ф.Голощекин, Г. Рошаль, И. Құрамысов қатысқан Үштіктің саяси Басқармасы (ОГПУ) құрылды, Үштіктің хаттамалары жабық мәжілістерде қаралып, атуға лагерьлерге жіберу туралы шешім шығарылды. Қанды террорды мемлекет саясатына айналдырған тұлғалар жүргізген геноцид саясаты тарих бетінде түскен ақтаңдақтар болды.

**III топ. Қанды террордың соңы немен аяқталды?** Қазақстан лагерьлер өлкесіне айналды. Үлт зияллыларының көрнекті өкілдерін қырып-жойды, олардың жары мен балалары осы саясат құрбанына айналды, кейбір аман қалғандары елден қашуға мәжбүр болды. Жазалау шаралары сталиндік-тоталитарлық режімге сын көзben қарап, өз ойларын, пікірлерін ашық білдірген адамдарға қолданылды. Елде жаппай жазалау шаралары жүзеге асырылды, қазақтың үлт зияллылары қатты зардап шекті. Олар: Т.Рысқұлов, Н. Нұрмаков, С. Қожанов, Ж. Мыңбаев, С. Сөдуақов, Ж. Сұлтанбеков, С. Мендешов, О. Жандосов, Т. Жүргенов, т.б.

**Ескерту.** Сонымен қатар оқушылар олардың қызметі, өмірі және отбасы туралы қосымша мәліметтерді интерактивті тақтады пайдаланып, слайд арқылы және қосымша әдебиеттерді пайдаланып түсіндірді.

**IV топ. Осы жазалау шараларын жүзеге асыру үшін Қазақстанда лагерьлер жүйесі құрылды.** Олар:

1) 1930 жылы ҚарЛАГ лагері үйимдастырылды. Онда деректер бойынша 1930—1958 жылдар аралығындағы 28 жыл ішінде 999 мын адамдар болған.

2) КСРО бойынша 953 лагерь болса, оның 11-і Қазақстанда ҚарЛАГ, АЛЖИР, Степлаг, Песчанный, ҚамысЛАГ, Ақтөбе, Жезқазған, т.б. құрылды.

**Сұрақ:** Өйелдерді тұтқындастырының аты шулы еңбекпен түзеу лагері қандай болды? 1937—1953 жылы Ақмола облысындағы АЛЖИР лагерінде 30 мындағы әйелдер тұтқында болған. Лагерь 3 га жерді алғып жатты. Әйелдер лагерінде 1507-ден астам нәрестелер дүниеге келіп, олардың көпшілігі аштық пен сұқыттың құрбаны болған. Онда болған атақты адамдардың жырлары туралы “Арманда кеткен аналар” туралы эссе-шығармалар оқылады (оқушылар жеке-жеке тоқталады).

*Мұгалімнің қорытынды сөз:*

1938 жылы Алматындағы НКВД түрмесінде атылған азаматтар жасырын түрде Боралдайдағы Қандысайға апарып жерленген. Сталиндік-тоталитарлық жүйенің салдарынан қазақ халқы өздерінін ең асыл ер-азаматтарынан айырылды. Бірақ біз оларды ешқашан ұмытпаймыз.

Балалар, 1989 жылы академик М.Қозыбаевтың төрағалық етуімен құрылған “Әділет қоғамы” қазақтың мәндай-

алды азаматтарының жерленген жерін тапты. Алматыдан 35 шақырым жердегі Талғар ауданында 2,5 мың адам құрбан болған, солардың 499-ының есімдері анықталған. Қорыта келгендे, жыл сайын 31 мамырда сталиндік құғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды еске алу күні атальп өтіледі. Алматы мен Астана қалаларында 1930—1940 жылдары құғынға ұшыраған азаматтарға арналған ескерткіш қойылды. Халық үшін басын бәйтеге тіккен боздақтар есімін үнемі қастерлеп, олардың рухына бас иеміз, аза тұтып, оларды әрдайым есімізде сақтауға тиіспіз.

**Үйге: § 19-20.**

### **§ 21. ҚАЗАҚ КЕҢЕС СОЦИАЛИСТИК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**

#### ***Сабактың маңызы.***

***Білімділік:*** Қазақ АКСР-інің одактас республика болып жариялануы, Қазақ КСР-інің құрылудының тарихи маңызы.

***Сабактың әдісі:*** салыстырмалы әдіс.

***Сабактың жоспары:*** Қазақ КСР-інің жариялануы, оның маңызы. Соғысқа дейінгі кезеңде экономиканың дамуы.

#### ***Сабактың барысы.***

а) үйымдастыру кезеңі;

ә) § 9. Қазақ АКСР-інің құрылуды бойынша қайталау-пысықтау сұрақтары қойылады.

б) жаңа сабакты схема-кесте арқылы салыстырмалы түрде түсіндіру және дәптерге жазғызу.

***Сызба-кесте***

№	Негізгі оқиғалар	Жылды	Маңызы
1	Қазақ АКСР-інің құрылуды	1920 ж.	<ul style="list-style-type: none"> <li>— РКФСР курамына енді</li> <li>— аграрлы республика болды</li> </ul>
2.	Қазақ КСР-інің құрылуды	1936 ж.	<ul style="list-style-type: none"> <li>— КСРО-ның құрамында болды</li> <li>— 1937 ж. Қазақ Кенес Социалистік Республикасының (тұнғыш) Конституциясы қабылданды</li> <li>— елде социалистік мемшік орнықты</li> <li>— ҚазАКСР-інің егеменді құқықтары, жері, өз елтаңбасы, туы, әнүраны болды</li> </ul>

Мұғалім жаңа сабакты өткен сабактармен байланыстырып, Қазақ КСР-інің құрылудының тарихи маңызы мен экономикалық дамуын ауызша түсіндіреді және жазғызды.

1. **Маңызы:** Қазақ КСР-інің саяси негізі — еңбекшілер депутаттарының Кенестері. 1937 ж. КСРО Жоғарғы Кенесіне республикадан 44 депутат сайланды.

2. **Экономика:** Коммунистік партия елді индустримальды аграрлы елге айналдыру бағытын ұстанды. Социалистік индустрияны дамытуда Қазақстан КСРО-ның шикізат көзіне, базасына айналды.

3. **Өлеуметтік** салада тұрғын үйлер, аурухана, асхана, дүкен салынды. Тың жерлерді игеру, суладыру жүзеге асты. Маман кадрлар даярлана бастады. Республикада тұрақты механизаторлар саны есті. Елде жоғарғы және арнаулы орта білімі бар агрономдар мен мал дәрігерлердің саны артты. 8 сағаттық жұмыс күні мен алтасына 6 күн жұмыс жасауга көшудің маңызы зор болды.

**Мұғалімнің қорытынды сөзі:**

Қазақ КСР-інің жариялануы республиканың мемлекеттік мәртебесін көтерді. Елде социалистік жүйе қалыптасып, дами бастады. Қазақ КСР-і КСРО құрамына, мемлекеттік, экономикалық, өлеуметтік-мәдени құрылыш міндеттерін шешуде барлық құқықтарға ие болды.

**Үйге тапсырма:** § 21. Тест сұраптарын құрастыру.

#### § 26—28. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

**Сабактың мақсаты:**

— соғыс жылдарында экономикада болған өзгерістер туралы; соғыстың шығу себебін, сипаттын түсіндіру;

— Мәскеуде, Ленинградта және басқа майдандарда соғысқан жауынгерлердің және төл еңбеккерлерінің жасаған жаппай ерліктерін көрсету;

— оқушыларды отансуйгіштікке, елін, жерін, халқын сүюге, яғни патриотизмге тәрбиелеу.

**Сабактың типі:** топқа бөлу және кинодан үзінділер көрсету.

**Сабактың әдісі:** пікірсайыс әдісі.

**Көрнекі құралдар:** “Отан-Ана шақырады” плакат. Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлігімен елге танылған Кенес

Одағының батырлары — И. Панфилов, Б. Момышұлы, М. Габдуллин, Т. Тоқтаров, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова-ның суреттері ілінеді. Буклет — Т. Бигелдинов, С. Луганский, И. Павлов, Л. Беда, С. Баймағамбетов, Н. Әбдіров, И. Айтықов, С. Нұрмамбетов, т.б... Карта, сөзжұмбак, кестесызыба, “Мәскеу түбіндегі шайқас” диафильмі, Юрий Левитаннның дауысы жазылған магнитофон таспасы.

*Қосымша әдебиеттер:* Т. Ахтанов. “Қаһарлы күндер”; Б. Момышұлы. “Артымызда Мәскеу”, “Генерал Панфилов”; Ә. Нұршайықов. “Ақиқат пен аңыз”.

#### *Сабақтың барысы.*

Пікірталас сабағының тақырыптары екі-үш апта бұрын оқушыларға өзірленуге беріледі. Топқа бөлуге де болады. Әр топтағылар өз пікірлерін айтады.

*Bірінші top:* “Барбаросса” жоспарын жасаған кезде фашистік Германияның билеушілері КСРО-ны көп ұлттың жасанды және тұрақсыз бірлестігі, өзінше бір ішкі бірліктен жүрдай этникалық конгломерат деп қарастырды. Фашистер Ғылыми-зерттеу институты деп аталған “Арбайтегемайнштафт Туркістан” атты жоғары барлау мектебін құрып, болашақтағы “Ұлкен Туркістан” картасын өзірледі. Оған Қазақстан, Әзіrbайжан, Солтүстік Кавказ, Қырым, Шыңжан, Ауғанстаннның бір бөлігі енгізілді.

Құыршақ мемлекет құру экономикалық және саяси мақсат көздеуден туындағы. Экономикалық тұрғыдан бұл өнірде ұлы герман империясы үшін қуатты шикізат және қосымша азық-түлік базасын құру белгіленеді. Қенес елін отарға айналдыру, ал оның халықтарын құлдықта ұстау гитлершілердің дүниежүзіне үстемдік орнату жолындағы басты нысаналарының бірі болды. Фашистік идеологтер қенес адамдарын саяси және нәсілдік тұрғыдан аяусыз қырып-жоюдың кең қолемді бағдарламасын өзірледі”.

*Екінші top:* “Кеңес Одағы аса қауіпті жауға карсы аттанды. Жалпыға бірдей міндетті өскери іске үйрету өрістетілді. Республикада екі миллионнан астам адам өскери даярлықтан өтті. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Құрылған бөлімдер мен құрамалар құрамы жағынан көп-ұлтты болды. Тылда командалық кадрлар даярлау жоғары қарқынмен жүргізілді: негізінен, жау уақытша басып алған аудандар мен майданға жақын өнірлерден көшіріліп өкелінген 27 өскери оқу орны соғыс жылдары ішінде 16 мың офицер даярлап шығарды”.

Республика экономикасын соғыс жағдайына лайықтап қайта құру жүзеге асырылды. Жаңа кәсіпорындардың, Қараланды шахталарының, Жезді, Шығыс Қоңырат, Мырғалымсай, Найзатас кеніштерінің, бірқатар байыту фабрикаларының, Ақтөбе ферроқорытпа зауытының, Текелі және Өскемен қорғасын-мырыш комбинаттарының құрылышы жедел қарқынмен жүргізілді. Майданға жақын өнірлерден өнеркәсіп орындарын елдің шығыс аудандарына көшіру жүзеге асырылды.

*Үшінші топ:* “Қатал соғыс жағдайында бұқараның еңбек және шығармашылық белсенділігі артты. Қорғаныс қорын жасау бүкілхалықтық іске айналды. Олар: “Еki, үш адам үшін жұмыс істейік! Еңбек майданының жауынгері майдандағы армияның жауынгерінен кем түспеуге тиіс”, — деген ұранмен еңбек етті. Социалистік жарыс барысында республикада мыңшылдар қозғалысы пайда болды. Оның бастаушысы көпзабойлы және көпқабатты озат бүрғылау әдісін республикада алғашқы болып қолданған атақты бүрғылаушы Георгий Хайдин болды. Ол күндерде жұмысшылар ұжымдарының жасампаздық ізденістерінің сипаты мен мәні жұмыс күшін және материалдық байлықтарды мейлінше аз жұмсай отырып, көп, жақсы, сапалы өнім беру керек болатын”.

*Төртінші топ:* “Жұмылдыру, көшіру және халық шаруашылық тасымал ісін қамтамасыз ете отырып, теміржолшылар қауырт жұмыс істеді. Қазақстан КСРО-ның негізгі өскери-өнеркәсіп базаларының біріне айналды. Ол 1942 жылы жалпы Одақта балқытылған қорғасының 85%-ын, молибденнің 60%-ын, 1 млн т-ға жуық жоғары сапалы мұнай берді”.

*Бесінші топ:* “Ауыл шаруашылығын қайта құру міндеті де онша оңай болған жок. 1942 жылы Қазақ КСР-інің егіс көлемі 1941 жылмен салыстырғанда 842 мың га-ға көбейіп, жалпы КСРО бойынша егіс көлемінің 30%-ын құрады. Құздік дәнді дақылдар, тары, қызылща егісі артты. Соғыс кезінде Қазақ КСР-і КСРО-ның аса ірі малшаруашылық базасына айналды. Ұжымшар мүшелері мемлекеттік мәні бар міндеттерді құлышыныспен орындал, түсінушіліктің үлгісін танытты. Ш. Берсиеvtің, Ы. Жақаевтың, Ким Ман Самның, А. Дацкованың, С. Онғарбаеваның еңбектегі данқы бүкіл елге тарады”.

“Қатал уақытта Қенес елі мен Қызыл Армия азықтан тапшылық көрген жоқ, — деп жазды “Правда” газеті. Бұған Сібір мен Қазақстан үжымшарлары, партия мен қенес үйымдары көп еңбек сінірді”.

*Алтыныші топ:* Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ қатарында мындаған қазақстандықтар шайқасқан қенес жауынгерлері барлық майданда фашистік басқышыларға қарсы кескілескен үрыс жүргізді.

Камалдыш қорғаушылар: В. Фурсов, К. Тұрдыев, А. Наганов, Ш. Шолтыров, т.б. Брест камалында тенденсі жоқ ерлік көрсеткендігі туралы айтылып, суреттері көрсетіледі.

Ұзақ жылдар соғыстың алғашқы күндерінде бірінші таран жасап, жанған ұшағын жау тобына түсірген авиаация капитаны Николай Гастелло деп саналып келгені белгілі. Әйтсе де зерттеушілер мұндай ерлікті алғаш жасаған А. Масловтың еkipажы екендігін дәлелдеді. Оның құрамында жерлесіміз Бақтыораз Бейсекбаев бар еді. А. Маслов еkipажының мүшелері Ресейдің батыры атағын алды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың үкімімен Б. Бейсекбаевқа “Халық Қаһарманы” атағы берілді”.

*Жетінеші топ:* “Майдан даласында үрыс салған мындаған қазақстандықтар отаншылдық пен ерліктің үлгісін көрсетті. Дивизия комиссары, Онтүстік-батыс майдан Өскери Қенесінің мүшесі, Ертіс өнірінің даңқты перзенті Е.П. Рыков Полтава облысының Шумейково тогайында болған үрыста ерлікпен қаза тапты. Қенес қарулы күштері орасан зор қиыншылықтарды жеңе отырып, күші басым жауға төтеп берді”.

Мәскеу түбінде 316-атқыштар дивизиясының жауынгерлері жауға қарсы батыл да ерлікпен шайқасты. Қараша-ның 18-інде дивизия командирі, ержүрек генерал Панфилов қаза тапты. Жауынгерлер оның есімін қастерлеп, өздерінің дивизиясын мақтанышпен “панфиловшылар” деп атады.

Мәскеу үшін шайқаста И.В. Карпов қолбасшылық еткен атқыштар полкі мен аға лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальонның жауынгерлері ерекше табандылық пен қаһармандық көрсетті. Дивизия жаудың төрт есе басым күштеріне қарсы кескілескен үрыстар жүргізді.

Мәскеу түбіндегі шайқаста көрсеткен ерлігі үшін 316-атқыштар дивизиясы 8-гвардиялық дивизия болып қайта

құрылышп, “Қызыл Ту” орденімен марапатталды. Жауынгерлердің өтініші бойынша дивизия даңқты командирінің атымен аталатын болды. 1942 жылғы қантар-акпан айла-рында Старая Русьтен Холмға дейінгі жорықтағы батыл да шебер қимылдары үшін дивизияға Ленин ордені, жауды шығыс және орталық Латвиядан қызып шығуға белсене қатысқаны үшін құрметті “Ригалық” атағы берілді, ал Риганы азат етуге жәрдемдескені үшін оған 2-дөрежелі Суворов ордені тапсырылды. Ерлік туралы нақыл сөздер қабырға газеттеріне қыстырылды. Музыка ойналды. Жұргізуши көпшілік алдына шығады.

### 1-жүргізуши:

“Отан-Ана жылағанда шерленіп,  
Табжылмастан төгеді еken жерге бұлт.  
“Қара бұлтты қақ жарайық”, — деді де,  
Колдарына қару алды ерленіп”.

2-жүргізуши: “Қазақстандықтар осы соғысқа қатысып, майданда жаптай ерлік көрсетті. 518 қазақстандық “Кенес Одағының Батыры” атағын алды. Соның 97-сі қазак. 1999 жылы 11 желтоқсанда Б.Момышұлына (қайтыс болған соң) “Кенес Одағының Батыры” атағы берілді. Мындаған қазақстандықтар Кенес өкіметінің орден, медальдарымен марапатталды. Женіске жету жолы қын болды. Фашистік Германияны жеңген күн тарихтағы ең әйгілі күндердің бірі ретінде адамзаттың есінде сақталатын болады”.

Осы сөтте магнитофон іске қосылады. Кенес ақпарат бюросы: “Қымбатты бауырлар! 1941 жылғы 22 маусымда фашистік Германия хабарламастан Отанымызға шабуыл жасады. Олар бізді бостандығымыздан айырып, жерімізді таптамақ. Бірақ олай болмақ емес! Біз жеңеміз, әділет әрқашан жеңбек! Фашистерге өлім келсін!” — деп хабарлады.

Осы кезде “Қасиетті соғыс” әні орындалып, көрініс өскери комиссариат алдына қарай ауысады. Ағылған халық, бәрі Отан үшін жауға қарсы қуреске жіберуін сұрауда. Көрі де, жас та, қыздар да, аналар да, өскерге іліккен жастарды шығарып салуда.

1-жүргізуши: “Соғыс — қиратушы күш, барды жоқ ететін апат. Қасиетті соғыста 70 млн адам құрбан болды, соның

20 млн-ы Кенес Одағының азаматтары, ал оның ішінде 350 мыңды қазақ болатын”.

**2-жүргізуши:**

“Сен күрметте оны!  
Тұсіндің бе, қарағым?  
Ол акшаға сатқан жоқ  
Тізеден кесіп аяғын.  
Еріккеннен ұстап жүрген жоқ  
Қолындағы ұзын таяғын.  
Денесін оқ паршаласа да  
Ел намысын қорғап қалды.  
Сен күрметте оны!  
Тұсіндің бе, қарағым?  
Сенің келешегің үшін берді ол,  
Азаттық жолында аяғын”.

**1-жүргізуши:**

“Айырылдың қанша бауыр, қанша достан?  
Жүреміз бе біз оларды аңсамастан?  
Жалғайтын ерлік жолын үрпақтарға,  
Мирас қой солар жайлы қалса дастан”.

Сабакқа қатысып отырған Ұлы Отан соғысының ардагері, үшқыш Дәмелі Жұнісқызы сөз алды. Ол өзінің басынан кешкен аса қын да қызықты оқиғаларын айтЫП, өзі жазған “Үшқыш қыздар” атты естелік кітабын (мемуарлық) оқушыларға сыйға тартты.

**2-жүргізуши:** “Іә, бұл жеңіс онайлықпен келген жоқ! Өди Шәріпов, Қасым Қайсенов, Жұмағали Саин, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев сияқты есімдері аңызға айналған ағаларымыз бер өкелерімізді, апаларымыздың есімдері тарих бетіне “Батыр” деп жазып қалдырылды”.

**1-жүргізуши:** “Құрметті, аналар, өкелер, оқушылар, сол ағалардың рухына бас иіп, 1 минут еске алайық”.

1 минут еске алдық.

**2-жүргізуши:** “Жеңіс туын алғашқы боп қадаған өкелер ерлігін мақтана, шаттана, мерейлене жалғастырайық”.

**1-жүргізуши:** “8 мамырда Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындағы”.

**2-жүргізуши:** “1945 жылғы 9 мамыр. Мың зеңбіректен 30 дүркін отшашу берілді. Міне, Жеңіс күні осылай келді”.

*Сегізінші топ:* “Мәлік Фабдуллин басқарған автоматшылар тобы жау танкілерін жойып, өз бөлімшелерін қоршаудан алғы шықты. Неміс фашистеріне қарсы ұрыстарда көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін Фабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді”.

Қазақстандық өскери құрамалардың үштен бірі Ленинград түбінде соғысты. Балтық флотында бір гана “Киров” қызыл тулы крейсерінде 156 казақстандықтар жауынгерлік сапта тұрды.

Ленинград үшін шайқастардың ауыр күндерінде Сұлтан Баймағамбетов жаудың арнайы салған қорғаныс ұясының оқ жаудырып тұрган аузына кеудесін тосып, қаза тапты. Сол үшін оған қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ораиенбаум алғы шебінде 48-атқыштар дивизиясының атақты мергені Дүйсенбай Шыныбеков те шайқасты.

1941 жылғы қыркүйектің ауыр күндерінде қазактың халық ақыны Жамбыл ленинградтықтарға “Ленинградтық өренім!” деген жырын арнап, көпүлттүң еліміздің бүкіл еңбекшілерінің ой-пікірін, сезімі мен аландашылығын білдірді...

*Мұхалімнің қорытынды сөзі:* “1418 күнге созылған Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуымыздың себептерінің бірі тыл жұмысындағы еңбеккерлердің ерен енбегінің нәтижесі еді. Егіншілік пен мал шаруашылығы шеберлерінің қатары есті. Бүкілхалықтық “Женіс қоры” құрылыш, оған республиканың барлық кәсіпорындарынан озат жұмысшылар өз үлестерін қосып жатты. 1944—1945 жылдары жаңа өнеркәсіп обьектілері: Текелі қорғасын-мырыш комбинатының алғашқы кезегі, Белоусов байыту фабрикасы, Ақмола ауыл шаруашылығы машиналары зауыты пайдалануға берілді. Қайта өндеу металлургия зауыты өнім беретін кәсіпорындар қатарына қосылды”.

Үйге: § 26—28.

### § 33. САЯСИ ҚЫСЫМ ЖАҒДАЙЫНДА

#### *Сабактың мақсаты:*

— коммунистік партия билеген тұста Қазақстан лагерьлер өлкесіне айналып, онда жазықсыз адамдардың жазалаңып азап шеккендігі, “Хрущев жылымығы” деп аталған

кезең, ұлт зияллыларының қайта қудалануы туралы баяндау;

— әділетсіздікке тәзбеуге, халық арасынан шыққан ұлы тұлғаларды қадірлей білуге тәрбиелеу;

— оқушылардың өз беттерінше қорытынды жасап, құбылыстарды салыстыра, айырмашылығын ажыратада білуге, зерттеу әдістерін менгеруге үйрету.

*Дағдылар:* көрнекі құралдар және қосымша әдебиеттер, Қазақстанның саяси картасы. А.Тасымбеков. “Жан дауысы”, “1950 жылдардың басында қазақ тарихы қалай қыс-паққа алынды?” (“Қазақ тарихы”, 1994 ж.); Е. Бекмаханов. “Тарих рецензияның жасалмайды” (“Егемен Қазақстан”, 2000 ж.).

*Базалық білім:* Алашорда партиясының қудалануы, 1937 жылғы саяси құғын-сүргіндер.

*Сабактың типі:* “ойтұртқі” сабағы. Қазақстандағы лагерълер. Демократияның лебі. Ұлт зияллыларын жазалаудың жаңа толқыны.

*Сабактың нәтижесі:* сталиндік тоталитарлық әкімшілік-тің Қазақстан жерін саяси тұтқындарды үстайтын лагеръге айналдырып, жазықсыз жер аударылғандар отбасынан ажырап жетім қалған балалардың өмірін, ұлт зияллыларын қудалау, ату арқылы халқымыздың акыл-ойын тежемек болған тоталитарлық жүйені өшкерелеу.

*Сабактың барысы.* Откен сабак пен жаңа сабакты байланыстыру үшін оқушыларға қойылатын сұрақтар:

1. Өміршіл-әкімшіл басқару жүйесі деген не?
2. Қазақстанның құқығы жоқ мемлекет болғандығын немен дөлелдеуге болады?

Мұғалім жаңа сабактың материалын күн ілгері деректі мәліметтермен таныс оқушыларды қатыстыра отырып әнгімелейді. Қазақ ССР Атқару Комитетінің төрағасы Құлымбетов Ұзақбай мен басқа да азаматтардың қарсылығына қарамастаң, әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі Қазақстан жерінде Ақмола мен Қарағанды арасынға ҚарЛАГ, “АЛЖИР”, т.б. далалық лагерьлерін салды. Мысалы, АЛЖИР-де 25 бөлімше болған. Оnda 22 мыңдан астам жазықсыз жазаланған, “отанын сатқандардың” өйелдері азап шекті. Сотталған аналар орналасқан лагерьді қөшпілік “АЛЖИР” (“Ақмолинский лагерь жен измеников родины”) деп атап кеткен.

Лагерьде Мәскеуден, Ленинградтан, Қазақстаннан сотталған қайраткерлердің әйелдері — мұғалім, әртіс, дәрігер, инженер, режиссер, ғалым, жазушы, партия қызметкерлері болды.

**1-оқушы:** Деректі материал оқиды.

“Абақтыда отырган әйелдердің кейбіреулері қындыққа шыдамай жынданып кеткен, өзін-өзі өлтірген. Жұмыстың таңғы 4-тен түнгі 12-ге дейін істеген. Жер қазған, фабрика салған, киім тіккен, қамыс орган”.

**2-оқушы:** С.Қожановтың әйелі Құләнданың өлеңін оқиды.

“Ақмола, Қарағанды арасында,  
Кой бақтым Батық, Жарық даласында.  
Сактаймын он көзімдей бакқан қойды,  
Ешбір ой қойдан басқа болмай қойды.

Алыста жылай-жылай бала қалды,  
Жұрген жер Ақмола мен Қарағанды.  
Қайран, ел, сені көрер күн бар ма екен?  
Мұнымды алыс-жакын тыңдар ма екен?”

**Оқытушының өңгімесі:** міне, қандай ауыр заманды басы-  
мыздан өткіздік, өкемізді өке, анамызды ана деп айта алма-  
ған кезеңдер болған. Әміршіл өкіметтің басшысы Сталиннің  
қысымымен Қазақстан жері лагерьге ғана айналған жок,  
соғыс кезінде фашистерге сатылып кетеді деген оймен  
көптеген ұлт өкілдері, 1945 жылғы мәліметтер бойынша 2  
млн 464 мынға жуық адам Қазақстанға зорлап көшірілді.  
Қазақстан солардың да қонысына айналды. Көшіл келген-  
дерге қазақ халқы көмектесті. Ата-бабаның адамгершілік  
істерін сендер мақтап етулерің керек. Көшіл келгендердің  
көбі біздің елімізде қалып қойды. Ал соғыста жау қолында  
амалсыздан қалып қойғандарды да соғыс біткен сон Қазақ-  
станға жер аударды. Осы айтылғандардың бәрі Қазақстан-  
ның сол кездегі құқықтық жағдайын да айқындайтын еді.

**“Хрущев жылымығы” туралы.**

**Күрсааралық байланыс:** дүниежүзі тарихынан оқыған-  
дарымызды еске түсірейік.

1. КОКП XX съезі қай жылы болды?
2. Н.Хрущев өзінің баяндамасында не туралы айтты?
3. Баяндама сол кезде неге жарық көрmedі?

Өрі қарай мұғалім Н.С. Хрущев кеңестік өмірде бұрын  
болмаған өзгеріс жасауға тырысқан басшы екендігін айта-  
70

ды. “Хрущев жылымығы” Сталиннің “аязынан” кейінгі ұзакқа созылмаса да, едәуір адамды жылытып, қатқан тоңды жібітіңкіреді. Соның нәтижесінде 1937—1938 жылдары жазықсыз жазаланған қайраткерлер — Ұ. Құлымбетов, Т. Жүргенов, О. Исаев, И. Мирзоян, т.б. есімдері қайта оралып, ақталды...”

— Міне, бұл оқиғалар қалайша көрініс берді? — деп, окушылардың өздеріне сұрақ қойып, тақырыпты талқылауды жалғастырамыз. Оған окушылар шамамен мынадай жауаптар беруге тиіс:

— Саяси құғынға ұшырағандар тольк құтталған жоқ.

— Соғыс кезінде көшіріліп әкелінген ұлт өкілдері — корейлер, немістер, қырым татарлары, месхет түріктерінің құқықтары ескерілмеді. Олар еліне қайтарылмады.

— Әміршіл-әкімшіл басқару жүйесі жойылмады...

*Келесі тақырыпша. “Ұлт зиялышыларын қудалаудың жаңа толқынын” таратпа карточкалардың көмегімен түсіндіріп көрейік.*

### ***Сұрақтар***

1. “Звезда”, “Ленинград” журналдары неге сынады?
2. “Дөрігерлер ici”, “Ленинград ici” дегендер нені білдіреді?

Оқушылар берілген сұрақтарға жауап берген соң, мұғалім БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы тамыздағы қаулысының Қазақстандағы ұлт зиялышыларын қайта қудалаудың бастамасы болғанын баяндайды. Аталған қаулыға сәйкес 1947 жылы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің қаулысы шықты. Онда тарихты, әдебиетті, өнерді зерттеуде орын алған саяси қателіктер мен ұлтшылдық бүрмалаушылыққа қарсы күресті кеңінен өрістету керектігі айтылды. Қоپтеген әдебиет, өнер және ғылым қайраткерлеріне саяси айып тағыла бастады.

Одан әрі мұғалім Қазақстанда жүргізілген саяси қудалаудардың негізгілеріне тоқталады. Олар мыналар: 1947 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы “саяси қателер”, “Бекмаханов ici”, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ю.Домбровский, т.б. Қазақстаннан кетуге мәжбүр болғаны туралы баяндайды.

Жаңа сабакты бекіту үшін мұғалім қыскаша корытынды жасайды. Онда осы тақырып бойынша қарастырылған негізгі мәселелерге тоқталып өтеді.

**Үйге: § 33. Тест құрастыру.**

## § 35. ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРҒА ТАЛПЫНЫС. ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ

### ***Сабактың мақсаты:***

- оқушыларды тоқырау жылдарында қалыптасқан әлеуметтік-демографиялық ахуалмен, бұқараның түрмис жағдайларындағы өзгерістермен таныстыру және оларға тарихи шындық түрғысынан баға беру;
- отаншылдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу;
- үлттық демографиялық даму жағдайларына назар аудара отырып, компартияның әлеуметтік-демографиялық саясатының мәнін ашу.

***Сабактың типі:*** іздену сабакы.

***Сабактың әдісі:*** көрнекі қуралдарды көрсете отырып баяндау, зерттеу элементтерін енгізе отырып, оқушылардың өздігімен жұмыс істеуін талап ету.

***Көрнекі құралдар:*** “Жергілікті ұлт өкілдерінің қала тұрғындары ішіндегі және өнеркәсіптегі үлесі” атты кесте; диаграммалар: “Үлттық зиялдық қауымның қалыптасқан үйлесімдік ауытқуы”, “Республика тұрғындары арасындағы қазақтардың үлесі”, “Халықтың түрмис деңгейінің жоғарылауы”.

***Базалық білім:*** 1957 жылдан 1960 жылдардың ортасына дейінгі кезеңде жүргізілген реформалар және олардың сәтсіздікке ұшырауы, қарастырылып отырған кезеңде халық түрмисінде болған өзгерістер туралы мағлұматтар.

***Tірек ұғымдар:*** демографиялық саясат; кенттену (урбандалу үдерісі); жергілікті ұлт өкілдерінің өнеркәсіпке тартылуы; үлттық жұмысшы табы; үлттық зиялдық қауым өкілдерінің сапалық көрсеткіші; түрмис деңгейі; түрмис деңгейінің өсу қарқынының салыстырмалылығы; өнеркәсіптегі таза өнімдегі жалакының үлесі; халық түрмисіндағы өрлеу және іркілістер үдерісі.

***Сабактың нәтижесі:*** осы сабакты өту барысында оқушылар Кеңестер билеген жылдардағы жергілікті ұлт өкілдерінің жалпы республика тұрғындары арасындағы үлесін азайтуға және оларды қала өнеркәсібінен, ғылым мен техникадан, экономиканы басқару тұтқаларынан аулақтатуға бағытталған демографиялық саясаттың мәнін түсінеді; үлт зиялдыларының сапалық көрсеткіштерін менгереді; түрмис деңгейінің өсу және дағдарыс үдерістерімен танысады, олардың әлеуметтік сырларына үніледі.

*Сабактың барысы.* Параграфта сандық мәліметтер мол берілген. Мұндайда ол цифрларды кестелер мен сыйбаларға салып жүйелу арқылы ой қорытқан жөн. Бұл сабактың өвристикалық әдіспен жүргізілуін айқындайды.

Оқушылардың ізденіс жұмыстары екі сатыдан тұрады. Алғашқы кезекте олар оқулықтағы мәліметтерді пайдалана отырып кестелер сыйады, графиктер құрады.

*1-тапсырма.* Мұғалім бірінші тақырыппадағы өнеркәсіпті қалаларда тұратын және барлық жұмысшылардың арасындағы өнеркәсіpte істейтін жергілікті ұлт өкілдері үлестерін көрсететін 10-кестені сыйуды тапсырады. Ол кесте мынаidай болып шығуы тиіс.

Сабакта интерактивті тақта мен слайд арқылы диаграммаларды көрсету.


10-кесте

#### **Жергілікті ұлт өкілдерінің қала тұрғындары ішіндегі және өнеркәсіптегі үлесі**

Солтүстіктерінің өнеркәсіпті қалалардағы жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі	Жергілікті ұлт өкілдерінің арасындағы жұмысшылардың үлесі	Республика бойынша өнеркәсіpte істейтін қазак жұмысшыларының үлесі	Жоғары білікті жұмысшылардың үлесі
3%-дан 15%-ға дейін	20%	12%	3%

*2-тапсырма.* Оқулықта келтірілген мәліметтерді пайдалана отырып, қазақ ұлты өкілдерінің республика тұрғындарының арасындағы үлесін көрсететін диаграмма сыйзу. Ол былай болып шығу керек.

1-диаграмма



Республика тұрғындарының арасындағы қазақ ұлты өкілдерінің үлесі (тұрғындар санағының қорытындысы бойынша)

Кесте мен диаграммалардың күрылымын жасау үстінде оқушылар қиналатын болса, мұғалім тиісті көмек көрсетеді, нұсқау беріп, бағыт сілтейді. Кесте мен сызбаларды толтыруға қажетті сандық цифрлар мен даталарды іздеу үстінде оқушылар тақырыптың мазмұнымен танысады. Дегенмен түпкілікті мақсатқа қол жеткізу үшін материалдарды пайдалана отырып, одан әрі жұмыс жүргізу керек. Оқушылар құбылыстың мәнін түсінуі керек. Ол үшін мына сұрақтардың төнірегінде жұмыс жүргізуге тұра келеді.

#### **1-тапсырмага қатысты қойылатын сұрақтар**

1. Жергілікті ұлт өкілдерінің ішінде жұмысшылар үлесінің аз (20%) болуының себебі не?
2. Ирі өнеркәсіпті қалалардағы (өсіреле республиканың солтустігінде) жергілікті ұлт өкілдері үлесінің (3%-дан 15%-ға дейін) болуының себебі не?
3. Өнеркәсіпте істейтін қазақ жұмысшылары үлесінің (12%), солардың арасында жоғары білікті мамандар үлесінің (3%) аз болуын қалай түсіндіруге болады?

*Оқушылар бұл сұрақтарға шамамен мынадай жауаптар беруі мүмкін.*

**1-оқушы:** “Қазақ — бұрыннан малшы халық. Мал бағып, оның өнімдерін пайдаланып, кең жайлауда еркін көшіп жүргенді ұнатады. Өнеркәсіпте жұмыс істеу ауыр, қатал уақытпен шектелген. Қалада бәрі сатулы. Ал малшылық көсіп пайдалы әрі бала жастаң әр қазаққа етene таныс жұмыс. Сондықтан қазақтардың ауылда тұрып, малшылық көсіпте таңдал алғанын қалар едім”.

**2-оқушы:** “Қалада тұру, өнеркәсіп орындарында жұмыс істеу пайдалы әрі жеңіл. Қала адамы таза жүреді, білімді және мәдениетті келеді. Уақыттымен демалады. Мал бағу — өте ауыр жұмыс, өсіреле қыстың аязды, боранды күндері малды бағу тіпті қынданап кетеді. Қазақтар қаладағы тұрмыс жағдайды білмегендіктен мал бағумен айналысады...”

**3-оқушы:** “Мал бағу — механикаландыру деңгейі төмен, ауыр, уақытпен санаспайтын, еңбекақысы да аз жұмыс. Қалада тұрып, өнеркәсіп орындарында жұмыс істеу малшылыққа қарағанда барлық жағынан жоғары, еркениеттіліктің көрінісі. Ал Ресейден көшіріліп әкелінген өзге жұрт өкілдерін қалаларға шоғырландырып, қазақтарды алыс аудандарға қалдыруға тырысу — сол кездегі шовинист басшылардың әлеуметтік-демографиялық саясатының салдары...”

Мұғалім З-оқушының жауабының дұрыстығына оқушылардың көнілін аудартады.


### **2-тапсырмага қатысты қойылатын сұрақтар**

1. Республика тұрғындары арасында қазақ ұлты өкілдері үлесінің біртіндеп арту себебі неде? Және оның қандай салдарлары бар?

*Оқушы:* “Тың және тыңайған жерді игеру жылдарында және одан кейінгі кезеңде республика аумағына өзге ұлт өкілдерінің қоғамастандырылуына қарамастан тұрғындардың арасында қазақтардың үлесі біртіндеп артып отырды. Оның себебі қазақтар арасында туу көрсеткішінің жоғарылығынан және тың игеру науқанынан кейін шеттеген келгендердің арасынан республика аумағын тастап кетушілердің көбейе бастауды болды. Бұл құбылыс қазақ халқының өз жерінде ұлттық азшылық жағдайынан шығуына септігін тигізді...”

“Халық тұрмысы деңгейінің өлшемдері” деп аталатын екінші тақырыппаның негізгі идеясы қарастырылып отырған кезеңде халықтың тұрмыс жағдайының біртіндеп жақсарғаны, сонымен қоса бұл көрсеткіш сол кезеңдегі дамыған елдермен салыстырғанда төмен болуымен айқындалады. Мұны төмөндегі диаграмманы пайдаланып түсіндруге болады.

2-диаграмма



Халықтың тұрмыс деңгейінің жоғарылауы (сом)

- (1) — өнеркәсіп жұмысшыларының табысы;
- (2) — жұмысшылар мен қызметкерлердің орташа айлығы;
- (3) — айлық зейнетакы.

Үйге: § 35.

## § 36. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫГЫНЫҢ ДАМУЫ. ТЫҢ ИГЕРУ

### *Сабақтың маңыстары:*

— соғыстан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылығының артта қалу себебін тауып, ауыл шаруашылығын алға бастыру үшін қолданылған шараларды оқушыларға жете түсіндіру.

*Көрнекі құралдар:* тыңгерлер туралы фотоальбом: Ж.Демеев; А.Исқақов; Н.Малғаждаров; Н.Геллерт; Л.Картузов; М.Довжик; К.Дөненбаева; М.Айтбаев; В.Дитюк, т.б.

*Сабақтың типі:* телекөпір сабағы.

*Сабақтың әдісі:* топқа бөлу арқылы “мамандар” жөне “тың игерушілер” тобы болып бөлу.

*Қосымша әдебиеттер:* Жұбан Молдағалиев. “Тың атты айқас мекені”; М.Довжик. “Бір күн бір жылға тең”.

*Сабақтың барысы.* Оқушыларды ұзыннан-ұзақ үстел қойып, екіге бөліп отыргызамыз (теледидардағы сияқты). Үстел басына зангер, тілші, егінші, зерттеуші, тарихшы, ақын болып оқушылар жайғасады.

Тақырып ауқымды, терең мағыналы болғандықтан, оқушыларға екі апта бұрын тапсырма беріледі. Сынып екіге бөлінеді. Мұғалімнің азгана түсініктемесінен кейін бір жағы тың игерудің сөулелі, жақсы жақтарын айтатын болса, екінші жағы тың игерудің зардалтары — жағымсыз жақтары туралы айтады. Оқушылар өз пікірлерін тақтага сызылған кесте арқылы баяндап, айтып береді. Телекөпірге жиналған “мамандар”, “тың игерушілер” сөз алады.

“...Сөлеметсіздер me, теледидар көрермендер! — деп бастайды телекөпірді жүргізуши. — Біз студияға тың игерушілерді, егіншілерді шақырып отыргандықтан тың игеру саласында еліміздің қол жеткен жетістіктеріне тоқталайық. Одақ бойынша 1954 жылы 13,5 млн га жер жыртылды. Қазақстанның бір өзінде 1954 жылдың тамыз айында 6,5 млн га жер жыртылып, тың игеру Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Қоқшетау, Торғай, Павлодар облыстарында жүзеге асырылды. Бұл Қазақстанның солтүстік облыстары еди. 1955 жылы жоспардағы 7,5 млн га-ның орнына тағы 9,4 млн га жер жыртылды.

Жоғарыда сөйлеген оқушылар қосымша көркем әдеби шығармаларды пайдалана отырып, тың игерудің жағымды жақтарын саралап, зерттеп айтып бөлімге бөледі.

*1-оқушы:* “Қазақстан тың игерудің нәтижесінде 1956 жылы 1 млрд пүт астық тапсырды”.

**2-окуши:** “Тың игеру ерлігі жоғары бағаланып, жүздеген, мындаған тың енбеккерлері ордендермен, медальдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды”.

**3-окуши:** “Темір тұлпарды ерттеп мініп, табыстың тайқазаның тасытқан К.Дөненбаева, Н.Геллерт, Н.Малғаждаров, Ж.Демеев, А.Исқақов, Л.Картаузовтың есімдері бүкіл елге танымал болды”.

**4-окуши:** “Ауылмен салыстырғанда қала тұрғындарының саны есті, 1959 жылы үлес салмағы 44%-ға жетті. Қала тұрғындарының бұлай өсуіне өнеркәсіптің, көлік турлерінің, ғылым мен мәдениеттің жедел қарқынмен дамуы тікелей себеп болды. Ауыл тұрғындарының белгілі бір бөлігі қалаға көшті. Осы жылдары Қазақстанда 15 қала, 86 қала тәріздес поселке жаңадан салынды. Тың астығын тасу үшін мындаған шақырым теміржолдар, тасжолдар салынды”.

Телекөпірге зерттеуші келді. Ол ауыл шаруашылығының экстенсивті дамуының себебін түсіндіреді. Топырақ эрозиясы күштейді. Жердің құнары (гумус қабаты) желге үшты. Жайылым жерге егін егіп тастағандықтан мал жайылатын жер ерісі тарылды. Осының салдарынан мал саны кеміді. Ақмола облысында 19 көлдін сұы тартылды. Аққу-қаздар жойылды. Өлкенін ауа райы бұзылды. Экологиялық тепеңдікті бұзу өте ауыр жағдайға душар етті.

**Сөз кезегі демографқа келді. Ол мыналарды баяндаады:** “Тың игеру кезінде республикаға көшіп келушілер саны қисapsыз көп болды. 1954 жылдан 1962 жылға дейін 2 млн-ға жуық адам келді. Мұның үстіне осы жылдары республиканың өнеркәсібінде құрылымы және көлік саласында жұмыс істеу үшін одан тысқары жерден кең көлемде жұмыс күшін тарту орын алды. Осы жолмен 1954—1955 жылдары Қазақстанға 0,5 млн адам қоныс аударды. Одан кейінгі жылдарда да республиканың өнеркәсібіне, құрылымына сырттан, үйимдасқан түрде жұмысшылар мен мамандарды әкелу жалғаса берді.

Осының бәрі елдің байырғы тұрғындары — қазақ халқы мен басқа халық өкілдері арасында сан жағынан алшактықты туғызды. 1959 жылғы санақтың корытындылары бойынша қазақтар сан жағынан өз республикасы тұрғындарының үштен бірінен де аз немесе 30%-ыға болды. Ал 1897 жылы қазақтар Қазақстанды мекендеушілердің 85%-на тең еді”.

*Теледидарга келген ауыл шаруашылығы еңбеккерлері былай дейді: “Тыңның материалдық-техникалық базасын нығайту, ауыл шаруашылығын қарқынды даму жолына түсіру туралы көп сөздер айтылғанымен, ол баяғы сез жүзінде қалды да, ауыл шаруашылығы өзінің экстенсивті мәнін жоя алған жоқ. Тыңда үйымдастырылған кеңшарларға бөлінген тракторлар мен басқа да машиналар ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту жолындағы ірі қадам ретінде кең турде дәріптелгеніне қарамастан, сол кезде іріленген ұжымшарға тозығы жеткен комбайндар, тракторлар мен автомашиналар берілгендігі туралы еш нөрсе айтылмады. Ол дені қазак ауылдарының басын біріктірген шаруашылықтар еді. Зерттеуші А. Тюринаның пікірінше, 1960 жылдардың басында өлі де экономикасы нығая қоймаган ұжымшарларға ауыр да өділтесіз шарттармен таратылған МТС-тердің техникасын сату ауыл шаруашылығы өнімдерінің күрт темендеуіне әкеліп соқты. Жеті жылдықта (1959—1965) белгіленген жалпы өскен өнімнен 70%-дың орнына 15% ғана өнім алынды. Үлкен көрсеткішке қол жеткізу үшін аса үлкен аумақтар жыртылды”.*

*Телекөпірге келген мал шаруашылығы еңбеккерінің сөzi: “Миллиондаған гектар жер жыртылып, жайылымдар мен жемшөп дайындастын алқаптардың көлемі тарылды. Тың жерге елді мекендер салу мен жаңа құрылыштар салудың нәтижесінде мал басы кеміп, қала тұрғындарын мал өнімдерімен қамтамасыз ету нашарлады. Мал санының азаюы еттің, сүттің, т.б. өнімдердің азаюына әкеліп соқты”.*

*Телекөпірге заңгерлер келді.*

*Заңгердің пікірі: “Тың жерді игеруге байланысты оған адал еңбек етуге өртүрлі мамандық иелері мен жас патриоттарға келіп қойған жоқ, олармен бірге онай пайдада табуды көздең арамтамақтар да, көптеген қылмыскерлер де келді. Мысалы, ғылыми мәліметке жүгінсек, Қазақстанға тың игерудің алғашқы екі жылында келген 650 мың адамның ішінде тыңға қажетті механизатор мамандар 150 мың ғана болатын. Осындай жайсыз құбылыстардың себебінен көптеген жерде жаңадан құрылған шаруашылықтардың материалдық-техникалық базасын нығайту, ауыл шаруашылығын қарқынды даму жолына түсіру туралы көп сөздер айтылғанымен, ол баяғы сез жүзінде қалды да, ауыл шаруашылығы экстенсивті дамуын тоқтата алған жоқ”.*

## **Ойын.**

*Ойынга қатысушылар телекөпір үстеліне жайгасады.*

Алдын ала дайындал қойған, таңдал алғынған сұрақ оқылады. Сұраққа үстел үстінен қойылған қоңырауды кім бірінші қақса, сол жауап береді. Үпай саны бойынша келесі турға қатысатын оқушы белгілі болады. Ойынның үшінші турына қалған оқушы бір минутта бірнеше сұраққа жауап беруі керек. Сөйтіп, өрі білімді, өрі жылдам оқушы жеңіске жетеді.

*Ойынның қорытындысы шыққан соң жұлдегерлер жұлдесін алады. Женімпаздар марараптталады. Такырып екі сағатқа берілгендейдің қалған уақытта тақырып бойынша мәтінмен жұмыс жүргізіледі. Мәтінді, пікірді қорытып жинақтап айту, кейіпкер іс-әрекеттерінің себеп-салдарын, жақсы-жаманын талдау бағалау, оларды салыстыру, топтау, жинақтау мақсаты көзделеді. Ондай сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы мәтінді талдау барысында оқушылардың алған білімдерін қазіргі өмірмен салыстыру мақсаты көзделеді. Сабакты бекіту кезінде бірнеше тест сұрақтары беріледі, оқушылардан жауап алынады.*

1. 1950 жылдардағы ауыл шаруашылығы қандай жолмен дамыды?
  - а) қарқынды;
  - ә) экстенсивті;
  - б) нарықтық;
  - в) қайта құры.
2. Тың игеру қарсанында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Бірінші хатшысы болып кім сайланды?
  - а) Брежнев;
  - ә) Қонаев;
  - б) Пономаренко;
  - в) Жұнісбаев.
3. Тың игеруге байланысты 1954 жылы Қазақстанда қанша жер жыртылды?
  - а) 4,3 млн га;
  - ә) 6,5 млн га;
  - б) 7,6 млн га.
4. 1956 жылы Қазақстан тыңынан қанша астық жиналды?
  - а) 10 млн т;
  - ә) 16 млн т;
  - б) 18 млн т;
  - в) 20 млн т.
5. Тың және тыңайған жерді игерудің қандай келенсіздіктері болды?
  - а) жердің күнарлы қабаты желге ұшты;
  - ә) топырақ эрозиясы күшнейді.

6. Тың игеру Қазақстанның қай облыстарында жүзеге асты?
  - а) Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қокшетау, Торғай, Павлодар;
  - ә) Алматы, Талдықорған, Семей, Оңтүстік Қазақстан;
  - б) Қызылорда, Шымкент.
7. Тың жөне тыңайған жерді игерудің екі жылға арналған жоспары қанша жылда орындалды?
  - а) 2 жылда;
  - ә) 1 жылда;
  - б) 3 жылда;
  - в) 5 жылда.
8. Тың игеру кезінде Қазақстанға қанша адам тұрақты тұру үшін көшіп келді?
  - а) 1 млн;
  - ә) 1,5 млн;
  - б) 2 млн;
  - в) 3 млн.
9. Халықаралық аукциондар мен жәрменкелерге қаракөл терісін ендіруден қатысқан мойынқұмдық шопан:
  - а) Ш. Берсиеев;
  - ә) Ж. Қуанышбаев;
  - б) Ким Ман Сан;
  - в) С.Бұркітбаев.
10. 1965 жылы республикада мал саны қанша болды?
  - а) 32 млн;
  - ә) 34 млн;
  - б) 39 млн;
  - в) 42 млн.
11. 1959 жылы республика тұрғындары арасындағы қазақ халқының үлес салмағы қандай болды?
  - а) 30%;
  - ә) 42%;
  - б) 56%;
  - в) 85%.

Оқушылардың білімін бағалап, *мұғалім өзі қорытынды жасайды*: “Қазіргі нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығының жағдайы нашарлап, көптеген ауыл шаруашылығының белді мамандары жұмыссыз жүр. Ауылдан қалаға көшіп кетіп жатыр. Қалада да мардымың жұмыс тауып кетіп жатқандары шамалы. Соңдықтан:

Үлтаратай болса да,  
Атақоныс жер қымбат.  
Ат төбеліндей болса да  
Тұып-өскен ел қымбат, —

деп халық айтқандай ауыл шаруашылығын дұрыс жолға қоймай халқымыздың шаруашылығы артып, хал тұрмысы жақсара ма?

Ерте кезден-ақ халқымыз табиғатты қастерлеп, бар өмірі табиғат аясында өткен. Ардақты азаматымыз, ғұламағалым Қаныш Сәтбаевтың мына бір жаң табірентер жүрек толғауы ойға оралады: “Тұған жердің тағдыры толғант-паған, жаңы тебіреніп ол туралы ойламаған жігітті қайтіп азамат дейміз?” — десе, халқымыздың мақтанышы Шоқан Үәлиханов: “Табиғат, адам, өзінің айтынышы, тіршілікте одан ғажап, олардан қупия не бар?” — деп атап көрсеткен.

Құрметті, оқушылар! Сөзімнің сонында:

Тұған жерді сую парыз!  
Сую үшін білу парыз!  
Касиетін ұғу парыз!  
Күзетінде тұру парыз! —

демекші тұған жерімізді Жер-Ананы қастерлеп, оның ауыл шаруашылығын дұрыс жолға қоймай жағдайымыз жақсар-мақ емес”.

Үйге: § 36.

### § 38. ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРДІҢ ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ

#### *Сабактың маңсаты:*

- социалистік жолмен даму қайшылықтарының көріністері туралы түсінік беру; КСРО-ның 1977 жылғы, Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциялары, түнделген психологияны туралы баяндау;
- демократизмге тәрбиелеу;
- қоғам дамуындағы қайшылықтарды аша отырып, даму туралы ой корыту.

*Сабактың типі:* аралас сабак.

*Сабактың әдісі:* картаны пайдалана отырып баяндау, құжаттармен жөн таратпа материалдармен жұмыс істеу.

*Көрнекі құралдар:* Дүниежүзінің саяси картасы; хронологиялық кесте; таратпа материалдар; Д.Қонаевтың портреті.

*Базалық білім:* алдыңғы тарауда айтылған, Қазақстаның соғыстан кейінгі онжылдықтардағы дамуы туралы мағлұматтар: 1960 жылдардың ортасындағы халықаралық жағдай, кейбір елдердегі социализмге наразылық көріністері, Чехословакияда, Польшада, Қытай Халық Республикасында болған оқығалар.

*Тірек ұғымдар:* тоқырау жылдары; КОКП билігінің КСРО Конституциясында заңдастырылуы; КСРО-ның 1977 жылғы Конституциясы; Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясы; бұқаралық тұңғулу психологиясы.

*Сабактың барысы.* Бұл — жаңа тараудың алғашқы сабагы. Бұл тарауда оқушылар еліміздің дамуының жаңа бір кезеңінде болған оқигалармен танысады. Сондықтан сабак мұғалімнің дүниежүзі картасын пайдалана отырып баяндауымен басталады. Бұл баяндауында мұғалім мына екі мәселенің басын ашып береді. Оның біріншісі — тоқырау жылдары ұғымы, екіншісі — 1960 жылдардың ортасынан бастап, одан өрі 1970 жылдар ішінде кейбір елдердің социалистік бағдардан бас тарту құбылыстары.

Тоқырау жылдары деген шартты ұғым. Бұл 1960 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың ортасына дейінгі екі онжылдықты көрсетеді. Екінші мәселені мұғалім 1968 жылғы Чехословакия оқигаларын, 1970 жылдар ішіндегі Польшадағы “Ынтымак” козғалысының саяси қызметіне байланысты жағдайларды, 1970 жылдардың соына қарай Қытайдағы экономикалық реформаларды мысалға ала отырып түсіндіреді. Одан өрі мұғалім саяси-экономикалық дағдарыстың КСРО-ны да қамтығанын айта келіп, бұл тығырықтан шығудың әдісі ретінде коммунист идеологтердің кемелденген социализм туралы тұжырымдаманы ойлап тапқанын баяндаиды. Бұл тұжырымдаманың толық сипаттамасын беру міндетті емес.

Сабактың келесі сатысына кіріспес бұрын мұғалім Д. Қонаевтың республика партия үйімінің басшысы жұмысына келгені туралы оқушыларға мағлұматтар бере кетеді.

Сабактың екінші бөлігінде мұғалім оқушыларды құжаттармен жұмыс істетеді. Ол үшін “Қазақстан тарихы” хрестоматиясынан КСРО-ның 1977 жылғы Конституациясынан және Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясынан келтірілген үзінділерді мұғалім алдын ала тауып, айтылып жатқан мәселелерге қатысты баптарды оқып, белгілеп алуы керек. Құжаттармен жұмыс барысында оқушыларға мынадай сұраптар берілуі мүмкін:

### Хронологиялық кесте

Қантар, 1960 жыл	Дінмұхамед Қонаевтың Республика партия үйымының Бірінші хатшысы болып сайлануы
7 қараша, 1967 жыл	Қазан төңкөрісіне 50 жыл. “Кемелденген социализм” туралы жана тұжырымдаманың жариялануы
Желтоқсан, 1977 жыл	КСРО Конституциясының қабылдануы
Сәуір, 1978 жыл	Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы

1. 1977 жылды КСРО Конституциясының 6-бабын оқып, мазмұнын баяндап беріндер.
2. “Кеңес қоғамының басты және бағыт беруші күші, оның саяси жүйесінің үйіткісі — КОКП” дегенді қалай түсінесіндер?
3. Ол кезде КОКП-дан басқа саяси партия болды ма, болуы мүмкін бе еді? Оның себебі неде?
4. Вір партияны бүкіл қоғамдағы басты билеуші күш ретінде таңып, оны конституциялық деңгейде зандастырып тастау демократизмге жата ма?
5. 1978 жылды Қазақ КСР-і Конституциясынан Қазақстан Компартиясы туралы бапты іздел табындар және оның қоғамдағы орны туралы не жазылғанын айтындар.
6. Төмендегі кестені дәптерге түсіріп алындар.

Параграфтағы соңғы тақырыпшаны түсіндіру үшін мұғалім мына сұрақтар жазылған үlestірмелі карточкаларды дайындал әкеледі:

1. Қоғамда демократиялық үстанимдар орнықпағанда, жариялышыққа жол берілмегенде, пікірдің көптүрлілігі болмағанда бұқара өзін қалай үстайды?
2. Ресми акпарат құралдары арқылы билеушілер үнемі мақталып жатса, шын мәнінде бұқара сөз бен істің арасындағы алшактықты сезіп журсе, бұл қандай жағдайларға әкеліп соқтыруы мүмкін?
3. Қандай жағдайда халық бұқарасы материалдық жағдайы нашар болса да билік иелерінен оны жақсартуды талап етпей жүре береді?

Мұғалім сыныптың жалпы дайындығына қарай бұл сұрақтарға берілуі мүмкін жауаптарды алдын ала аңғарып, оқушыларды бұқаралық сипатта көрініс беретін себептерді анықтауы тиіс.

Үйге: § 38.

## § 39. ТОҚЫРАУ ЖЫЛДАРЫНЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КОКП-НЫҢ ҰЛТ САЯСАТЫ

### ***Сабактың мақсаты:***

- ұлттарды қосу саясатының идеялық негізін түсіндіру.
- Қазақстандағы ұлт саясатының мәнін ашу, “Жас тұлпар” үйімі және оның қызыметі. Ақмола оқиғалары туралы баяндау;
- тоқырау жылдарындағы КСРО-дағы ұлт мәселелерінің шешілуі барысына назар аудара отырып, оқушылардың қоғам дамуы туралы ойын өрістету;
- ұлттық, отаншылдықта тәрбиелеу.

***Сабактың типі:*** іздену сабагы, сөйлесу сабагы.

***Сабактың әдістері:*** суреттерді пайдалана отырып баяндау және оқушылардың өзара белсенділігін арттыру әдістері.

***Көрнекі құралдар:*** Дүниежүзінің саяси картасы; Қазақстаның саяси картасы; О.Сүлейменовтың портреті және “Аз и Я” кітабы; “Дос-Мұқасан” ансамблінің орындауындағы ән жазылған таспа; ракеталардың, атом мұзжарғыш кемесінің, космодромның, Жердің жасанды серігінің суреттері; 1970 жылдары түсірілген деректі фильмдерден үзінділер көрсету.

***Сабактың барысы.*** Бұл тақырыптың ерекшелігі оқушылардың алдына теориялық материалдардың тартылағыныңда. Сондықтан сабакты безендірулерді пайдалана отырып, баяндау әдісімен жүргізген тиімді. Бұл тақырыптың түсіндіруде негізгі күш мұғалімнің өзіне түседі.

**1-оқушы:** “Ұлттарды қосу саясатының идеологиялық негізделуі” деген тақырыпшада көтерілетін мәселені сталиндік тоталитарлық режим мен брежnevтік өміршіл жүйесі тұсындағы әкімшілік басқару жүргізілген саясатты салыстыра отырып түсіндіру керек. Сонда 1930—1940 жылдардың ішіндегі әрекеттер жалпы адамзатқа, кенес халқына, жүздеген ұлттарға, соның ішінде орыс және грузин ұлттарына да қарсы бағытталғаны, ал 1960—1980 жылдары жүргізілген саясатта КСРО аумағын мекендеген ұлттар мен ұлыстарды орыстандыру реңінің басымдығы айқындалады. Оқушылар бұл тақырыпша бойынша КОКП-ның халықаралық саясатта ұлыдер жавалық, ішкі саясатта

**Тоқырау жылдарындағы КОКП-ның ішкі және  
сыртқы саясатының бағыттары**

	Ішкі, сыртқы саясаттың бағыттары	Саяси бағыттарды жүзеге асыру үшін жасалып жатқан нақты өрекеттер
Халықара-лық қатынаста	Ұлттық ұстемдікке үмтүлу	Атом және сутек бомбаларын, құрлықаралық баллистикалық ракеталар жасап қарулы күштерге беру; өсқери техниканы жетілдіруге және көбейтуге күш салу; гарышты иеруге жанталасып кірісу; бірінші болуга үмтүлу, соны халықараалық саясатта қысым құралы ретінде пайдалану
Ел ішінде	Ұлыорыстық шовинизм	Келешекте “мемлекеттің жойылатыны”, “ұлттардың мейлінше жақындастыры”, “барлық халықтың бір тілде сөйлейтіні” туралы тезистерді насиҳаттау, “тарихи жана қауымдастық — Кеңес халқының” қалыптасқанын жариялау

шовинистік піғылдармен өрекет жүргізгенін түсінуі керек. Мұны түсіндіру үшін кестені пайдалануға болады”.

**2-оқушы:** “Сабактың екінші бөлігінде Қазақстанда жүргізілген ұлт саясатының мәні ашылады. Оқушылар тоқырау жылдары ішінде Қазақстанның жергілікті ұлт өкілдерінің қала өнеркәсібінен, экономиканы басқару тұтқаларынан, техникалық үдерістерді басқарудан, “сауатты мамандықтардан” тысқары қалғанын, негізінен, ауылды жерде шоғырланып, механикаландыру деңгейі төмен мал шаруашылығымен айналысқанын, экологиялық апартты аймақтарға ығыстырылғанын түсінуі керек”.

**3-оқушы:** “Сабактың келесі бөлігінде бұқараның жүргізіліп жатқан ұлт саясатына қарсылық көрсетуі баяндалады. Бұл жерде оқушылардың өздерін сабак барысына белсене араластыруға болады. Оқушылардың өздерін белсенді қатыстырудың бірнеше тәсілдері бар. Мысалы, Олжас Сүлейменовтың “Аз и Я” кітабы, онда не туралы жазылғаны, кітаптың негізгі идеясы туралы тезис жасап өкелу (бұл жұмыстар өткен сабакта тапсырылуы керек) және соларға сүйене отырып ойларын ортага салу”.

**4-оқушы:** “Жас тұлпар” үйымына қатысқан адамдарды, кітапта аты аталған қайраткерлерді, оқулықта аталған ансамбльдерге қатысушыларды тікелей және сырттай тантындар олардың қоғамдық қызметі туралы өңгімелайді”.

**5-оқушы:** “Оқулықта аты аталған қайраткерлердің балалары, немерелері, шеберелері өңгімелейді (ол қайраткерлердің үрпақтары Алматыда көп)”.

**6-оқушы:** “Қазақ жазушыларының 1970—1980 жылдары жарық көрген тарихи романдары, олардың кейіпкерлері, идеясы туралы тезистер дайындал өкеліп, сыныпта пікір алышу”.

**Қорытынды:** Ақмола оқигаларына байланысты Астана қаласының мектептері оқиға болған бұрынғы Ленин атындағы алаңға саяхат жасауы мүмкін.

**Үйге:** § 39. “Целиноград оқиғасы” туралы мәлімет дайындау.

#### **§ 40. ӨНЕРКӘСПІТЕ ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ Дағдарыстардың көрініс беруі**

##### **Сабактың мақсаты:**

— экономиканы басқаруда өзгерістер енгізуге тырысу; ауыр өнеркәсіптің дамуы; өнеркәсіптегі өндірушілік-шикізаттың бағыттың жалғасуы; экологиялық дағдарыс және оның салдары туралы мәлімет беру;

— өнеркәсіптегі өндірушілік-шикізаттың бағдар мен экологиялық дағдарыстың пайда болу құбылысын айқындаі отырып, қазіргі Қазақстанның өнеркәсібі мен экологиялық жағдай туралы ой қорыту;

— экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

##### **Сабактың типі:** іздену.

**Сабактың өдістері:** суреттерді пайдаланып баяндау, өңгімелесу, өзара белсенділікті арттыру өдісі, өздік жұмыс, т.б.

**Көрнекі құралдар:** Қазақстанның картасы, өнеркәсіптің дамуын көрсететін кесте, интерактивті тақтаны пайдалану.

**Базалық білім:** “Экономикалық реформаларға талпыныс. Өлеуметтік даму” атты параграфта қарастырылған мәселе-лер осы тақырыпты менгертуге септігін тигізетін базалық білім болып табылады.

*Tірек ұғымдар:* өнеркәсіпті салалық ұстаным бойынша басқару; кәсіпорындарға дербестік беру; отын-энергетика кешенінің жоғары қарқынмен дамуы; өндірушілік-шикізаттық бағыт; экологиялық дағдарыс және оның зардалатары; Семей атом полигоны; Арал теңізінің тартылуы.

*Сабактың нәтижелері:* оқушылар 1960 жылдардың ортасында болған өнеркәсіпті басқаруға өзгеріс енгізу өрекеттерінің мәнін, барысын және нәтижелерін біледі; ауыр өнеркәсіптің дамуына мысалдармен сипаттама бере алады; Қазақстан өнеркәсібіндегі өндірушілік-шикізаттық бағыттың мәнін, оның себептерін, мақсатын түсінеді; экологиялық дағдарыстардың көрінісін, салдарларын сипаттап береді.

*Сабактың барысы.* Параграфта төрт тақырыпша бар. Олар мыналар: “Бетбұрыстар мен іркілістер”, “Ауыр өнеркәсіптің даму барысы”, “Өндірушілік-шикізаттық жалғасуы”, “Экологиялық дағдарыс және оның салдарлары”. Мұғалім аталған тақырыпшаны оқушыларға түсіндіру үшін төрт түрлі әдіс қолдануы мүмкін. Бірінші тақырыпшаны мұғалім өзі дайындалған сыйбалар мен кестелерді пайдалана отырып баяндаған болады. Әдетте, стратегиялық маңызы бар теориялық мәселелердің мәнін оқушылардың санасына жеткізуға ерекше көңіл болу керек.

Екінші тақырыпшаны мұғалім оқушыларға өздігінен жұмыс істеуге тапсыруына болады. Бұл жерде ауыр өнеркәсіптің дамуын айғақтайтын сандық мәліметтер көлтірілген. Олар, негізінен, алдыңғы және кейінгі тақырыпшаларда алға тартылатын теориялық тұжырымдарды бекітетін айғақты материал ретінде қызмет етеді.

Оқушылардың өздік жұмысын жүргізуін бірнеше түрлі ұсынуға болады. Мысалы:

а) оқушылар ауыр өнеркәсіптің негізгі салалары бойынша, атап айтқанда, электр энергиясын, көмір, мұнай өндіру, металлургияның дамуын сипаттайтын сандық мәліметтерді дәптерлеріне теріп жазады;

ә) ауыр өнеркәсіптің жекелеген салалары бойынша жеткен жетістіктерді сипаттайтын мәліметтерді тауып, баяндаған болу жекелеген топтарға (қатарларға) тапсырылады;

б) оқушыларға оқулықта келтірілген сандық мәліметтерді пайдалана отырып, 12-кестені толтыру тапсырылады. Ол кесте шамамен мына түрде болуы мүмкін:

12-кесте

**Өнеркәсіптің дамуы**

	1970 жылдар ішінде	1980 жылдар ішінде
Электр қуаты		
Көмір		
Мұнай		
Металлургия		

Ушінші тақырыпшаның ерекшелігі Кеңес кезіндегі Қазақстанда жүргізілген экономикалық саясаттың түпкілікті мәніне арналғандығымен түсіндіріледі. Бұл тақырыпшаны өткенде өнеркәсіптің өндеуіші салаларын дамытуға қажетті жағдайлардың жасалмауы, кадрлардың дайындалмауы үлтаралық қатынастар аясында жүргізілген саясатқа апарып тірелетіндігі туралы ашылуы керек. Ол үшін оқушылардың өзара белсенділігін арттыру (интерактивті) әдістері жүйесіне енетін амалдардың бірі — “ақылмен ал” деп аталған жұмыс түрін жүргізіп көруге болады.

Оқушылардың алдына Қазақстанның табиғи байлықтарын пайдалану және өзге де жағдайларды жасау мүмкіндігі бола тұра, өнеркәсіптегі өндірушілік-шикізаттық бағыттың сақталып қалуының себебін ашу міндетті қойылады. Бұл міндетті шешу үшін алдымен “өндірушілік-шикізаттық бағыт” дегеннің өзінің не екендігін еске тусіру керек (курсішлік байланыс: оқулықтың “Республика өнеркәсібін қайта құру және одан әрі дамыту” деп аталатын параграфын қарандыз).

Оқушылар төмендегі сұрақтар төнірегінде өз ойларын ортаға салады:

1. Қазақстанда машина жасау, электротехника, электроника сиякты және жоғары біліктілікті, еңбекті қажет ететін бұйымдар неге шығарылмады, республика өнеркәсібі, негізінен, шикізаттық, алғашқы өндеу және құрастыру деңгейінде қалып қою себебі не?

2. Қазақстанда біліктілігі жоғары инженер-техник кадрлар неге жеткілікті дайындалмады?
3. Инженер-техник жұмысшы кадрлары арасында жергілікті үлт екілдері неге өте аз болды, қазақ жүртүшінде кенттену үдерісі неге баюу жүрді?

**Ескерту.** Окушылардың өзара белсенділігін арттыру әдісі және сол әдіс шенбөріндегі жүргізілетін жұмыс түрлері, соның ішінде “акылмен ал” жұмыс түрін жүргізу шарттары туралы “Адам. Қоғам. Құқық” пәнін оқыту әдістемесінде берілген.

“Экологиялық дағдарыс және оның салдары” деп атала-тын соңғы тақырыпша, біріншіден, бұл тақырыптың құнде-лікті баспасөз және өзге арналар арқылы көп қозғалаты-нымен, екіншіден, материалдың мазмұнының эмоциялылы-ғымен ерекшеленеді. Соңдықтан экологиялық дағдарыс және оның салдары мәселелерін ашу барысына оқушы-лардың өздерін белсенді түрде араластыру керек. Тақырып-шаны алдың ала тапсырма беру арқылы түсіндіруге болады. Мұндайда Семей атом полигоны және жарылыстардың зар-даптары туралы бір топқа, Арап теңізінің тартылуы екінші топқа, қала экологиясы туралы үшінші топқа бөлек тапсырмалар беріл, сыйынта орыннатқызыу керек. Оқушы-лар тақырыпта қатысты өздері тапқан материалдарын кең пайдалануына болады. Ретіне қарай көркемөнер шығарма-ларын да пайдалануға өбден болады.

Сабак соңында оқушылар оқулықта берілген тапсыр-маны орындаиды.

Үйге: § 40.

#### **§ 42. РЕСПУБЛИКАНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІ: БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ**

##### ***Сабактың мақсаты:***

- 1960 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың орта-сына дейінгі кезеңдегі халыққа білім беру ісінің және фылымның даму үдерістері және жеткен жетістіктері туралы мәлімет беру;
- отаншылдыққа тәрбиелеу;
- тарихты бүрмалап түсіндірудің айғақтарын келтіре отырып, тарихи сананы, фылыми көзқарасты қалыптас-тыру.

***Сабактың типі:*** салыстырмалы, интегралды сабак.

*Сабақтың әдісі:* көрнекі құралдарды пайдалана отырып баяндау және өзіндік жұмыс түрлері.

*Көрнекі құралдар:* карта; Ә.Марғұланның, Е.Букетовтың, А.Бараевтың және басқа ғалымдардың портреттері.

*Базалық білім:* 1946 жылы ҚР Ғылым академиясының құрылуды, ғылыми-зерттеу мекемелері және жетістіктері.

*Тірек ұғымдар:* жалпыға бірдей міндетті жеті жылдық білім, жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім, жалпыға бірдей міндетті орта білім, еңбек-политехникалық мектебі, жұмысшы жастар мектебі, көсіптік-техникалық білім, жоғары білім, “болашағы жоқ елді мекендер”, катализаторларды электрохимиялық әдістермен зерттеу, информосомалар, диалектикалық логика.

*Сабақтың барысы.* Тақырыптың мазмұндық ерекшелігі мәдениет мәселелерінің, соның ішінде білім мен ғылым дамуының сипатталуынан көрінеді. Мәдениет — Қенес Одағы тұсында шаруашылықпен салыстырғанда даму қарқыны жоғары, өзіндік жетістігі болған сала. Сонымен қоса мұғалім мәселенің екінші жағын — ұлттық түрғыдан алып қарағандагы келенсіздіктерді назардан тыс қалдыра алмайды. Оған ұлт тіліндегі мектептердің көптеп жабылып қалуы, ғылымның идеологияландырылуы салдарынан қазақ ұлтының мұдделеріне қатысты мәселелердің тасада қалуы, тарихтың өрекшел бүрмалануы, жас үрпақ өкілдерінің қофамдық-тарихи қайраткерлерді білмей өсүі, т.б. жатады.

“Халыққа білім беру” деп аталатын бірінші тақырыпшада сандық мәліметтер мен даталар көп берілген. Бұл тақырыпты түсіндіруде түрлі сыйбалар мен кестелерді пайдалану тиімді. Оларды мұғалім өзі дайындағы әкелуі керек, кейбіреулерін оқушыларға сыздыруға болады. Мысалы,

13-кесте

#### Жалпыға бірдей міндетті білімнің дамуы

Жылдар	Жалпыға бірдей міндетті білім
	... жеті жылдық —
	... сегіз жылдық ...
	... орта —

14-кесте

**Жоғарғы және орта білімнің дамуы**

	Республикадағы ЖОО-ның саны	ОАО-лардың саны	Қанша мамандық бойынша білім берілді?
1960 жылдары			
1980 жылдарында ортасында			

15-кесте

**Халыққа білім беру жүйесін дамытуға бағытталған заңдар және қаулылар**

Зандар мен қаулылар	Олардың мәні

Фылым туралы айтылған тақырыпшаны түсіндіруде мұғалім алдына екі түрлі мақсат қояды. Оның біріншісі — қарастырылып отырған кезеңде ғылымның дамуында болған жетістіктерді атау және оларды оқушының санасына сіңіру. Бұл тақырыпты мұғалім оқушыларды қатыстыра отырып баяндау арқылы түсіндіреді. Оқушылар кітапта аталған ғалымдардың суреттерін, олардың ғылыми енбектерін алыш келуі мүмкін. Аталған ғалымдардың өздері қызмет атқарған салада жеткен жетістіктерін атаудың, дәптерге жазып алудың маңызы зор. Бұл жерде оқушыларға жекелеген ғалымның келбеті түсірілген таратпа материал — карточкалар берілуі мүмкін. Суретті, карточканы алған оқушы онда кім бейнеленгенін, ол ғалымның ғылымда қандай жаңалық ашқанын айтуды (жазуы) керек.

Мысалы, үлестірмелі карточка былай жасалуы мүмкін:

Ғалымның аты-жөнін, ғылымның қай саласында енбек еткенін, қандай жетістікке жеткенін атаңдар.

Ғалымның суреті

Осындай өдістермен мұғалім тақырыпшаны өздік жұмыс жүргізу арқылы түсіндіруіне болады. Осы тақырыпты пән-аралық байланысты жүзеге асыра отырып түсіндірудің қажеттігін ұмытпаған жөн.

Екінші мәселе ғылымның дамуындағы едөуір жетістіктер болуымен қатар ондағы келенсіз құбылыстардың да орын алудың түсіндіруге қатысты. Бұған қатысты аталатын мәселелер мыналар:

— жалпы ғылыммен айналысушылардың арасында қазақ ұлты өкілдері үлесінің аз болуы;

— қоғамдық ғылымдарды шектен тыс идеологияландыру, оларды компартияның жетістіктерін насиҳаттайтын құралға айналдыру;

— Қазақстан тарихының өрескел бүрмалануы, қоғамдық-саяси қайраткерлердің, ел қорғаған қолбасшылардың аттарының аталмауы;

— қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, әлеуметтік-демографиялық ахуалының, ұлттық-психологиялық, моральдық-адамгершілік жағдайындағы келенсіз құбылыстардың пайда болуы және олардың түпкілікті себептерінің ашылмауы, т.б.

### Үйге тапсырма: § 42.

### § 43. ӨДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

#### *Сабактың мақсаты:*

— тоқырау жылдарының өдебиетіне шолу, жетістіктер мен іркілістерін ажырату, танымал жазушылардың та-тымды шығармаларын атау және олардың мазмұнымен та-ныстыру;

— көркемөнердің салаларындағы (музыка, кино, театр) болып жатқан жетістіктер туралы мәлімет беру, өнердің бағытына баға беру;

— эстетикалық тәрбие;

— өдебиет пен өнердегі тақырып шектеулілігінің әлеу-меттік салдарларына үніле отырып, қоғамның даму бары-сына баға беру.

*Сабактың типі:* кіріктірілген сабак (өдебиет пәні мұ-ғалімімен бірге).

*Сабактың әдісі:* көрнекі құралдарды пайдалана отырып баяндау, өнгімелуеу.

*Көрнекі құралдар*: әдебиет пен өнер қайраткерлерінің портреттері, аталған жазушылардың шығармаларына (кейіпкерлеріне) қатысы бар суреттер, фильмдер мен театр қойылымдарынан бейнекөріністер.

*Базалық білім*: соғыстан кейінгі кезеңнен бастап 1960 жылдардың ортасына дейінгі көркем әдебиет пен өнердің дамуы туралы келтірілген мағлұматтар осы тақырып үшін базалық білім болып табылады.

*Тірек ұғымдар*: әдебиеттің даму үдерісі; шығармаларын орыс тілінде жазатын жазушылар; қостілді қазақ жазушылары; тарихи романдарға бетбұрыс және оның себебі; әдебиеттегі тақырыптық шектеулілік; өнердегі жетістіктер; классикалық музыканың тоқырауы; ұлттық эстраданың жетістіктері; әдебиеттегі үдерістердің өнерге ауысуы.

*Сабактың барысы*. Бұл тақырыптың өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, тақырып мазмұны жағынан тарихты емес, көркемөнердің дамуындағы белен алған үдерістерді баяндайды. Екіншіден, бұл тақырыпта әлі күнге дейін сыры толық ашыла қоймаған көркемөнерде орын алған бағыт туралы айтылады.

Әдетте, көркем әдебиет туралы баяндағанда көрнекі құралдарды да көп қолданып, сабакты түсіндіру әдістерінің де тур-турін қолдануға болады. Олардың бірі — окульყұта аттары аталған жазушылардың портреттерін көрсете отырып, олардың аталған шығармаларының мазмұны туралы баяндау. Бұл әдіспен көздеген мақсатқа жете қою оңай емес. Қазіргі кезде көркем шығарма, роман оқитын бала сирек кездеседі. Сондықтан мұғалім аталған көркем әдебиет шығармаларының өзін оқушыларға тікелей таныстырып өтуге тырысуы керек. Оның екі жолы бар. Біріншісі — әдеби шығармалардан үзінді оку. Мұндайда бірнеше оқушыға өздері тәуір көретін жазушыларының, ақындарының шығармаларынан өздері таңдал алыш үзінді окуға алдын ала тапсырма беріледі. Егер оқушы өз қалауымен белгілі бір шығарманы таңдай алмаса, онда мұғалім өзі ұсынады. Үзінді ұзақ болмауы керек және кітаптың негізгі идеясын ашуга септігін тигізетіндей болуы керек. Тағы бір ескеретін жай — үзінді оқитын оқушы оны кібіртіктемей, түсінікті етіп, анық және мәнерлел оқи алуы шарт. Өйткені мәнерсіз оқылғанды оқушылар тыңдамайды.

Оқушыны көркем шығармамен тікелей таныстырудың екінші жолы — көркем фильмдерден үзінділер көрсету. Қазақ әдебиетінің тандаулы шығармаларының дені кино-

фильмдерге түсірілген. Олар анда-санда теледидар арқылы көрсетіледі. Қазіргі аудиовизуалды техниканың жетілген кезінде көрнекіліктің осы түрін қолданып сабак жүргізуге мектептің басым көшпілігінде мүмкіндік бар. Бұған қатысты ескеретін жай — үзінді көрсету бір фильмді сабак бойы көріп шығуға ұласып кетпеуі керек. Өйткені бұл тақырыпта ондаған авторлардың аттары мен шығармалары аталатынын мұғалім естен шығармағаны жөн.

Осы тақырып бойынша алға тартылатын мәселенің ең үлкені — тоқырау жылдарының көркемөнеріндегі негізгі идеялық бағыт туралы. Мұғалім осы сабак арқылы аталған кезеңдегі көркемөнердегі тақырып шектеулілігінің, атап айтқанда, ауыл өмірінің, отбасы мен ошақ қасындағы оқиғалардың көп суреттелуінің мәнін аша білуі керек.

“Ауылшылдық” деп аталған құбылыстың Кенес билеген тұста жүргізілген өлеуметтік саясаттан өрбігендігінің сырты ашылуы керек. Өнердегі “ауылшылдық” — экономикалық, өлеуметтік саясаттағы бағыттың іс жүзіндегі көрінісі. Жергілікті ұлт өкілдерін қалаға жолатпау, өнеркәсіптен аулақтату, “алыс” аудандарда, механикаландыру деңгейі төмен мал шаруашылығында тұрақтандыруға тырысу коммунистік билік басшыларына өз діттегеніне жетуғе мүмкіндік берді. Нәтижеде қазақ өнері де шектеулі дүниетанымның көркемөнердегі көрінісі деңгейінде қала берді.

Сабактың екінші бөлімін — өнер туралы материалды оқыту әдісін түрлендіру жөнінен мұғалімнің мүмкіндігі өте мол. Бұл жерде аталған өнер қайраткерлерінің портреттеріне қоса, композиторлардың таспаға жазылып алынған шығармаларын, суретшілер полотноларының түрлі түсті бояулы көшірмелерін пайдалануға болады. Осы тақырыптың материалын тыңдату, көрсету кезінде компьютердің көмегі орасан зор.

Көркемөнерге қатысты өзекті мәселе ретінде жастардың ұлттық өнермен таныстырының әлсіздігіне де тоқталып өтуге болады. Осы тақырыпты негізге ала отырып, жастардың талғамы мен оның көркемөнер туындыларын жасау үстіндегі ізденистері де ескерілуі керек. Сабакты өнгіме түрінде немесе пікірталас түрінде де өткізуғе болады. Пікірталас мына сұрақтар төнірегінде өрбі мүмкін:

1. Классикалық музыкаға қалай қарайсың, оларды ұнатасың ба? Үнэтсаң, қандай композитордың қандай шығармасын атайдасын? Оны кім немесе қай өнер ұжымы орындауды?

- Саған қазак эстрада жұлдыздарынан кім, несімен ұнайды? Шетелдік эстрадаға қалай қарайсың? Ұлттық эстрада өнерінің қандай деңгейде болғанын қалайсың?
- Қазақ әндерінің арасында ауыл, ауылға шақыру немесе туыстар туралы неге көп айтылады? Бұл жақсы ма, жаман ба? Өзге халықтарда (европалық елдерде) аталған тақырыптар неге ұшыраспайды?
- Бейнелеу өнері туындыларынан саған қандай суреткердің қай шығармасы ұнайды? Әлде бейнелеу өнеріне көніл аудармайсың ба? Оның себебі не деп ойлайсың? Бейнелеу өнерінің рухани жетілуге септігі жоқ деп есептейсің бе? Мұражайларға барып көрдің бе? Болсаң қайсысында? Онда көнілінді селт еткізген ештеңе болған жоқ па?
- Жалпы өнердің қандай болғанын қалайсындар?

Осы тақырыпты өткен кезде мұғалімнің қатты ескеруге тиісті бір мәселесі — оқушыларды мұражайға, көрмелерге апару. Бұл түрғыда Алматы мен Астананың, ірі облыс орталықтарының мүмкіндіктері мол. Оқушы жылына кем дегенде 4 рет мұражайлар мен көрмелерге қатынасуы керек.

Көркемөнердің дамуын сипаттайтын тақырыптар сынып-сабак жүйесіндегі регламентtelген шенберге сыймайды. Мұндай материалдарды мектеп орналасқан елді мекенінің мүмкіндігіне қарай мұражайда, өнер орталарында өткізуге болады. Сабакты, мүмкіндігінше, өнер адамдарымен кездесу түрінде өткізуін өсері мол.

Үйге: § 43. Шығармалар жазу.

#### § 44. 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАЛАРЫ

##### *Сабактың мақсаты:*

— 1986 жылғы Алматы оқығасының себеп-салдары, сипаты, қозғаушы күштері мен маңызы туралы түсініктерін кеңейтіу, өміршіл-әкімшіл жүйенін іріп-шіріп бара жатқан принциптерімен таныстыру;

— ата-бабамыз армандаған тәуелсіздікті нығайтуға, Отанын суюге, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу;

— тақырыптың себеп-салдарлы байланыстарын табу, басты мәселені ажыратса білуге және өз ойларын еркін айтып, қорытынды жасай білуге қалыптастыру.

*Сабактың түрі:* аралас сабак.

*Сабактың әдісі:* интерактивті тақтамен тірексызба арқылы түсіндіру, сынақхат, блиц-турнир, тестілік жұмыс.

*Көрнекі құрал:* тірексызбалар, слайд, суреттер.

### **Сабақ барысы.**

#### **I. Үйымдастыру.**

#### **II. Жаңа сабак.**

#### **Жоспары:**


1. Бетбұрыс алдында қалыптасқан жағдай.
2. Демократияшыл жастар қозғалысының себептері мен басталуы.
3. Желтоқсан оқигаларының сипаты.
4. Жашпай жазалау.
5. Желтоқсан оқигаларының қорытындылары мен тарихи маңызы.

Сабақты бастамас бұрын оқушылардан Желтоқсан оқиғасы туралы не білетінің сүралады. Соғы болік сабак соңында толтырылады.




Білемін	Білгім келеді	Білдім

Сабақ тірексызбалар негізінде түсіндіріледі.

#### **Дағдарыс**



## **Желтоқсан оқиғасы**



### Тарихи маңызы

Қазақ халқының тәуелсіздікке үмтىлудына жол ашты

Қазақ топырағында ұлттың санасын, намысын жетелеген қайсар буын келгенін әйгіледі

Қазақ тарихындағы естен кептес аса ауыр және қайғылы беттердің бірі

Кеңес Одағына еніп келе жатқан жас демократия үшін күрестің басы болды

### Ақталу

1989 ж. мамыр-маусым. КСРО Халық депутаттарының I съезінде М.Шахановтың бастамасымен Желтоқсан оқиғаларына байланысты түпкілікті баға беру жөніндегі комиссия құрылды

1991 ж. желтоқсанда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларына катыскандарды ақтау туралы”  
**Жарлығы**

17 желтоқсан —  
Демократиялық Жаңару күні  
деп жарияланды

**III. “Желтоқсан жұлдыздары”** тақырыбында уш оқушы Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова, Қ.Айтмұрзаев туралы қысқаша хабарлама жасайды.

### IV. Тарихи синақхат.

1986 жылдың ақпанында болған КОКП-ның ... съезі жаңа саясат жүргізуідің негіздерін айқындал берді. КОКП Орталық Комитетінің нұсқауымен 1986 жылы ... Қазақстан КП Орталық Комитетінің пленумы болды. Құн тәртібінде ... орнына орталық өкілінің ұсынысы бойынша ... сайлау ұсынылды.

**Кілт сөздері:** XXVII, желтоқсанның 16-сы күні, Қонаев, Колбин.

**V. Блиц-турнир: Жылдар сөйлейді.**

1985 жыл, наурыз

1986 жыл, 16 желтоқсан

1986 жыл, 17 желтоқсан

**Сандар сөйлейді**

8500 адам

1720 адам

1200 адам

246 адам

99 адам

2 адам

**VI. Тест**

Үй тапсырмасы мен жаңа сабак бойынша оқушылардан тест сұрақтары алынады. Интерактивті тақтаға жазылған дұрыс жауабы бойынша оқушылар тест сұрақтарын тексеріп, бағалайды.

**I нұсқа**

1. М. Горбачев экономиканы дамытуды жеделдету бағытын қашан жариялады?
  - а) 1985 ж., наурыз;
  - ә) 1985 ж., сәуір;
  - б) 1986 ж., сәуір;
  - в) 1987 ж., қыркүйек.
2. “Халық қаһарманы” атағын алған желтоқсан құрбаны:
  - а) Л. Асанова;
  - ә) Е. Сыпатаев;
  - б) А. Мұхамеджанова;
  - в) Қ. Рысқұлбеков.
3. Республика жазушыларының ішінен Социалистік Еңбек Ері атағын алған жазушы:
  - а) Ф. Мұсірепов;
  - ә) Ж. Молдағалиев;
  - б) Ә. Нұрпейісов;
  - в) И. Есенберлин.
4. “Қызы Жібек” фильмінің режиссері:
  - а) Ш. Айманов;
  - ә) Т. Теменов;

- б) С.Қожықов;  
в) Ф. Мансуров.
5. О.Сүлейменовтің “Адамға табын, Жер енді” атты поэмасы қашан жазылды?
- а) 1975 ж.;  
ә) 1978 ж.;  
б) 1965 ж.;  
в) 1961 ж.
6. Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін қанша адам сотталды?
- а) 99;  
ә) 102;  
б) 95;  
в) 150.
7. 1986 ж. Желтоқсан оқиғасының болу себебі:
- а) Орталықтың өктемдік әрекеттері мен қайта құру жариялаган демократиялық ұстанымдар арасындағы қайшылықтар;
- ә) республика басшылығының өзгеруі;
- б) ел экономикасының төмендеуі;
- в) Қазақстанның сыртқы саясаттағы беделінің төмендеуі.
8. Н.Ә.Назарбаевтың “1986 ж. 17-18 Желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде” Жарлығы қашан шықты?
- а) 1990 ж.;  
ә) 1991 ж.;  
б) 1988 ж.;  
в) 1989 ж.
9. Қ.Рысқұлбековке қандай айып тағылды?
- а) “алаңға жастарды бастап апарды”;  
ә) “Ұлтшыл”;  
б) “Жасақшы Савицкийді өлтірді”;  
в) жауаптардың барлығы дүрыс.
10. 1980 жылдарға таман республика тұрғындарының қаншасы теледидар көре алатын болды?
- а) 80%;  
ә) 62%;  
б) 50%;  
в) 75%.

## **II нұсқа**

1. Қайта құру мен қоғамды демократияландыру үрдісіне қадам қашан жасалды?
  - а) 1985 ж.;
  - ә) 1986 ж.;
  - б) 1987 ж.;
  - в) 1988 ж.
2. 17 желтоқсан республикада қандай күн деп аталады?
  - а) “Президентті бүкілхалықтық сайлау”;
  - ә) “Демократиялық жаңау”;
  - б) “Халықтар бірлігі, татулық”;
  - в) “Ұлттық аза тұту”.
3. “Қан мен тер” трилогиясының авторы:
  - а) F.Мұсірепов;
  - ә) Ж.Молдағалиев;
  - б) Ә.Нұрпейісов;
  - в) I.Есенберлин;
4. “Атаманың ақыры” фильмінің режиссері:
  - а) Ш.Айманов;
  - ә) Т.Теменов;
  - б) С.Қожықов;
  - в) Ф.Мансуров.
5. Әл-Фарабидің туғанына 1100 жыл толуы қай жылы атап етілді?
  - а) 1968 ж.;
  - ә) 1970 ж.;
  - б) 1980 ж.;
  - в) 1998 ж.
6. Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін қанша адам өлім жазасына кесілді?
  - а) 10;
  - ә) 5;
  - б) 2;
  - в) 3.
7. Желтоқсаншыларды жазалау үшін Орталық Комитет қандай жоспар құрды?
  - а) “Бұрқасын — 86”;
  - ә) “Дауыл — 86”;
  - б) “Шөлдегі боран”;
  - в) “Желтоқсан — 86”.
8. Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы:
  - а) партиялық басшылық қатесін түзетті;

- ә) қоғамдағы экономикалық дағдарыс жойылды;
- б) Колбин республика басшылығы қызметінен алынды;
- в) қазақ халқының тәуелсіздікке үмттылуына жол ашты.

9. 1989 ж. КСРО Халық депутаттарының I съезінде Желтоқсан оқиғаларына әділ баға беруді талап етіп сөз сөйлеген:

- а) Ш.Мұртаза;
- ә) М.Шаханов;
- б) О.Сұлейменов;
- в) М.Магауин.

10. Желтоқсан батыры Қ.Рысқұлбеков кесілген ату жазасы үкімі 20 жыл бастандығынан айыру жазасымен қашап ауыстырылды?

- а) 1988 ж.;
- ә) 1989 ж.;
- б) 1987 ж.;
- в) 1986 ж.

11. Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың өрекеті партия басшыларының таралынан қалай бағаланды?

- а) “Космополит”;
- ә) “Қазақ ұлтшылдығы”;
- б) “Қазақ патриоттары”;
- в) “Социализмге жат көрініс”.

12. 1978 жылы республикада қанша кітапхана жұмыс жасады?

- а) 15 мыңдан астам;
- ә) 29 мың;
- б) 35 мыңға жуық;
- в) 19 мыңдан астам.

**VII. Қорытындылау.** “Білемін, білгім келеді, білдім” тапсырмасы бойынша кесте толтыру.

**VIII. Үй тапсырмасы.** 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы тақырыбына тарихи эссе жазу.

**§ 45-46. ҚОҒАМДЫ ЖАҢАРТУ ШАРАЛАРЫ.  
ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ ҮРДІСІНІҢ ЖАЛГАСУЫ**

***Сабактың мақсаты.***

*Білімділік:* кадр саясаты, тіл саясатын жүргізу дегі түбебейлі өзгерістер. Кайта оралған есімдер. Кеңес Одағының сыртқы жүйесіндегі өзгерістер. Қарағанды, Жаңаозен

оқиғалары туралы түсіндіріп, оқушылардың ойлау қабілетін арттыру.

*Сабақтың типі:* кіріктірілген сабак.

*Сабақтың әдісі:* баяндау, түсіндіру, дәлелдеу.

*Сабақтың жемісі:* Откен сабақты пысықтау сұрақтары:

1. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғаларының себептері қандай?

2. Шеруге шыққандарды қалай жазалады?

3. Жас демократ К.Рысқұлбеков туралы не білесіндер?

4. Желтоқсан оқиғаларының тарихи маңызы неде?

5. Қазақстанның жаңа басшысы Г.Колбин шын мөнінде генерал-губернатор миссиясын қалай атқарды?

*Жаңа сабақтың жоспары:*

1. Қоғамды жаңарту шаралары.

2. КСРО-ның ішкі саясатының өзгеруі.

3. Демократиялық бағыт.

**Мұғалімнің сөзі:** “1986—1991 жж. аралығындағы 5 жыл ішінде Қазақстан Ресейдің құрсауынан шығып, дүниежүзіндегі іргелі мемлекеттермен терезесі тен, тәуелсіз елге айналды, бірақ қысқа мерзім ішінде ауыр кезеңнен, маңызды жолдан өтті. Осылайша КОКП Орталық Комитеттің ішкі саясаты жүзеге аспады. КСРО Халық депутаттарының I съезінде Г. Колбин басқа қызметке ауыстырылды.

1989 жылдың маусымында Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына Н.Ә.Назарбаев тағайындалды. Ол Кеңестік кеңістікте экономикалық-мәдени интеграцияның іске асрылуына көп көңіл бөлді. Мысалы, кадр саясаты, тіл саясаты мәселесі; жазықсыз айдалып, сотталған мәдениет қайраткерлердің есімдерін қайта оралту, жаңарту туралы қаулылар қабылданды.

**Атап айтқанда:** 1) 1989 ж. қыркүйек айында “Қазақ КСР-індегі тілдер туралы Қазақ КСР-інің заны” қабылданды.

2) 1988 ж. Қазақстан КП Орталық Комитетінің қаулысымен 1930—1950 жылдары жазықсыз жазаға ұшыраған қазақ зиялыштарын актау туралы шаралары жүзеге аса бастады.

Ш.Құдайбердіұлы (1858—1931).

Ж.Аймауытов (1889—1931).

А.Байтұрсынұлы (1873—1937).

М.Дулатұлы (1885—1935)

М.Жұмабаев (1893—1938)”.

Мұғалімнің нұсқауымен бес арыстың өмірі мен қызметі туралы оқушылар қысқаша хабарлама жасайды.

3) Мұғалім: “1989 жылы жаңадан сайланған КСРО Халық депутаттарының I съезіндегі саяси, экономикалық-әлеуметтік және рухани дамудың көленекелі жақтарының беті ашылып, одактас республикалардың мемлекеттік құқықтарын қайта қарау мәселелері көтерілді. Бұл Одақтың республикалардың Кеңес Одағының құрамынан шығының бастамасы болды. Балтық жағалауындағы, Кавказдағы республикалар өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады.

Сонымен, балалар, КСРО-да түбебейлі өзгерістер болды. Ал Қазақстанда 1989 жылдың күздінде Қазақстанның Жоғарғы және жергілікті Кеңестерінің сайлауы өтті. Кеңестер алғаш рет өздерінің заңдарын шығарып, елде қоғамдық, саяси бірлестіктер құрыла бастады”.

#### **Оқушылардың рефераттары.**

1. Невада — Семей антиядролық экологиялық қозғалысы.
2. Славян қоғамы, немістердің “Видергебурд” үйімі.
3. “Азат” азаматтық қозғалысы.

4) Оқушылардың келесі тобы 1989 ж. болған Қарағанды шахтерлерінің ереуілі және Жаңаөзен оқиғалары туралы мәліметтер жасап, түсіндіреді.

Сонымен қатар 1991 ж. Оралда болған оқиғаларға тоқталып, сипаттамалар жасайды.

**Сабакты мұғалім қорытындылайды:** “КСРО-дағы революциялық толқулар тоталитарлық режимді жүрдеп тастап, демократиялық үрдістердің дамуына ықпал етті. КСРО басшылары халықтардың қоғамдық дамуы мен өмір салтын өздері дербес таңдал алу құқығын мойындауға мәжбүр болды. Осылайша, Қазақстан КСРО-ның құрамынан шығып, 1991 ж. Тәуелсіз Республика болып жарияланды”.

**Үйге: § 45-46. Тест құрастыру.**

#### **§ 48-49. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАДАМ. ЕГЕМЕНДІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САЯСИ ДАМУ**

#### **Сабактың мақсаты.**

**Білімділік:** орталықтан бөліну тенденциялары, президенттік институттың енгізілуі, егемендіктің жариялануы, оның маңызы мен нәтижелері, 1991 жылғы тамыз бүлігі

және Қазақстан Компартиясының таралуының маңызы мен мәні туралы мәліметтер беру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін арттыру.

*Сабактың түні:* сөйлесу — ойтұрткі сабағы.

*Сабактың әдісі:* баяндау, түсіндіріп дәлелдеу.

**Жаңа сабакты түсіндіру, баяндау жолдары:**

1. Мұғалім сөзі — орталықтан боліну, шығу үрдістерінің белең алуды мен президенттік институттың енгізілуі туралы мәлімет беруі.

2. Оқушылар сөзі — Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның қабылдануы; 1991 жылғы тамыз бүлгі туралы; коммунистік партияның ақыры және оның таратылуы туралы қысқаша хабарламалар жасап талдау.

**1-оқушы:** “1990 ж. 25 қазанды Жоғарғы Кенес “Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының егемендігі туралы Декларация” қабылдады, яғни Қазақстанның мемлекеттік егемендігі жарияланды”.

**2-оқушы:** “Қазақстанның алдағы уақыттағы ұстанымдары белгіленді. Олар: 1) меншік құқығына ие болу (суга, жерге, табиғат ресурстарына);

2) ең алдымен республиканың тұтастығын сактау; өзін-өзі басқару жүйесіне көшу туралы заңдар қабылдау;

3) тұтас парламенттік, президенттік аппарат құру, олардың халықаралық, ішкі-сыртқы саясатта еркін қимыл-әрекеттер жасауына бағыт жасау;

4) Қазақ КСР-і Президентінің жарлықтары:

а) Қазақстан КСР-інің Қауіпсіздік Кеңесін құру;

ә) Қазақстан үкіметінің құзырына мемлекеттік көсіп-орындар мен мекемелерді беру;

б) Қазақ КСР-інің алтын және алмас қорын Қазақстан үкіметінің құзырына беру;

в) Қазақ КСР-інің сыртқы экономикалық байланыстар қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету;

г) Одақтық министрліктердің үстемдігін жойып, республиканың ішкі-сыртқы саясаттағы тәуелсіздігін мойындалап, оған жол ашу.

Қазақстан 1990—1991 жж. Беларусь, Өзірбайжан, Өзбекстан, Украина, Қыргызстан және Ресей сияқты одақтас республикалармен экономикалық өзара достық және ынтымақтастық туралы келісімшарттар жасады”.

**Сабакты мұғалім қорытындылайды.**

**Үйге тапсырма:** § 48-49.

## § 51. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТӨҮЕЛСІЗДІГИН ЖАРИЯЛАУЫ ЖӘНЕ ТМД-НЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

### *Сабақтың маңсаты:*

— Қазақстан Республикасының мемлекеттік төуелсіздігінің жариялануы туралы мағлұмат беру; төуелсіздіктің тарихи және халықаралық маңызын ашу; ТМД-ның құрылуды туралы баяндау;

— отаншылдық, демократизм идеяларына баулу;

— тарихи балама жолдың болу мүмкіндігін қарастыра отырып, қоғамның даму диалектикасына ой жүргіту.

*Көрнекі құралдар:* КСРО-ның саяси картасы; “Қазақтың ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіру кезеңдерін”, “Төуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылудын” көрсететін кестелер.

*Қосымша материал:* “Қазақстан Республикасының мемлекеттік төуелсіздігі туралы” Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының мәтіні (“Қазақстан тарихы” хрестоматиясынан).

*Сабақтың типі:* “ойтұрткі” сабак.

*Сабақтың әдісі:* өзара белсенділікті арттыру әдісі (“Маңызына қарай тіз”, “Кім жылдам?”), баяндау және құжатпен жұмыс.

*Базалық білім:* 1990 жылдың күзінен 1991 жылдың қысына дейін КСРО шенберінде болған саяси оқиғалар осы сабақты түсіндіру үшін базалық білім бола алады. Оларға Қазақстанның мемлекеттік егемендігін жариялауы, Тамыз бүлгігі кезінде Қазақстанда болған оқиғалар, КСРО-ның ыдырауы, Төуелсіз мемлекеттер одағының құрылуды, Қазақстанда қалыптасқан саяси ахуал туралы мағлұматтар жатады. Жаңа тақырыпты түсіндіруді бастаудан бұрын осыларды еске түсіріп алған жөн.

*Тірек ұғымдар:* “Қазақстан Республикасының мемлекеттік төуелсіздігі туралы” Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы; төуелсіздіктің тарихи маңызы; Төуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД).

*Сабақтың нәтижесі:* оқушылар “Қазақстан Республикасының мемлекеттік төуелсіздігі туралы” Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының заңды қуатын түсінеді; төуелсіздіктің қандай жағдайда қабылданғанына баға бере алады; Қазақстан Республикасының мемлекеттік

тәуелсіздік алудың тарихи және халықаралық маңызын, ТМД-ның қашан және қалай құрылғанын, оған қандай мемлекеттер мүші болып кіргенін (кірмегенін) ажыратып бере алады.

Сабактың барысы. Мұғалім алдымен Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуының алғышарттарына қысқаша тоқталады. Тақырыптың маңыздылығы мен мазмұнына сай бұл сабак эмоциялы және салтанатты жағдайда өтуге тиіс. Өйткені бұл тақырыптың өзіндік ерекшелігі бар. Тақырыпта ел тарихындағы аса ірі саяси оқиға — Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алуы туралы баяндалады. Осы тақырыпты өту арқылы оқушылар отандық тарихтағы ұлттық мемлекеттің қайта қалпына келтірілуіндегі төрт ірі оқиғаның — 1920 жылы Қазақ Автономиялы Қеңестік Социалистік Республикасының, 1936 жылы Қазақ Қеңес Социалистік Республикасының құрылуды, 1990 жылы Қазақ Қеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялауды, ал 1991 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алуының — тұтас бір саяси оқиғаның төрт кезеңі, ал тәуелсіздіктің сол төрт кезеңнің соңғысы қорытындылаушы оқиғасы екендігін терең түсінуі керек.

Мұғалім төмендегі 16-кестені пайдаланып оқушыны тарихқа саяхат жасата отырып, қазақ халқы ғасырлар бойы аңсаған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған күнге — 1991 жылдың 16 желтоқсанына альш келеді.

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауының тарихи маңызын түсіндіруді оқушылардың өзара белсенділігін арттыру өдісі шенберінде қолданылатын маңызына қарай тізу деп аталатын жұмыс түрін қолданып жүзеге асыруға болады. Ол үшін оқушыларға мынадай тапсырымалар беріледі: оқушылар кітаптың сол тақырыппасын мүқият оқып шығып, Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаудың маңызын сипаттап, ете қысқа және дәл тіркестермен, тезистік стильде жазып шығады. Жазғандарын олар маңызына қарай ретпен орналастырады. Бұған қатысты ескеретін екі жай бар. Олардың біріншісі — оқушылар осы тақырыппасын алғашқы екі азатжолындағы тәуелсіздіктің қалай келгені және оған кімдердің үлес қосқаны туралы материалдарды шатастырмауы керек. Мәселеге тура қатысы бар материалды оқушылар сонғы

### Қазақтың ұлттық мемлекеттігін қалпына келтіру кезендері

1920 ж., 26 тамыз	1936 ж., 5 желтоқсан	1990 ж., 25 қазан	1991 ж., 16 желтоқсан
Қыргыз (Қазақ) Автономиялы Кеңесстік Социалистік Республикасын құру туралы декреттің жариялашыны	КСРО Кеңестерінің Төтенше VII съезіндегі Конституциясының кабылдануы. Оңда Қазақстан Кеңесстік Социалистік Республика мәртебесіне ие болды	Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің “Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі тура-лы” Декларация қабылдауды	Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі тура-лы” Қазақстан Республикасының Конституциялық Занын қабылдауды

үш азатжолдан табады. Екіншісі — тұжырымдар өте қысқа және нақты, мазмұны жағынан бірін-бірі қайталамайтын болуы және алты пункттен аспауы керек.

Сонда Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаудың тарихи маңызы төмендегідей ретпен тұжырымдалады:

— Қазақстан жеке мемлекет ретінде өлемдік қауымдастық құрамына енді;

— шикізат базасы, арзан енбек күші ретінде қолданыльш келген республика экономикасы нарық қатынастары негізінде экономикалық өрлеу жолына түсті;

— қазақ халқы ұлт ретінде жойылып кетуден құтылды, ұлттық нышандар қайта жаңғыра бастады;

— Қазақстан халқы азаматтық еркіндікті, әлеуметтік тенденциялардың сезінді, демократизмге жол ашылды;

— тарихи “ақтаңдақтардың” сырлары ашылды, жазық-сый жазаланғандар акталды;

— шетелдерге тентіреп кетуге мәжбүр болған Қазақстан азаматтарына тарихи Отанына қайта оралуға жол ашылды.

Бұл жерде мұғалім сыныптың (жекелеген оқушының) дайындық деңгейін ескере отырып, тұжырымдарды оқулық мәтініндегі тіркестерді теріп алуға немесе идеяны алғып отырып, өз сөзімен тұжырымдан жазуға ерік береді.

Келтірілген пункттердің маңызына қарай орналастырылуы төннегінде пікірталас тудады. Енді өр топ өз жұмыстарының

дүркіншілдік тұрғысынан қаралғанда (окулықтағыдай), екіншісі — мемлекеттік экономикалық мүдделер тұрғысынан қаралғанда (окулықтағыдай), екіншісі — мемлекеттік экономикалық-ұлттық ретімен (осы әдістемедегідей) немесе тұжырымдарды басқаша ретпен орналастыруы мүмкін. Такырыпшаны қорытындылай келе, мұғалім оқушыларды төуелсіздіктің тарихи маңызын осы әдістемелік құралдағыдай орналастырудың дұрыс екендігіне жетелеп әкелуі керек.

Қазақстанның мемлекеттік төуелсіздік алунының халық-аралық маңызын бөлек атап, өзінше мән беріп оқытқан жөн. Бұл жерде оқушылардың назарын аударатын сол уақытқа, кезеңге сай айтылар екі мәселе бар. Олардың біріншісі — Еуразия құрлығында жана демократиялық жолмен өрлеу бағытын үстанған мемлекеттің пайда болуы болса, екіншісі — аумағында атом қаруы орналасқан мемлекет ретінде Қазақстанның әр қадамына әлем саясатшыларының жіті көз тігуі және Қазақстанның атом қаруын таратпау жөніндегі Декларацияға қосылатыны болып табылады.

“Төуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуды” атты төртінші тақырыпшаны шартты турде “Кім жылдам?” деп аталатын ойын түрін (жұмыс түрінін атын басқаша қоюға да болады) жүргізіп түсіндіруге болады. Ол үшін оқушыларға алдымен мына 17-кестені тез толтыру тапсырылады.

17-кесте

**Төуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуды**  
**(1991 жыл, 21 желтоқсан, 17<sup>00</sup> сағат)**

ТМД-ға мүшеболған бұрынғы одактас республикалар	ТМД-ға мүшелікке енбекен республикалар	Ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар жүргізу туралы келісімге кол қойған елдер

Бұған мынадай сұрақтар қосу арқылы тақырыпты толықтыруға болады:

- ТМД-ға бұрынғы Кенес Одағының құрамында болған қандай елдер кірмей қалды?
- ТМД құрылудың маңызы неде?
- ТМД-ның қазіргі күйі қандай?

Үйге: § 51. Кестелерді толтыру.

**§ 52—54. 1993 ЖЫЛҒЫ ЖӘНЕ 1995 ЖЫЛҒЫ  
КОНСТИТУЦИЯ. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ДАМУЫ**

***Сабақтың маңызы.***

Жоғарғы Кеңес, 1993 жылғы Конституция, парламенттің дүниеге келуі, Президенттің өкілдік мерзімінің үзартылуы, 1995 жылғы Конституциясының айырмашылығы мен маңызы туралы және Қазақстан халықтарының Ассамблеясының құрылуы туралы қысқаша мәліметтер беру.

***Сабақтың түрі:*** кездесу сабагы. Ол үшін құқықтану пәні бойынша институттың ғалымдарын шақырып, кездесу сабагын ұйымдастыру.

***Сабақтың әдісі:*** пәнаралық байланыс, яғни тарих сабагын қоғамтану және зан ғылыми мен байланыстыру.

***Сабақтың жемісі:*** алдын ала берілген тапсырмалар бойынша келген қонақтарға сөз беріледі. Олар төмендегі жоспарлар бойынша түсіндіреді:

1) 1993 жылғы және 1995 жылғы Конституциясының айырмашылығы мен маңызы;

2) Қазақстан халықтарының құқықтары мен міндеттері;

3) сайлау жүйесінің енгізілуі және Қазақстан парламентінің құрылу жүйесі;

4) Қазақстан халықтарының Ассамблеясының құрылу тарихы мен маңызы.

***Оқушылардың келген қонаққа қоятын сұрақтары:***

1) Ұштармақты билік жүйесі деген не?

2) Мемлекеттік тәуелсіздікті нығайтатын қандай заңдар мен құжаттар қабылданды?

3) Парламенттік республика мен президенттік республиканың айырмашылығы неде?

4) Қәсіпқой парламент дегенді қалай түсінуге болады?

5) Демократия мен демагогия арасындағы айырмашылық қандай? Осы сұрақтарға келген заңгер ауызша түсінктеме береді.

***Мұғалімнің қорытынды сөзі:*** “Сонымен, балалар, Қазақстанда президенттік-парламенттік басқару жүйесі орнықты. 2007 жылғы 8 тамыздағы кезектен тыс сайлаудың қорытындысы бойынша “Нұр Отан” Халықтық-демократиялық партиясы 88% дауысты жеңіп алды.

2) 2011 жылы мерзімінен бұрын президент сайлауды өткізілді. Осы сайлауда Н.Ә.Назарбаев 95, 55% дауысқа ие болып қайтадан сайланды.

3) 2012 жылдың 16 қантарында парламент сайлауы өткізді. Сайлауга сол кезде тіркеуде болған 7 партия қатысты.

Сайлау қорытындысы бойынша “Нұр Отан” партиясы 80% дауысқа ие болып, женіске жетті. Бұған қоса “Ақжол” және Қазақстан Коммунистік-халықтық партиясы да 7%-дан артық дауыс жинап, ез мүшелерін парламентке өткізді.

Үйге: § 52—54.

## § 55. НАРЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ОРНЫГУЫ

### *Сабактың маңытасы:*

- оқушыларға экономикалық реформалар, нарық және нарықтық қатынастар, нарықтық экономикаға көшудің объективтік қажеттігі туралы мағлұматтар беру; ұлттық валютаны енгізуіндің маңыздылығын ашып көрсету;
- демократизмге тәрбиелеу;
- оқушылардың дүниеге, қоғамға көзқарасын бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып өзін дамытуға үйрету.

### *Сабактың типі:* пәнаралық байланыс сабағы.

*Сабактың өдісі:* сабакты оқушыларды қатыстыра отырып түсіндіру, өз ойларын бүгінгі өмірмен байланыстыра ауызша талдау және негізгі мәселелерін жазғызу тәсілдері көмегімен оқыту.

*Көрнекі құралдар:* өнеркәсіп өнімінің мөлшерін көрсететін кесте; қосымша газет материалы; Президент Н.Назарбаевтың “Қазақстанның егеменді мемлекет ретіндегі қалыптасуы мен дамуының стратегиясы” (“Қазақстан — 2030”) атты халыққа жолдауы.

### *Жаңа сабактың жоспары:*

- а) нарық туралы түсінік;
- ә) нарық — экономиканың негізі;
- б) нарықтық экономикаға көшудің объективтік қажеттілігі;
- в) Қазақстан Республикасындағы экономикалық реформалардың маңызы;
- г) ұлттық валютаның айналысқа енгізілуі.

Жаңа сабакты жоғарыда көрсетілген жоспарлар бойынша түсіндіре отырып, оқушыларға жаңа сөздерді жазғызу және оларды қатыстыра отырып талдау жасау.

*Сабактың барысы.* Сабакты түсіндіру және қорытындылау кезінде мынадай мәліметтер мен деректерге тоқталу

және жазғызу керек: Нарық дегеніміз — өнім шығарушылар мен өнімді тұтынушылардың, сұраным мен ұсыныстың арасындағы қатынас, олардың өзара тығыз байланысы. Нарық — экономикалық өмірдің өзегі және демократияландырудың негізі. Нарық жағдайында мемлекеттік менишік азайтып, ол көп түрлі меншікке айналады. Нарық — адамдарды тиімді еңбек етуге, ынтымаққа, бірлікке бағыттайты, ғылыми-техникалық ілгерілеушілікті одан әрі дамытып, өнімді бәсекеге жетуге ынталандырады. Ілгерілеушілік үрдіс неғұрлым жоғары болған сайын бәсеке жоғарылай түседі, олардың саны көбейіп, тиімділігі артады. Еңбек өнімділігі де арта түседі.

*Мұғалімнің сұрағы: “Нарық жағдайында экономикада қандай өзгерістер болуы мүмкін?”*

*Оқушылардың жауабы.*

**1-оқушы:** “Ең негізгісі қоғамдық менишіктің экономика-дағы үлесі азаяды, аралас меншіктер мен жекеменшіктер пайда болады. Ол үшін меншікті мемлекеттен ажырату, жекешелендіру және дамыту керек. Нарықтың қатынас тауар өндірушілердің дербестігін, шаруашылық бостандығын қамтамасыз етеді. Нарықтың қатынасқа көшу үшін республикада экономикалық реформа жүргізілуі керек.

Жекешелендіруді жүзеге асыру үшін сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық мекемелер, үйлер аукциондар арқылы ұжымдарға, жеке азаматтарға сатылады. Соның нәтижесінде кооперативтер, ұсақ ұжымдар, шеберхана, дүкен менгерушілері пайда болады.

Менишікті мемлекеттен ажырату, жекешелендіру көп түрлі менишікті қалыптастыруға өкелді. Қазір республикамызда көп түрлі, өзара тең менишіктер қалыптаса бастады, жеке кооперативтер, ұсақ, ұжымдық, мемлекетаралық, мемлекеттік шағын кәсіпкерлер, фирмалар, фермерлік, т.б. шаруашылық түрлері көптеп құрылған.

Менишік түріне қарамастан барлық тауар өндірушілерге дербестік, кәсіпкерлік бостандық берілуде. Мемлекет тара-пынан олардың жұмысын араласпауға кепілдік берген”.

**2-оқушы:** “Нарықка көшудегі шешуші фактордың бірі — өнімнің бағасы. Нарықта бағаны мемлекет реттемейді. Өз дербестігін алған әрбір тауар өндіруші өзінің өніміне бағаны өзі қоюға құқылы. Ол үстаним бұзылса, оның дербестігі, ынтасты жойылады. Өкімет жаңынан құрылған антимонополиялық комитет бақылау жұмысын атқарады, баға саясатын реттейді.

Нарықтық қатынастың құрамдас бөлігінің бірі — банк жүйесін реформалау. Республикада ондаған банктер құрылды. Олар мемлекет бақылаудың шығарылып, дербестігін алуда. Сондай-ақ жеке коммерциялық банктер де құрылған. Мемлекет нарыққа қаржы беру, салық, ақшашақаражат, валюталық және кедендік заңдылық арқылы өсер етеді.

Нарыққа өтудің келеңсіз құбылыстары да болады. Оның негізгілері — бағаның шексіз өсуі мен жұмыссыздық. Экономикалық реформада халықтың шеккен зиянын өтеу де қарастырылады, ол бағаның және халыққа қызмет көрсетудің қымбаттауымен, ақшаның құнсыздығымен байланысты.

Сонда қоғамның экономикалық өмірін реттеуші мемлекет емес, нарық болады”.

*Мұғалімнің сұрағы: “Нарық жағдайындағы экономикалық құлдыраудың себебі неде?”*

З-окушы: “Мал шығынының өте көп болуы. Сонымен қатар экспорттың жайы және толем дағдарысының күшіне түсіу. Қазақстан өнеркәсіп өнімдерін нарыққа шығарып пайда таба алмады. КСРО ыдырап кеткеннен кейін Қазақстанның өзіндік құны төмен астығына да сұраныс азайды. 1994 жылы егіс аланы 6 млн га-ға қысқартылды”.

*Сыныпқа тапсырма.* Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстан экономикасында қалыптасқан ахуалын көрсететін кесте сзызып, толтырыңдар.

18-кесте шамамен былай болуы керек.

*18-кесте*

**1991 жылмен салыстырғанда 1992 жылы негізгі өнімдердің азауы**

Өнім шығару	14,8%
Электр қуаты	3,9%
Шойын корыту	5,8%
Темір өндіру	20%

*Мұғалім қорытынды жасайды:* “Олай болса, балалар, экономикадағы бейберекет жағдайдың себептері КСРО-ның ыдырап кетуіне байланысты бұрынғы байланыстардың

үзіліп қалуы, өтпелі кезеңнің киындықтары, экономикадағы бұрмалаушылық, бақылаудың өлсіреуі, сыйбайлас жемқорлықтың етек алуы болды”.

1993 жылы 12 қарашада ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі Төралқасының және Республика Министрлер Кабинетінің бірлескен мәжілісі өткізді, оның шешімі бойынша 15 қарашада ұлттық валюта — тенгені айналысқа енгізу туралы жарлық шықты. Осы сәттен бастап еліміз ұлттық валютасы бар елге айналды. “Бұл Қазақстан мемлекетінің жана кезенге көшкенін дәлелдейді”, — деп түсіндіре келе, мұғалім Н. Назарбаевтың сөзін оқыды: “Мұндай оқиға әр елдің тарихында тек бір-ақ рет болады. Барлығымыз өзіміздің ұлттық валютамызды енгізуіндің қаншалықты қажеттігін және жағдайдағы төтеншіде сипаты мен себептерін түсіне білуіміз керек. Біз ушін оның экономикалық қана емес, саяси маңызы да аса зор”. Сөйтіп, балалар, ұлттық валюта — тенгенің айналысқа енгізілуінің өлеуметтік-рухани маңызы болды. Ұлттық валютаның енгізілуі Қазақстанның халықаралық аренадағы саяси беделінің де көтерілуіне ықпал етті”.

#### Сыныпқа қойылатын бекіту сұрақтары

1. Қазақстан экономикасының ұзак тоқырауға ұшырауының себептері нede?
2. Ұлттық валюта қашан, қандай жағдайда енгізілді?
3. Ұлттық валютаның айналысқа енгізілуінің қандай маңызы болды?

**Үйге тапсырма.** § 55. Ұлттық валюта туралы өнгіме құрастырындар.

Мына ұғымдарға түсініктеме жазу:

- а) төлем дағдарысы;
- ә) дефолт;
- б) ұлттық валюта.

**§ 56-57. ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ  
ОНЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК САЛДАРЫ. ЭКОНОМИКАДАҒЫ ӨРЛЕУ**

#### **Сабактың мақсаты:**

— жекешелендіру үдерісінің кезеңдеріне, барысына, демографиялық және өлеуметтік ахуалдарға түсінік беріп, оқушылардың білімділік дағдысын арттыру; негізгі даталарды оқушылардың берік менгеруін қамтамасыз ету;

- отаншылдық тәрбие;
- материалдың мазмұнын толықтыра отырып, оқушының сезіміне, әмоциясына әсер етіп, оларды толғанысқа тусіріп, ойлау қабілетін арттыру.

*Көрнекі құралдар:* Дүниежүзінің саяси картасы; Қазақстанның физикалық картасы; “Қазақстанда жекеменшік шаруашылықтардың көбеюі” және “Қазақстан халықтарының демографиялық ахуалының өзгеруі” атты кестелер.

*Базалық білімдер:* социалистік қоғам кезіндегі мемлекеттік және жекеменшік; капиталистік қоғамдағы мемлекеттік және жекеменшік, экономиканың дамуы (“Қазақстан тарихы” және “Қазіргі дүниежүзі тарихы”, 9-сынып).

*Тірекұгымдар:* жекешелендіру, оның түрлері, әлеуметтік салдары, демография, демографиялық ахуал.

*Сабактың типі:* іздену сабагы.

*Сабактың әдісі:* сұрақ-жауап әдісі.

*Жаңа сабактың жоспары:*

1. Жекешелендіру.
2. Демографиялық ахуал.
3. Халық тұрмысы.

*Сабактың барысы.* Алдымен мұғалім жекешелендіру туралы түсінік береді, оны оқушылар дәптеріне жазады. Кеңесі кезекте мұғалім “Қазақстанда жекеменшік кәсіпорындардың көбеюі” атты 19-кесте бойынша түсіндіріп, Қазақстан картасынан облыс, қала аттарын көрсетіп, оқушыларға дәптермен жұмыс жасатады. Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы кестелерді (19-20) слайд түрінде көрсету.

19-кесте

#### Қазақстанда жекеменшік кәсіпорындарының көбеюі

Жекешелендіру кезеңдері	Жекешелендірілген нысандар
1	2
1991 жыл, I кезең	3500 кооператив 15000 шағын кәсіпорын 11000 фермерлік және жеке шаруа қожалығы 7000 кәсіпорын, оның 5000-га жуығы сауда және қызмет көрсетуге арналған 160 банк 37 биржа

## *Жалгасы*

1	2
1994 жыл, II кезең	Республика халық шаруашылығындағы жекеменшік сектордың үлесі 90%-ға жетті 500000-га жуық жеке бизнесшілерден тұратын кәсіпкерлер табы құрылды

Жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу үғымдарының анықтамаларын 9-сыныпқа арналған “Адам. Қоғам. Құқық” оқулығынан алу керек.

*Мұғалім:* “Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың “Қазақстан — 2030” атты халыққа жолдауында еліміздің экономикасын реформалаудың негізгі стратегиялық бағыттары анықталған. 7 түрлі бағыттың бірі — экономиканы дамытуда түбектер мен өзгерістер жасау. Қазақстан әлі КСРО-ның құрамында болып тұрған кездің өзінде кооперативтер мен кәсіпорындар туралы, жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу туралы заңдар қабылданды. 1991 жылдың қыркүйегінде “Қазақ КСР-інде 1991—1992 жылдары мемлекеттік меншікті жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу бағдарламасы” жасалып, жузеге асырыла бастады.

Бұл бағдарламаны жүзеге асыру 2 кезеңге бөлінді.

Осы бағдарламаның I кезеңі бойынша жүргізілген жекешелендіру барысында қазақстандықтар есکі мемлекеттік меншікті таратып, жекеменшікті орнықтыра бастады. Қазақстандықтар өздерінің жекеменшік шаруашылықтарын жүргізді: шағын кәсіпорындар, жекеменшік дүкендер, шаштараздар, моншалар, сән ательеци, дөріханалар, емханалар, кафелер, мейрамханалар, т.б. Сондай-ақ ірі компаниялар, фирмалар, акционерлік қоғамдар, әртүрлі фермерлік шаруа қожалықтары құрыла бастады.

Ал II кезеңінде — 1994 жылдан бастап мемлекеттік тұрғын үйлерді жекешелендіру басталды. Республика азаматтары жан басына 100 купоннан алып, оны орта және ірі кәсіпорындар иелерінің біріне қую мүмкіндігіне ие болды. Азаматтардың жекешелендіру купондарын сатып алған акциялары жыл сайын белгілі бір мөлшерде үлес пайда түсіріп тұруға тиіс болды. Бірақ жекешелендіру купондары қағаз күйінде қалып қойды. Үлес пайда қайтарылмады”.

Экономиканы дамытудағы жекешелендіру үдерісін дамыту мұлдем басқаша бағыт алды деп түсіндіре келе, оқушыларға тәмендегідей сұрақтар қойылады.

1. Қазақстан халқының өлеуметтік жағдайы неліктен нашарлады?

*Оқушы жауабы:* “Мемлекет менишігінің азайып, жекеменшіктің орнығуына өкімшілік және құқық қорғау органдарының заңсыз араласуы себеп болды. Бағаның ырықтандырылуына байланысты азық-түлік пен тауар өнімдерінің қымбаттауынан халықтың өлеуметтік түрмисы нашарлап кетті”.

2. Елімізде экономикалық реформаларды жүзеге асыруда қандай қындықтар кездесті?

*Оқушы жауабы:* “Экономиканы күштеп басқарудан нарықтық экономикаға көшу күрделі үдеріс болды. Шаруашылық байланыстарының үзіліүі, тұтынушылық рыноктың баяу дамуы, қағаз ақшалардың құнсыздандануы, халықтың қолында 13 млрд сомның шоғырлануы, өнеркәсіп, аграрлы сектордың тауар өнімін шығарудың тәмендеуі, теміржол көлігінің тасымалдау қолемінің азаюы, т.б. халық түрмисын нашарлатып жіберді”.

*Мұғалім:* “Халқымыздың өлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында Қазақстан шетелдерден қаржы тарту жөнінен ТМД елдері ішінде алдыңғы орында болды. 1998 жылы қантарда “Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету” туралы заңы күшіне енді: “Бұл заңның ерекшелігі республика азаматтары өздерінің енбекақыларынан зейнетақы қорына қаражат аудару арқылы қартайғанда өзін-өзі зейнетақымен қамтамасыз ету мүмкіндігі жасалды” деп қорытындылайды.

*Келесі талдайтынымыз “Демографиялық ахуалдың өзгеруі” туралы.* Бұл мәселе оқушылардың өз бетімен дайындалған мәліметтерін тындал, оны сарапқа салу және сұрақ-жауаптармен талдау арқылы ашылады.

1-*оқушының сөзі:* “XX ғасырдың басынан бастап күшійген сталиндік әміршіл-өкімшіл басқару жүйесі қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін тәжірибелер жасады. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде

Қазақстанды да қамтыды. Қоғамның барлық өмір аяларына түбірлі өзгерістер енгізуге бағытталған тәжірибелердің салдары мынадай болды:

- ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезінде байлар мен ауқатты шаруалар тап ретінде жойылды;
- көшпелі және жартылай көшпелі шаруалар күштеп отырықшыландырылды;
- аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (шаруаларды аяусыз қанау есебінен) жүзеге асырылды;
- қоғамдық өмірдің барлық саласында бір ғана коммунистік идеологияның үстемдігі орнады;
- тоталитарлық режим күшпейді.

Мұндай шаралар халыққа қарсы жүргізілген зиянды саясат болды. Ол халыққа қасіретті зардалтар өкелді”.

2-окушы: “Жаппай ашаршылықтың салдарынан миллиондаған адамдар қырылды, өз атамекенін тастап, басқа жер мен елге көшті, ұлттық тіл мен діннен айырылды, ұлттық мәдениетін жоғалтты. Елдегі орнаған казармалық социализм жергілікті ұлттың демографиялық ахуалын төмендетті”.

Мұғалім “Демографиялық ахуалдың өзгеруі” туралы кестені пайдаланып, оқушылардың жауабын толықтырады: “Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін демографияда үлкен өзгерістер болды. “Қазақстан Республикасының көші-қон туралы” Заңы қабылданды. Демографиялық агенттік құрылды. Көші-қондық жылжу екі бағытта жүргізілді. Оның біріншісі — кезінде республика аумағынан еріксіз кетуге мәжбүр болған жергілікті халық өкілдерінің өз отанына қайтып оралуы. Екінші бағыт — Қазақстанда тұратын басқа ұлт (орыс, украин, белорусь, неміс) диаспоралары өкілдері өздерінің отандарына кете бастауы.

Бұл әрекеттердің мынадай саяси маңызы болды: дербес демографиялық саясат жүзеге асырыла бастады; қазақ халқы қайтадан өз жерінде сандық және үlestік басымдық-қа кол жеткізді; бұл ұлттық, унитарлы мемлекетті дамытуышың басты факторларының бірі болып есептеледі”.

Оқушылар дәптерлеріне 20-кестені сыйып, негізгі басты мәселелерді жазады.

### Демографиялық өзгерістер

1	Республика халқының саны 1997 жылы 190 мың адамға кеміді
2	Туу коэффициенті 19,1-ден 14,7-ге түсті
3	1999 жылғы санақ корытындысы бойынша Қазақстан халқының саны 15 млн-ға жуық, соның ішіндегі казактардың үлесі 53% болды
4	1999 жылдың барлық қазақстандықтардың 55%-ы қалада, 45%-ы ауылда тұрды
5	1997 жылдың 1 шілдеде Қазақстан тұрғындарының ішіндегі қазақ халқының үлесі 50%-дан асты

**Үйге тапсырма.** § 56-57.

### § 58-59. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

#### ***Сабақтың мақсаты.***

Қазақстанның дүниежүзілік қауымдастыққа енуі; сыртқы саясаттағы үстанымдары, Шанхай ынтымақтастығы үйімі; Дүниежүзілік жекелеген мемлекеттерімен байланысы және Ислам ынтымақтастығының күшеюі туралы талдау жасау.

*Сабақтың түрі:* семинар сабағы, яғни сөйлеу сабағы.

*Сабақтың әдісі:* лекция — баяндау, сейлеу.

*Көрнекі құралдар:* Қазақстан және дүниежүзінің саяси карталары; форумға қатысушы мемлекеттер басшыларының кездесу сөті туралы фотосуреттер.

*Жаңа сабақты оқушыларды қатыстыра отырып түсіндіру, дәлелдеу.*

**1-оқушы:** “Сыртқы саясаттағы байланыстар 1991 жылдың 16 желтоқсанынан басталды. Елдің төуелсіздігін 18 ел таныды. Ең алғашқылары Түркия, АҚШ, Қытай, Германия, Пәкстан мемлекеттері болды. Келесі жылдары елімізді 108 мемлекет танып, оның 70-інің дипломатиялық өкілдіктері құрылды. 1992 ж. наурыз айында Қазақстан БҰҰ-ға мүшеболыш қабылданды. Әсіресе көрші елдермен ішкі-сыртқы байланыстардың маңызы өте зор болды”.

**2-оқушы:** “Шанхай ынтымақтастығы үйімі 1996 жылдың 26 сәуірде 5 мемлекет басшылары қатысу барысында

құрылды. ҚХР, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Ресей, Тәжікстан Республикасы басшылары кездесуде Шанхай Үнтымақтастық Ұйымын құрды. Ол Шанхай қаласында етті.

1999 ж. ұзаққа созылған келіссөздердің нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы шекаралық мәселелер туралы шешім қабылданды. Жалпы көлемі 1000 шаршы шақырым болатын даулы жердің 57%-ы Қазақстанға, ал 43%-ы Қытайға берілді. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ресей мемлекетімен мәңгілік достық пен өзара қатынастар туралы декларация қабылданды”.

**3-окушы:** “Қазақстанның жекеленген мемлекеттерімен, әсіресе Түркия, Иран және Үндістанмен байланыс қатынастары күшейді. Бұл келісімдер Қазақстанның ашық теңізге шығуы үшін тиімді болды. Қазақстан үшін Каспий және оңтүстікте Қара теңіз бен Жерорта теңізіне шығу мәселелері өте маңызды. Экономикалық, мәдени байланыстар нығайды”.

**4-окушы:** “КСРО-ның ыдырауына байланысты Қазақстан дамыған Батыс державаларымен қатынастарын нығайта бастады. Дүниежүзіндегі ең қуатты держава — АҚШ және Ұлыбритания, Германия, Франция сияқты мемлекет басшыларымен кездесу нәтижесінде бұл елдермен достық, ынтымақтастық және өзара қатынастарды нығайту туралы шарттар жасалды. Мысалы, “Болашак” бағдарламасы бойынша қазақстандық жастар АҚШ-та, Англияда, Германияда, Францияда білім алып, мәдениет саласын дамытуда. Сонымен қатар Венгрия, Болгария, Чехия, Румыниямен тығыз байланыс орнаған”.

**5-окушы:** “Қазіргі қалыптасқан ахуалда Қазақстанның сыртқы саясатының бағыттары нығая түсті. Қазақстан Азиядағы көптеген елдермен өзара достығын көнектіте түсті. Дүниежүзілік діни өкілдерімен съездер откізу, сауда ұйымдарын құру, лаңкестік пен экстремизмге қарсы күресу туралы іс-шараларға қатысады және бітімгерлік миссияларға белсене араласып, іргелес мемлекеттердің қауіпсіздігін сақтауды көзделген халықаралық ұйымдардың жұмысына үнемі қатысада”.

**6-окушы:** “Қазақстан — ЕҚҰҮ мен ҮҚШҮ-ның мүшесі. Олардың атқаратын қызметі туралы мәліметтер:

а) Қазақстан 2010 жылы Еуропа қауіпсіздігі және ынтымақтастығы үйымына төрағалық етті. Оған мүше 56 мемлекеттің өкілдері 2010 жылы желтоқсанда Астана саммитін өткізді.

**Мұғалім:** “Сонымен, балалар, ЕҚЫГҰ-ның Астана саммиті тарихи оқиға болды. Дүниежүзі қауымдастық алдында Қазақстанның халықаралық беделі арта түсті. Экономика және мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың кеңеюі, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу дүние жүзілік ғаламдық проблемаларды шешу мәселелері талқыланды”.

**7-окушы:** “1992 ж. 15 мамырдан бастап ТМД елдері Ташкентте алғаш үжымдық қауіпсіздік шарты үйымын, яғни УҚШҰ-ны құрды. Бұл үйымға Қазақстан, Қыргызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Украина, Беларусь, Армения мүше. Үйимның құрылудың мәні мынада:

- а) әскери агрессията тойтарыс беру;
- ә) халықаралық лаңқестік пен экстремизмге қарсы күресте арнайы операциялар жүргізу;
- б) есірткіге қарсы курс;
- в) төтенше жағдайлардың зардалтарын жою және көмектер үйымдастыру;
- г) табиғи алаттардың зардалтарын залалсыздандыру”.

Мұғалімнің қорытындылау сөзі: “2011 ж. Қазақстан Ислам ынтымақтастығы үйымына төраға болды. Қазіргі кезде бұл үйымға 1,5 млрд халқы бар 57 ел мүше. Мақсаты — әртүрлі діни үйымдардың достығы мен ынтымақтастығының нығайты, өзара қатынастарды қүшептүзу”.

Үйге: § 58-59. Тест құрастыру.

## § 60-61. ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС

### ***Сабактың мақсаты:***

— қазіргі кезде Қазақстанның мәдениет саласында болып жатқан өзгерістер, рухани саладағы жаңалықтар туралы оқушыларға толық мәліметтер беру;

— эстетикалық тәрбие;

— оқушылардың білімге, ғылымға деген ынтымалықтар арттыру.

***Сабактың типі:*** конференция сабагы.

***Сабактың өдісі:*** топқа бөлу арқылы оқушылардың шығармашылық жұмыс түрлерін талдау.

*Базалық білім:* алдыңғы тарауда баяндалған елдің экономикалық-әлеуметтік, демографиялық дамуы туралы материалдар.

*Тірек ұғымдар:* тарихи сананы қалыптастыру; жаңағылыми басылымдар; ұлы тұлғалардың мерейтойлары; ғылым мен білім саласындағы жетістіктер мен іркілістер.

*Сабактың нәтижесі:* оқушылар тарихи сананы қалыптастыру, жалпы ұлттық татуулық, халықтар тұтастығы, үрпақтар бірлігі мен сабактастығы ұғымдарының мәнін тусянеді; ғылым және білім.

*Көрнекі құралдар:* Президенттің жарлықтары (жылдар туралы), жаңа басылымдар, Абайдың, Жамбылдың, М. Өуезовтің, Қ. Сәтбаевтың портреттері.

Бұл материалды оқушылардың саналы түрде меңгеруі, олардың ойларын ортага салуы үшін сабакты конференция түрінде үйімдастырған дұрыс. Ол үшін оқушыларды 5 топқа бөліп, білімділік шеберліктері мен дағдыларын қалыптастыруга және өз бетімен қосымша іздену жұмыстарын пайдалана білуге үйрету қажет. Сабактың мазмұны қазіргі өнермен тікелей байланысты болғандықтан, оларды пікірталас тудыратын сұрақтар қою арқылы жүзеге асыру тиімді.

*Төмендегідей жұмыс формаларын үйімдастыруға болады:*

1. Кітап көрмесін үйімдастыру: М. Өуезов, Абай, Жамбыл, Қ. Сәтбаев, Н.Ә. Назарбаев.
2. Хронологиялық даталарды жазып, плакатқа ілу.
3. Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері.

*Мұғалім сөзі:* “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алуы бұқаралық сананы өзгертуде, ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғыртуда, тарихи сананы егемендік үдерісінде жаңаша қалыптастыруда зор рөл атқарады. Бұл ретте 1997 жыл президент жарлығымен “Жаппай ұлттық татуулық және саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы”, 1998 жылды “Халықтың тұтастығы мен ұлттық тарих жылы”, 1999 жыл “Үрпақтар бірлігі мен сабактастық жылы”, “2000 жыл “Мәдениет жылы” деп жариялануы өткен тарихтан келешек үшін тәлім алуға, тарихи ақтандактарды өткілеп, бұқаралық сананы көтеру арқылы қоғамның даму жолын қайта зерделеуге септігін тигізді. Тәуелсіз Қазақстанның ғылыми тарихының негізі қалана

бастады. Өткен тарихымызға жаңа көзқарас қалыптастыру мақсатында “Қазақ тарихы”, “Отан тарихы”, “Ақиқат” журналдары шығарылды. 1999 жылы Н.Ә.Назарбаевтың “Тарих толқынында” атты кітабында ұлт пен мемлекеттің өткені мен келешегіне кең көлемде талдау жасалынды”.

Ал екінші, үшінші мәселелер бойынша оқушыларды 4 топқа бөліп, олардың өздеріне сөз беріледі. Әрбір топ іздену арқылы қосымша газет-журнал, тарихи, әдеби материалдардан оқыған ойларын ортаға салып тусіндіреді, дәлелдейді.

**1-топ.** Абай мен Ж.Жабаев — туғанына 150 жыл (өмірі, қызметі, жазған шығармалары).

**2-топ.** М.Әуезов пен Қ.Сөтбаев — туғанына 100 жыл (өмірі, қызметі, жазған шығармалары).

**3-топ.** Мәдениет пен ғылымның дамуындағы іркілістер мен беталыстар туралы.

**4-топ.** “Мәдени мұра” бағдарламасының маңызы мен мәні туралы.

**5-топ.** Мәдениет пен ғылымның дамуындағы жетістіктер және олимпиадалық спорттың дамуы.

Әр топтың мүшелері өздеріне бөлініп берілген тақырып-шалардан әзірленген баяндамалары бойынша сөйлейді. Әр топтың жетекшілері сөйлеген оқушылардың ойларын толықтырып, жетекшілік жасайды.

Ал мұғалім оқушылардың пікірлерін тындай отырып, мынадай мәселелерді атап өтеді: “1997 жылдан бастап қаражат тапшылығын желеу өткен бюджеттік мекемелер онтайланыру (оптимизация) деп аталған солақай саясат жүргізді. Бұл, ең алдымен, мектептерге, балабақшаларға, медициналық мекемелерге, кітапханалар жүйесіне ауыр соққы болып тиді. Соның салдарынан көптеген нысандар (жоғарыда аталған) жабылып қалды. Мәдениет ошактары мүшкіл халге үшінграды.

1998 жылы 28 тамызда республика үкіметінің қаулысымен “Жалпыға бірдей міндетті орта білім қоры” құрылды. Бұл қордың көмегімен мектепті тастав кеткен 21336 оқушы мектеп партасына қайтадан отырды.

1998 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы құрылды. Осы ғылым ордасының тікелей қолға алуымен білім беруге қойылатын қазіргі талаптарға сай келетін төл оқулықтар шығарыла бастады. Сондай-ақ 1997

жылы Республика Парламенті “Білім туралы” заңының өзгерген редакциясын қабылдады. Жаңа заң бойынша негізгі мектепке бару 9-сынып көлемінде аяқталып, 10-, 11-сыныппар бағдарлы мектеп болып жұмыс жасайтын болды.

Алайда өтіп бара жатқан XX ғасырды, өсіреле оның 1917 жылғы Қазан төңкөрісінен кейінгі 76 жылын Қазақстан мен оның халқы үшін босқа өткен кезең деуге болмайды. Бұл туралы республика Президенті “Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын!” деген еңбегінде атап өткен болатын”. Бұл сөздер оқылып, талданады.

*Мұғалім қорытынды жасайды:* “Олай болса, балалар, XX ғасыр қазақ халқы үшін және барша қазақстандықтар үшін үміт пен құдікке, қайшылықтар мен нәтижелері аса ауыр болған түрлі мәндегі куреске толы тарихи кезең болды.

Қазақстан халқы негұрлым білімді, мәдениетті болған сайын, соғұрлым өз Отанына көбірек пайда келтіреді. Адамның білім мен ғылым иесі болып қоймай, оны үрпақ игілігіне жұмсауы — өмір талабы. Сонымен қатар “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы 2004 жылы қабылданды. Бұл бағдарлама Президенттің бастамасы еді. Бағдарламаның мақсаты мынада: Қазақстан тарихының жарқын беттерін қайтадан жазу, ұлттық ойдың, мәдениеттің озық туындыларын жинап, қайта зерделеп, жас үрпактарға тарту ету, өркениетті елдердің мәдениетінің үлгілерін қазақ тіліне аудару жұмыстарын қамту. Ол үшін мемлекет қомақты қаржы бөліп, ұзак мерзімге арналған бағдарламалар жоспарланды.

Осы бағдарламаны жүзеге асырудың I кезеңінде (2004—2006 ж.) ұлттық және дүниежүзілік мәдениет үлгілерін қамтитын 218 том жарық көрді; 35 сөзulet өнер ескерткіштері қалпына келтірілді. АҚШ, Жапония, Түркия, Ресей, Армения, Батыс Еуропа елдерінен 5000-га жуық деректер өкелінді. Сонымен қатар Қазақ мемлекеттігінің тарихи мұражайы, ғылыми кітапханасы; ұлттық дәстүрлер театры, ҚР-ның Президенттік мәдени орталығы мен университет, мектептер ашылуда.

Сонымен қатар Қазақстанда олимпиадалық спорт түрлері дамып келеді. Астанада заманауи мұzsарай; Астана-Арена стадионы; велотрек, трамплин салынды. Сонымен қоса Медеу сырғанақ аланы мен Шымбулактағы таушаңғы орталығы қалпына келтірілді. 2011 жылы 30

қантарда Астанада жабық футбол стадионы салынды. “Азиада—2011” ойындарында Қазақстан спортшылары барлығы 70 медальді жеңіп алды. Олардың ішінде 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медаль бар. Ал 2012 жылы Лондонда өткен XXI жазғы олимпиадаға Қазақстан спортшылары қатысып, 13 медальмен 12-орынды иеленді. Ал Алматыда 2017 жылы 38-қысқы дүниежүзілік универсиада өтетін болады. Ол Қазақстанда студенттік-жастар спортын дамытудың құатты стимулы болуға тиіс.

Сонымен, болашақ жастардікі. Олар XXI ғасырда, өркениетті Қазақстанда өмір сүреді. XXI ғасыр Қазақстан мемлекетінің ғүлдену мен өркендеу ғасыры болуы тиіс. Сөз жоқ, жекетүлғаның, адамның рухани өміріндегі өзгерістер басталады, рухани сана оянады.

XXI ғасыр адамзат тарихындағы ерекше дәуір болуға тиіс. Ол дәуірде адам және халық өзін-өзі танып біліп қана қоймай, өзін сол қоғамның біртұтас бөлшегімін деп сезінуі қажет” деп мұғалім сөзін қорытындылайды.

### Үйге тапсырма. § 60-61.

#### § 62. ЕЛДІН ЖАҢА ОРТАЛЫҒЫ — АСТАНА

##### *Сабактың мақсаты.*

*Білімділік:* байтақ қазақ даласындағы иесі кім екенін алыс пен жақынға танытатын қазақ жерінің кіндігіне Ақордасын тіккен Астана тарихымен таныстыру.

*Дамытушылық:* Астанасына қарап елін таниды дегендей, Астананың мемлекетіміздің биік мөртебесі, жоғары дәрежесі, елдік пен тұтастықтың, бірліктің тұтқасы екендігін таныту.

*Тәрбиелік:* екі ғасыр тоғызында Еуразия құрлығындағы ірі тарихи оқиға болып тарихқа енген жаңа астанамыз — Астана қаласымен мақтануға тәрбиелеу.

*Сабактың түрі:* ашық сабак.

*Сабактың өдісі:* әңгімелеу, тусіндіру.

*Көрнекі құралдар:* буклеттер, карта, Астана суреттері, слайд.

*Жаңа сабак жоспары:*

1. Бозок (Бозұқ) — ортағасырлық қала.
2. Астана — ел мақтанышы.

*Жаңа сабак*. Қазіргі уақытта Астана қаласы — Қазақстанның саяси және мәдени орталығы. Бұл қаланың тарихы көне замандардан басталатынын К.Ақышев бастаған Қазақстан ғалымдары дәлелдеді. Қазіргі Астана қаласының шетінде, Есіл өзенінің солтүстік алқабында ерте ортағасырларда “Бозок” аталатын қала болған. Бұл тарихи ескерткіш Бозоқтың көлінің шығыс жағалауын альп жатыр.

Бозоқ қалашығы солтүстіктен Есіл бойымен, одан Нұра, Қорғалжын, Сарысу арқылы Сырдария бойына, солтүстікке апаратын керуен жолдарының қызылсызында жатты. X—XI ғасырларда пайда болған қалашық Нұра өзенінің Есіл өзеніне жақын іліп келетін жеріне орналасты. Ол екі өзенді, шамамен 40 шақырымдық кеңістік бөліп тұрады. Қала орны жанынан канал, арық түріндегі суландыру жүйесінің құрылышы табылды. Бұл жерде археологиялық қазба жұмыстары 1999 жылдан жүргізілді. Зерттеу барысында қалашықтың құрылышы күйдірілген кірпіштен тұрғызылғаны анықталды. Бозоқ қалашығы X—XII ғасырларда ірі саяси және қолөнер орталығы болған.



*Әскери бекініс* пен қаланың алғашқы бөлігін салу екі жылға созылып, 1832 жылғы 22 тамызда аяқталды. Сол күні Ақмола округі де ресми жарияланып, азан-қазан той өткізді.

*Әлемге әйгілі.*

Әлемдегі ең әсем 100 қаланың қатарында болуымен Астана әлемге танымал болуда.

*Еуразия жүрегі.*

Егемен еліміз Еуропа мен Азияның орталығында орналасқан. Екі құрлықтың жалғастыратын негізгі жолдар елімізден өтеді. Астана екі құрлықтың көпірі секілді жүрегіне айналды.

*Елорда.*

1997 жылы Астана біздің елордамыз болып жарияланды. Елордамыз күннен-күнге көркеюде. Барлық құрылыштарды үлттық деңгейде дамуда.

**Қазақ халқының астаналары.**

*Сығанақ* — Ақорда мемлекетінің, Әбілқайыр хандығының астанасы. Қаланың орналасқан жері Орта Азия мен Дешті қыпшақ арасындағы тоғыз жолдың торабы, саудаға ынғайлы жер болған. Алғашқы қазақ билеушілерінің де астанасы болды.

*Суяб* — 603—704 жылдары Батыс Түрік, Туркеш, Қарлұқ қағанаттарының астанасы. Шу өзенінің бойында орналасқан.

*Сарайшық* — XIV—XVI ғғ. Алтын Орда, Ноғай Ордасы, алғашқы қазақ хандарының астанасы. Жайық өзенінің жағалауында.

*Баласагұн* — 942—1212 жж. Қарахан, Қарақытай мемлекеттерінің астанасы. Шу алқабындағы ежелгі қала.

*Түркістан* — XV—XVII ғғ. Қазақ хандығының астанасы. Түркістан — 4 жолдың торабы, батыс пен шығыс, онтүстікten солтустікке келген керуен жолдарының түйісетін жері. Түркістан — Қазақстанның гүлденген тарихи ескерткіштері көп, саудасы дамыған қалаларының бірі.

## **XX ғасырдағы Қазақстанның астаналары**

Орынбор 1920—1924 жылдары Қазақ АКСР-інің астанасы болды. Ұлы даланы еркін жайлаған ержүрек, төзімді, қазақ үлттының дербес автономиясының дәл іргеде — Орынборда болтуы орыс үлтшылдарын үркіте берді.

*Қызылорда* — ол дәүірде телегей теңіз болып шайқалып ақкан Сырдария өзенінің жағасына орын тепкен ірі бекініс орны. 1925 жылдан 1929 жылдың көктеміне дейін ел астанасы Қызылорда қаласы болды.

*Алматы* — тарихи қала. IX—XII ғғ. көне түрік қағанаттары заманында сауда-саттығы, өнеркәсібі өркендерген қала болды. 1854 жылы Ресей әскери бекінісі ретінде қайта құрылды, 1921 жылға дейін Верный деп аталып келген. 1921—1993 жылдары орысша Алма-Ата деп аталып келді. 1993 жылы өз тарихи атауы Алматы атына ие болды. 1928—1997 жылдары Қазақстанның астанасы болды.

Акорда	2004 жылы ашылған Президент резиденциясы. Акорда мәңгі бар болғай, елімізге сөн болғай!
Үш би	Жоғарғы сот Қенесі алдындағы үш жүздін ұлы билері ел-жүртты аман сақтап қалуға аnt беріскендей.
Кенесары хан	Қазактың соңғы ханы. Ескерткіштің авторы — Ш. Ұєлиханов пен Дағбаев, ескерткіштің биіктігі — 13 м. Ол төуелсіздігімізді женіп алумен қатар қорғай білу керектігін еске салғандай.
“Атамекен этнопаркі”	Этнопарк Қазақстанның картасын бейнелейді. Авторы Тимур Сулейменов
Бәйтерек	Міне, жапырағын жайып тас шынардай бәйтерек түр. Сөүле шашқан алып шары өмір мен мейірім символын өлемге паш етеді. Биіктігі — 97 м, күмбезінің салмағы — 70 т. Авторы — Ақмырза Рұстембеков бастаған топ.

Астана 1997 жылдан елдің орталығына айналды. Ақмола қаласы елдің орталығында орналасқан.

Ақмола атауы — “қасиетті мола” деген мағынада. Қазақ үшін мола, корым, зират, кесене — киелі орын. Ата-бабасы жатқан жерге халық қолын жайып, құран бағыштап, дұға

жасайды. Кезінде айбыны асып, қуаты тасып тұрган ғұндардың тілінде “ақ” — батыс, “мола” — қамал үғымын білдірген. Сонда Ақмола атауы “Батыстағы қала” деген сөз болып шығады.

1. Астана қаласының бұрынғы атауы.  
2. Алғашқы қазак билеушілерінің астанасы.

3. XV—XVII ғғ. Қазақ хандығының астанасы.

4. 1928—1997 жылдары Қазақстанның астанасы.

5. Қазақ АҚСР-інің алғашқы астанасы.

6. Сырдария өзенінің жағасына орын тепкен ірі бекініс.

*Жаңа сабакты бекіту сұрақтары:*

1. Картадан Қазақстанның астанасы болған қалаларды көрсет.

2. Неліктен астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру идеясы пайда болды?

К  
Ы  
З  
Ы  
Л

A	O	O
L	R	R
M	Y	D
A	H	A
T	B	

A	C	T	Y	O
K	Y	U		R
M	F	P		
O	A	K		
L	H	I		
A	A	C		
K	T			
A				
H				

3. Астанадағы маңызды құрылыштар мен гимараттарды, ескерткіштерді ата.

4. Неліктен Астана дүниежүзілік “ЭКСПО — 2017” көрмесін өткізуші қала?

*Астаналарды ретімен жаз:*

1920—1924 жылдар — Астана

1928—1997 жылдар — Қызылорда

1924—1928 жылдар — Алматы

1997 жылдан — Орынбор

**Үйге тапсырма:** § 62. “Астана — Қазақстанның бас қаласы” туралы шығарма жазу.

### **§ 63. Н.Ә. НАЗАРБАЕВ — ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІРІНШІ ПРЕЗИДЕНТІ**

*Сабактың мақсаты.*

*Білімділік:* Қазақстан Республикасы Президентінің атқаратын қызметі, міндеттері, құзыреті туралы түсінік беру; мемлекетіміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өмірінен мағлұмат беру.

*Дамытушылық:* топтық өзіндік жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың құжатпен жұмыс істеу, іздену, өз ойын айту қабілеттерін дамыту. Интерактивті тақтамен жұмыс жүргізу тәртібін үйрету.

*Тәрбиелік:* ел болашағын ойлайтын, халқы үшін еңбек ететін, үлттық санасы, құқықтық мәдениеті қалыптасқан жастарды тәрбиелеу.

*Сабактың түрі:* ізденіс сабак.

*Сабактың әдісі:* баяндау, топтық жұмыс, ойтолғау, картамен, тестпен жұмыс.

*Көрнекі құралдар:* Н.Ә.Назарбаевтың кітаптары, жолдаулар, интерактивті тақта, кестелер, карта.

*Сабактың барысы.*

**I. Үйімдастыру.**

Сыныпты 2 топқа бөлу.

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

Оқушыларға тест таратып, интерактивті тақтадан дұрыс жауабын көрсетіп, өздеріне тексерту. Қатемен жұмыс жасау.

**III. Жаңа сабак.**

*Жоспары:*

1. Қазақстанда президенттік институттың енгізілуі.

2. Қазақстан Республикасы Президенттігіне ұсыну тәртібі.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің қызметі, құзыреті, өкілдігі, құқығы.

Жаңа сабакты қазақ халқының президенттік басқаруға дейінгі тарихына шолу жасаудан бастау.

Қаған

Хан

Патша

Хатшы

Президент

### Интерактивті тақта арқылы:

1. Қазақстан Президенті қызметінің тарихы.
2. Қазақстан Президентіне ұсыну тәртібі.
3. Қазақстан Президентінің өкілдігі.
4. Қазақстан Президентінің құқығы.
5. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың өмірбаяны туралы түсінік беріліп, көрсетіледі.

Жаңа сабак бойынша **2 топқа тапсырма беріледі**. Тапсырманы орындау үшін оқушылар оқулық пен Қазақстан Республикасының Конституациясын пайдаланады.

#### 1-топқа тапсырма:

Президенттің қызметі.

#### 2-топқа тапсырма:

Президент кімдерді қызметке тағайындауды?

#### 1-топтың тапсырманы орындауды:

Мемлекет басшысы.

Мемлекет пен халық атынан сөйлейді.

Ішкі және сыртқы саясатты жүргізеді және басшылық жасайды.

Халық алдында ант қабылдайды.

Парламент қабылдаған зандарға қол қояды.

Жарлықтар мен өкімдер шығарады.

Белгілі жағдайда заң қабылдай алады.

Халықаралық келіссөздер жүргізеді. Халықаралық шарттарға қол қояды.

Үкіметке, жергілікті атқару органдарына тікелей ықпал етеді.

Үкіметтің құрылымын анықтайды.

Үкімет мүшелерінен ант қабылдайды.

Үкіметтің маңызды отырыстарына төрағалық етеді.

Мәжіліске заң жобасын енгізу туралы үкіметке тапсырма береді.

Үкіметтің кейбір шешімдерінің күшін жояды.

Облыстық әкімдердің есебін тындаپ, тапсырма береді.

Парламентті таратып жібере алады.

Жылына бір рет халыққа жолдау жолдайды.

Республиканың мемлекеттік бағдарламаларын бекітеді.


Республиканың азаматтығын бекітеді.

Азаматтарға кешірім жасауды жүзеге асырады.

Қазақстан халықтары Ассамблеясын құрады.

ҚР Президенттің қызметі

## 2-төптың тапсырманы орындауды:



**1-төп** өз тапсырмасын қорғағаннан кейін Елбасымыздың жолдаулары, әсіресе соңғы “Жаңа онжылдық — жана экономикалық өрлеу — Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты жолдауына түсінік беріледі.

**2-төптың** жұмысынан кейін Н.Ә.Назарбаевтың кітаптарымен таныстырып, мұғалім өзі толықтырып отырады.

*Жаңа сөздермен жұмыс:*

**1. Президент** — а) басқарудың республикалық формасындағы елдердің сайланып қойылатын мемлекет басшысы; ә) кейір қоғамдық мекемелердің жетекшісі.

**2. Вето** — а) Ежелгі Рим империясында Рим магистратының өзге магистраттардың жарлықтары мен әрекеттеріне тыйым салуы; ә) мемлекет басшысының заңды орган қабылдаған заң жобасын әрекетке қосудан бас тартуы.

**3. Референдум** — мемлекеттік құқықта сайлаушылар корпусының конституциялық, заңдық және басқа ішкі- сыртқы мәселелер бойынша түпкілікті шешім қабылдауды.

**4. Ратификация** — халықаралық шарттарға заңды күш беру.

#### **IV. Қорытындылау.**

“Уш қоңыр” әні баяу қойылады.

Мемлекетіміздегі жоғарғы лауазым — президенттік қызмет елдің, халықтың үміті мен сенімін, бабалар аманатын арқалаған ең жауапты, ең қызын міндет. Бұл қызметті отаны мен халқын шын сүйетін, ұлттық тілі, тарихы, мәдениетін құрметтейтін, елі үшін отқа түсетін нағыз патриот қана атқара алады.

**Үйге тапсырма: § 63.**

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз .....	3
9-сыныпта Қазақстан тарихын оқытудың кейбір өдіснамалық және әдістемелік мәселелері .....	4
<b>Сабак жоспарларының үлгілері</b>	
§ 1-2. ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан.	
Үлт-азаттық қозғалысының өрлеуі.....	15
§ 3-4. Қазақ халқының 1916 жылғы үлт-азаттық қозғалысы.....	16
§ 5. Буржуазиялық-демократиялық Ақпан революциясы тұсындағы Қазақстан .....	22
§ 6. Қазақстан 1917 жылғы Қазан төңкерісі карсанында .....	26
§ 7-8. Революция кезінде және Кеңес билігінің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы үлттық қозғалыстар .....	30
§ 9. Қазақстанда Кеңес билігінің орнауы .....	32
§ 10-11. Қазақстан шетелдік интервенция және Азамат соғысы жылдарында (1918—1920 жж.) .....	35
§ 12. Қазақтың үлттық мемлекеттігінің қайта қалпына келтирілуі .....	37
§ 13. Жаңа өмірдің қиындықтары .....	39
§ 14. Индустріяландыруға бағыт алу және оның барысы .....	45
§ 15-16. Қазақстандағы индустріяландырудың кейбір ерекшеліктері: жұмысшы табының қалыптасуы, өлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістер (1928—1933 жж.) .....	50
§ 17-18. Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыру .....	54
§ 19-20. 1930 жылдардағы қоғамдық-саяси өмір .....	58
§ 21. Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының құрылуды .....	61
§ 26—28. Қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы .....	62
§ 33. Саяси қысым жағдайында .....	68
§ 35. Экономикалық реформаларға талапының. Өлеуметтік даму ....	72
§ 36. Ауыл шаруашылығының дамуы. Тың игеру .....	76
§ 38. Қоғамдық-саяси өмірдің қайшылықтары .....	81
§ 39. Тоқырау жылдарының идеологиясы және КОКП-ның үлт саясаты .....	84
§ 40. Өнеркәсіпте қалыптасқан жағдай. Экологиялық дағдарыстардың көрініс беруі .....	86
§ 42. Республиканың рухани өмірі: білім және ғылым .....	89
§ 43. Әдебиет және өнер .....	92
§ 44. 1986 жылғы Желтоқсан оқигалары .....	95
§ 45-46. Қоғамды жаңарту шаралары. Демократияландыру үрдісінің жауласуы .....	102
§ 48-49. Тәуелсіздік жолындағы қадам. Егемендік жағдайындағы саяси даму .....	104
§ 51. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы және ТМД-ның құрылуды .....	106
§ 52—54. 1993 жылғы және 1995 жылғы Конституция. Демократиялық үрдістердің дамуы .....	110
	133

§ 55. Нарықтық қатынастардың орнығуы .....	111
§ 56-57. Жекешелендіру үдерісі және	
оның әлеуметтік салдары. Экономикадағы өрлеу .....	114
§ 58-59. Қазақстанның халықаралық жағдайы .....	119
§ 60-61. Тәуелсіздік жағдайындағы мәдени құрылым .....	121
§ 62. Елдің жана орталығы — Астана .....	125
§ 63. Н.Ә. Назарбаев — Қазақстан Республикасының бірінші	
Президенті .....	129

*Учебно-методическое издание*

Турлыгул Тотай Тажиевич  
Адамбосынов Кайрат Жумажанович  
Жукешев Канат Муратбекович  
Карабалина Орынша Жолмуратовна  
Курманбек Сауле Урмековна  
Сауенова Роза Сауеновна

**ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**  
**Методическое руководство**

Пособие для учителей 9 классов общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Третье издание, переработанное

Редакторы Е. Жақыпов  
Көркемдеуші редакторы Б. Еженоғ  
Техникалық редакторы И. Тарапунец  
Корректоры Г. Тұрмаганбетова  
Компьютерде беттеген Г. Әлімшевә

Баспаға Қазақстан Республикасының Білім жөне ғылым  
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы  
7 шілдеде берілген

**ИБ № 3496**

Басуға 21.06.13 қол қойылды. Пішімі 84×108<sup>1/32</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табагы  
7,14. Шартты бояулы беттанұбасы 7,24. Есептік баспа табагы 6,64.  
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №

**“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй**

**Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.**

**Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.**

**E-mail: [mektep@mail.ru](mailto:mektep@mail.ru)**

**Web-site: [www.mektep.kz](http://www.mektep.kz)**